ISSN 3107-3077 (Print)
ISSN 3107-3085(Online)
DOI prefix: 10.47526

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ
AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ

№2 (2), 2026

YASSAWI JOURNAL OF PHILOLOGY

Индекстеледі/Tarama indeksli/ Индексируется/ Scanned indexes:

TURKISTAN 2026

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Журнал «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылғы 12 желтоқсанда тіркеліп, «Мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-басылымдарды есепке қою туралы» №KZ40VPY00136952 куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет. МББ тілі: қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша. Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел.

Журнал 2026 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 3107-3077 (Print), ISSN 3107-3085 (Online).

Журнал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің 2022 жылдың 19 сәуіріндегі №155 бұйрығымен Филология ғылымдары бағыты бойынша Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді.

KURUCU:

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Dergi 12 Aralık 2025 tarihinde «Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve Enformasyon Bakanlığı Bilgi Komitesi» Cumhuriyet Devlet Kurumu tarafından tescil edilmiştir. "Süreli Yayınların ve İnternet Yayınlarının Kaydı Hakkında" KZ40VPY00136952 numaralı kimliği verilmiştir.

Yayın Süresi: 3 ayda 1 defadır. Süreli Basın Yayın Dili: Kazakça, Türkçe, İngilizce ve Rusça. Dağıtım Bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, uzak ve yakın yabancı ülkeler.

Dergi, Ocak 2026'da Paris'teki ISSN Merkezi'nde tescil edildi.

ISSN 3107-3077 (Print), ISSN 3107-3085 (Online).

Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı'nın 19 nisan 2022 tarih ve 155 nolu kararıyla Filoloji bilimler alanında Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı tarafından tavsiye edilen bililmsel dergiler listesine dahil edilmiştir.

УЧРЕДИТЕЛЬ:

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави

Журнал зарегистрирован в Республиканском государственном учреждении «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан» 12 декабря 2025 года.

Выдано свидетельство №KZ40VPY00136952 «О постановке на учет периодических печатных изданий, интернет-изданий».

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца. Язык ППИ: казахский, турецкий, английский, русский. Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье.

Журнал с января 2026 года был зарегистрирован в Центре ISSN в городе Париже.

ISSN 3107-3077 (Print), ISSN 3107-3085 (Online).

Приказом Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 19 апреля 2022 года №155 журнал включен в перечень научных изданий, рекомендуемых Комитетом по направлению Филологические науки.

FOUNDER:

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

The Journal was registered by the Republican State Institution «Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan» on December 12, 2025.

Certificate No. KZ40VPY00136952 "On registration of periodicals and online publications" was issued.

Publication: 1 time in 3 months. Language PPP: Kazakh, Turkish, English, Russian. Territory of distribution: the Republic of Kazakhstan, near and far abroad.

The journal has been registered since January 2026 at the ISSN Center in Paris.

ISSN 3107-3077 (Print), ISSN 3107-3085 (Online).

By the order of the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated April 19, 2022 No. 155, the journal is included in the list of scientific publications recommended by the Committee in the area of Philological Sciences.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

Байрам Булент	- профессор, доктор /Түркия/
Бисенғали З.Қ.	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ергөбек Қ.С.	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ибраев Ш.	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Йылдыз Муса	- профессор, доктор /Түркия/
Манкеева Ж.А.	- ф.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Сағидолда Г.С.	- ф.ғ.д. /Қазақстан/
Сервет Челик	- PhD, доцент /Түркия/
Сердәлі Б.К.	- ф.ғ.к., қауым. профессор /Қазақстан/
Шукурув Е.А.	- PhD, доцент /Өзбекстан/

DANIŞMA KURULU

Bayram Bülent	- Prof. Dr. /Türkiye/
Bissengali Zeynol-Gabden	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Ergöbek Kulbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
İbrayev Şakir	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Yıldız Musa	- Prof. Dr. /Türkiye/
Mankeeva Camal	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Sagidolda Gülgayşa	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Servet Çelık	- Doç. Dr. /Türkiye/
Serdali Bekcigit	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Şukurov Yorkin	- Doç. Dr. /Özbekistan/

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Байрам Бюлент	- профессор, доктор /Турция/
Бисенгали З.К.	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Ергобек К.С.	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Ибраев Ш.	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Йылдыз Муса	- профессор, доктор /Турция/
Манкеева Ж.А.	- д.ф.н., профессор /Казахстан/
Сагидолда Г.С.	- д.ф.н. /Казахстан/
Сервет Челик	- PhD, доцент /Турция/
Сердали Б.К.	- к.ф.н., ассоц. проф. /Казахстан/
Шукуров Е.А.	- PhD, доцент /Узбекистан/

EDITORIAL BOARD

Bayram Bulent	- Professor, Doctor /Turkey/
Bisengali Zeinol-Gabden	- Doctor of Philological Sciences, Professor /Kazakhstan/
Ergobek Kulbek	- Doctor of Philological Sciences, Professor /Kazakhstan/
Ibraev Shakir	- Doctor of Philological Sciences, Professor /Kazakhstan/
Yildiz Musa	- Professor, Doctor /Turkey/
Mankeyeva Zhamal	- Doctor of Philological Sciences, Professor /Kazakhstan/
Sagidolda Gulgaysha	- Doctor of Philological Sciences /Kazakhstan/
Servet Chelik	- PhD, Associate Professor /Turkey/
Serdali Bekzhigit	- Candidate of Philological Sciences, Professor /Kazakhstan/
Shukurov Yorkin	- PhD, Associate Professor /Uzbekistan/

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 81-139; МҒТАР 16.21.21
https://doi.org/10.47526/3107-3085.113

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА[1]✉, Ж.О. МАЗИБАЕВА[2], Т. НУРГАЗИЕВ[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
[2]«Хабар» Агенттігі, Интернет жобалар департаменті
✉e-mail: f_orazbaeva@mail.ru

МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ СӨЗ ҮЙЛЕСІМІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК АСПЕКТІСІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі медиакеңістіктегі коммуникацияның тілдік сапасын айқындайтын маңызды категориялардың бірі – сөз үйлесімі ғылыми тұрғыда талданады. Зерттеудің негізіне алынған ғалым Н. Уәлиев еңбектерінде қарастырылған «сөз жатықтығы» мазмұны қазіргі медиакоммуникация талаптарына сәйкес кеңейтіліп, «сөз үйлесімі» термині арқылы сипатталады. Себебі БАҚ құралдарындағы коммуникация қызметінің, қатысымдық бірліктердің, коммуникациялық фокустың маңыздылығы заманауи технологиялармен қатар күннен күнге артып келеді. Сөз үйлесімі әдеби тіл нормаларын сақтаумен қатар, ойдың қисынды құрылуы, мағыналық тұтастық, сөйлеу мәнерінің табиғилығы және ақпараттың анық әрі түсінікті жеткізілуімен анықталатын кешенді құбылыс ретінде қарастырылады.

Мақалада медиакеңістіктегі коммуникация мен мәтіннің рөлі, медиамәтіннің құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері айқындалып, сөз үйлесімінің медиакоммуникациядағы маңызы көрсетіледі. Сонымен қатар білім беру медиакеңістігіндегі сөз үйлесімінің педагогикалық қыры талданып, оның оқыту үдерісінің тиімділігіне, білім алушының тілдік санасы мен коммуникативтік құзыретінің қалыптасуына әсері баяндалады. Зерттеу нәтижелері медиатіл мәдениетін жетілдіруге және педагогикалық коммуникация сапасын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, мақалада сөз үйлесімін бағалаудың өлшемдері ұсынылып, медиамәтіндерге жүргізілген талдау негізінде нақты мысалдар келтіріледі. Зерттеуде медиаконтент өндірушілеріне арналған практикалық ұсынымдар жасалып, тілдік норманы сақтаудың қоғамдағы ақпараттық мәдениетке ықпалы айқындалған. Зерттеу қорытындылары медиасауаттылықтың дамыту үдерісінде қолдануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: медиакеңістік, коммуникация, сөз үйлесімі, медиамәтін, педагогикалық коммуникация, тіл мәдениеті.

Кіріспе

Медиакеңістіктегі сөз үйлесімінің басты сипаты. Қазіргі қоғамда медиакеңістік қоғамдық коммуникацияның өзекті нысанына айналып, ақпарат алмасу, қоғамдық пікір қалыптастыру және әлеуметтік сананы бағыттау үдерістерінде шешуші рөл атқарып отыр.

**** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Оразбаева Ф.Ш., Мазибаева Ж.О., Нургазиев Т. Медиакеңістіктегі сөз үйлесімінің коммуникативтік аспектісі // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 5-18. https://doi.org/10.47526/3107-3085.113
****Cite us correctly:***
Orazbaeva F.Sh., Mazibaeva Zh.O., Nurgaziev T. Mediakenistiktegi soz uilesiminin kommunikativtik aspektisi [Communicative Aspect of the Semantic and Stylistic Word Combinations in the Media Space] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 5-18. https://doi.org/10.47526/3107-3085.113
Мақаланың редакцияға түскен күні 08.02.2026 / қабылданған күні 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиа платформалар арқылы таралатын мәтіндер тек ақпарат жеткізумен шектелмей, тілдік үлгі қалыптастырушы, коммуникативтік тәжірибені дамытушы әрі тәрбиелік мәні бар құрал ретінде де қызмет етеді. Осыған байланысты медиакеңістікте қолданылатын тілдің сапасы, ойдың логикалық жүйеде берілуі және сөздердің өзара үйлесімділігі ерекше назар аударуды қажет етеді.

Лингвистикада медиамәтіннің сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде «сөз жатықтығы» деген ұғым қарастырылады. Бұл ұғымды ғылыми айналымға енгізіп, оның теориялық негіздерін жүйелеген ғалымдардың бірі – Н. Уәлиев. Ғалым сөз жатықтығын ойдың тілдік құралдар арқылы табиғи, бірізді және түсінікті түрде берілуімен байланыстырып, оны сөйлеу мәдениетінің басты өлшемдерінің қатарына жатқызады [1]. Тілші-ғалым Н. Уәлиевтің тұжырымынша, жатық сөйлеу тек тілдік нормаларды сақтау деңгейімен шектелмей, ақпараттың адресатқа кедергісіз жетуін қамтамасыз ететін маңызды коммуникативтік сапа болып табылады. Алайда қазіргі медиакеңістіктің күрделі құрылымы, коммуникация арналарының сан алуандығы, сондай-ақ ауызша және жазбаша, ресми және бейресми дискурстардың өзара ықпалдасуы сөз жатықтығы ұғымын кеңейтілген қырынан қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда сөз жатықтығы негізінде қалыптасатын, бірақ мазмұны мен қызметі жағынан ауқымдырақ «сөз үйлесімі» ұғымын ғылыми тұрғыдан зерделеу өзекті болып отыр. Осы зерттеуде көрнекті ғалым Н. Уәлиев негіздеген сөз жатықтығы тұжырымы теориялық тірек ретінде алынып, ол қазіргі медиакеңістік жағдайында сөз үйлесімі ұғымы аясында дамытылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу материалы ретінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар алынды. Медиамәтіндерді іріктеу барысында мәтіннің прагматикалық ықпалы, бағалауыштық сипаты, сөз үйлесімінің экспрессивтік әлеуеті және вербалды-визуалды компоненттердің қатар қолданылуы біртұтас жүйе ретінде сипатталады. Талдау дискурстық және прагматикалық әдістер арқылы жүзеге асып, визуалдық жарияланымдардағы мәтіннің мағыналық сәйкестігін анықтау үшін мультимодальды талдау әдісі қолданылады.

Сөз үйлесімі – тілдік нормаларды сақтай отырып, ойды сауатты әрі көркем жеткізумен ғана шектелмейді. Ол – мағыналық тұтастық пен логикалық құрылымды қамтамасыз ететін кешенді құбылыс. Ол сөйлеу кезінде қолданылатын тілдік бірліктердің өзара бір-бірімен байланысын, берілген ақпараттың анық әрі түсінікті болуын көздейді. Бұл ұғым жазбаша медиамәтіндерге ғана емес, ауызекі сөйлеу тіліне, күнделікті коммуникацияға және педагогикалық дискурсқа да тікелей қатысты. Медиакеңістіктегі сөз үйлесімі мәселесін талдауда коммуникация теориясының қағидалары маңызды орын алады. Коммуникация ақпарат жіберуші мен қабылдаушы арасындағы мағыналық өзара әрекет ретінде сипатталады. Осы үдерісте мәтін негізгі байланыстырушы құрал қызметін атқарады. Егер мәтіндегі сөздер логикалық жүйеде, мағыналық үйлесімде қолданылса, коммуникация тиімді жүзеге асады. Ал сөз үйлесімі сақталмаған жағдайда ақпараттың мазмұны көмескіленіп, түрлі коммуникативтік кедергілердің туындауына әкеледі. Қазіргі медиакеңістікте мәтіннің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Қысқа форматтағы жаңалықтар, әлеуметтік желілердегі жазбалар мен мультимедиалық контенттер ақпаратты жедел әрі ықшам түрде жеткізуді талап етеді. Мұндай жағдайда сөз үйлесімі мәтін көлемімен емес, мағыналық тығыздығымен, ойдың дәлдігімен және адресатқа әсер ету күшімен өлшенеді. Осы себепті сөз үйлесімі медиамәтіннің коммуникативтік тиімділігін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады. Педагогикалық тұрғыдан сөз үйлесімінің медиакеңістіктегі рөлі ерекше. Қазіргі оқушылар мен студенттер ақпараттың басым бөлігін медиа арқылы қабылдайды. Сондықтан медиамәтіндердегі сөз қолданысы, ойды жеткізу тәсілдері мен сөйлеу мәнері білім алушылардың тілдік санасына, коммуникативтік дағдыларына және сөйлеу мәдениетіне тікелей ықпал етеді. Егер медиакеңістікте мағыналық тұрғыдан үйлесімді, жүйелі әрі түсінікті мәтіндер басым болса, бұл білім беру үдерісінің тиімділігін

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, сөз үйлесімі ұғымы медиакеңістікті зерттеуде тек лингвистикалық емес, сонымен қатар педагогикалық, коммуникативтік және әлеуметтік қырларымен де маңызды. Ол ойдың жатық берілуін, мәтіннің түсініктілігін және коммуникацияның нәтижелілігін қамтамасыз ететін кешенді категория ретінде танылады.

Сөз үйлесімі және медиадискурс теориясы. Қазіргі медиакеңістікті медиадискурс ұғымынсыз толық әрі жүйелі түрде сипаттау мүмкін емес. Медиадискурс бұқаралық ақпарат құралдары мен цифрлық медиа платформалар аясында жүзеге асатын, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық және тілдік факторлардың өзара тоғысында қалыптасатын күрделі коммуникациялық құбылыс ретінде анықталады. Бұл тұрғыда медиадискурс тек мәтіндер жиынтығы емес, белгілі бір әлеуметтік контекске, адресаттың қабылдау ерекшеліктеріне және нақты коммуникативтік мақсаттарға тәуелді дискурстық практика болып табылады [2; 3].

Талдау мен нәтижелер

Медиадискурс теориясында тілдің функционалдық сипатына айрықша мән беріледі. Ақпарат беру, ықпал ету, бағалау және интерпретациялау функциялары медиамәтіннің құрылымын айқындап, оның мазмұнына тікелей әсер етеді. Аталған функциялардың жүзеге асуы сөз үйлесімімен тығыз байланысты. Яғни медиадискурста қолданылатын тілдік бірліктердің өзара байланысы, сөйлемдердің логикалық бірізділігі мен мағыналық тұтастығы коммуникацияның нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда сөз үйлесімі медиадискурстың ішкі ұйымдастырушы тетігі ретінде көрінеді. Автор тұжырымдары нақты тілдік қолданыстар арқылы күшейтіледі: ресми медиамәтіндердегі «мәселе қаралды», «тапсырма берілді» сияқты құрылымдар логикалық бірізділікті сақтаса, «күтпеген жетістік пен үлкен жауапсыздық қатар орын алды» сияқты қарама-қайшы бағалауыш тіркестер мағыналық тұтастықты бұзады. Сонымен қатар «Қысқасы, жағдай былай…» тәрізді ауызекі құрылымдар мәтіннің прагматикалық әсерін арттырғанымен, ақпараттық нақтылықты кейінге ысыратыны байқалады. Мұндай мысалдар сөз үйлесімінің медиадискурста тек теориялық емес, нақты коммуникативтік сапаны айқындайтын категория екенін дәлелдейді. Дискурс теориясы мәтінді статикалық құрылымнан гөрі динамикалық үдеріс ретінде қарастырады. Медиамәтін белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында қабылданып, адресат тарапынан қайта интерпретацияланады. Бұл үдерісте сөз үйлесімі мәтіннің мағынасын тұрақтандырып, оны қабылдауды жеңілдететін маңызды факторға айналады. Егер медиадискурста тілдік элементтер арасындағы байланыс әлсіз болса, адресаттың мәтінді түсінуі күрделеніп, коммуникативтік мақсат толық жүзеге аспайды [4].

Сөз үйлесімінің медиадискурстағы маңызы прагматикалық тұрғыдан да айқын байқалады. Прагматикада тілдік таңбалардың қолданылу жағдайы, олардың адресатқа әсері және коммуникативтік ниетпен байланысы негізгі назарда болады. Медиамәтінде сөздердің орынды әрі үйлесімді қолданылуы ақпараттың сенімділігін арттырып, аудиторияның назарын сақтауға мүмкіндік береді. Ал сөз үйлесімінің бұзылуы кей жағдайда манипулятивтік ықпалдың күшеюіне немесе ақпараттың бұрмаланып қабылдануына алып келуі мүмкін [5]. Соңғы жылдардағы медиалингвистикалық зерттеулерде дискурстың прагматикалық құрылымы мен лексикалық мағынаның өзара байланысы ерекше қарастырыла бастады. Мәселен, медиадискурстағы бағалауыштық бірліктер мен фреймдік құрылымдардың аудитория қабылдауына ықпалын талдаған еңбектерде сөз үйлесімінің прагматикалық әлеуеті ақпараттық позициялау мен идеяны бағдарлау құралы ретінде сипатталады [6; 7].

Цифрлық медиада алгоритмдік іріктеу мен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген сайын, сөз үйлесімі тек стилистикалық категория емес, аудиторияны сегментациялау және эмоциялық әсер тудыру тетігіне айналып отыр. Зерттеулерде медиамәтіндердегі каллокациялық модельдердің когнитивтік байланысы, сондай-ақ эмоциялық реңктің аудитория сеніміне әсері кеңінен талданады [8]. Бұл еңбектер сөз үйлесімінің

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

медиадискурста ақпаратты «қауіп», «дағдарыс», «жаңару» секілді концептуалдық өрістер арқылы құрылымдауға қатысатынын көрсетеді.

Қазіргі цифрлық медиадискурста визуалды, аудиалды және вербалды компоненттердің бірлігі айқын көрініс табады. Мультимодальды коммуникация жағдайында сөз үйлесімі тек мәтін ішіндегі тілдік байланыспен ғана шектелмей, визуалды элементтермен мағыналық сәйкестікте қарастырылады. Г. Кресс атап өткендей, қазіргі коммуникацияда мағына бірнеше семиотикалық жүйенің өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасады [9]. Осы жағдайда сөз үйлесімі мәтіннің өзге компоненттерімен үйлесімділігін қамтамасыз ететін интегративті категория ретінде сипатталады.

Сөз үйлесімі мен медиадискурс арасындағы байланыс мәдени факторлармен де тығыз сабақтас. Әрбір қоғамның тілдік дәстүрі, коммуникативтік нормалары және сөйлеу этикасы медиамәтіннің құрылымына ықпал етеді. Қазақ медиакеңістігінде ұлттық тіл мәдениеті, сөз саптау дәстүрі және публицистикалық стильдің ерекшеліктері сөз үйлесімінің өзіндік үлгісін қалыптастырады [10; 11]. Осы себепті медиадискурста сөз үйлесімін зерттеу ұлттық тілдің қазіргі қызметін пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар медиадискурс әлеуметтік билік пен идеологияны жеткізудің маңызды құралы ретінде де танылады. Фольклорлық архетиптер мен символдар ұлттық сананың терең қабаттарында орныққан мағыналық модельдер ретінде қазіргі медиамәтіндерде де қайта жаңғырып, ұлттық бірегейлікті танытудың тетігіне айналады. Бұл тұрғыда медиамәтін тек ақпарат жеткізуші құрал емес, мәдени жады мен ұжымдық психиканы репрезентациялайтын дискурстық кеңістік ретінде қарастырылады [12]. Н. Фэрклоудың сыни дискурс талдауы тілдің қоғамдағы ықпал ету тетіктерін ашып көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда сөз үйлесімі тек лингвистикалық сапа ғана емес, белгілі бір идеяны тиімді жеткізудің амалы ретінде көрінеді [2]. Медиамәтіндегі сөздердің өзара байланысы адресат санасында белгілі бір көзқарастың қалыптасуына әсер етеді. Яғни сөз үйлесімі медиадискурс теориясының негізгі ұғымдарының бірі ретінде медиакеңістіктегі коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз етеді. Ол медиамәтіннің құрылымдық бірізділігін, мағыналық тұтастығын және прагматикалық әсерін күшейтеді. Осы тұрғыдан сөз үйлесімін медиадискурс аясында зерделеу қазіргі медиалингвистиканың өзекті бағыттарының бірі болып табылады және бұл мәселе алдағы бөлімдерде функционалдық әрі педагогикалық қырынан тереңірек талданатын болады.

Ресми жаңалық мәтіндерінде («Үкімет отырысында әлеуметтік мәселелер талқыланды», «Президент өңірлерді дамытуға қатысты тапсырма берді») сөздердің логикалық байланысы сақталып, ақпараттың жүйелі қабылдануына жағдай жасайды, ал әлеуметтік желілердегі «Бұл жағдай ешкімді бейжай қалдырмайды», «Елді дүр сілкіндірген оқиға» сияқты құрылымдарда эмоциялық реңк басым болып, мағыналық нақтылық әлсірейді. Осындай қарама-қарсы қолданыстар медиакоммуникация сапасына тікелей әсер етеді.

Қазіргі медиакеңістіктегі коммуникация және мәтіннің рөлі. Қазіргі медиакеңістік қоғамдағы коммуникациялық үдерістердің негізгі алаңына айналды. Ақпарат алмасу тек дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен шектелмей, интернет-басылымдар, әлеуметтік желілер, мультимедиалық платформалар арқылы жүзеге асуда. Мұндай ортада коммуникацияның сипаты өзгеріп, ақпараттың берілу жылдамдығы, форматы және қабылдану ерекшеліктері жаңаша сипат алды. Осы өзгерістер медиакеңістіктегі мәтіннің рөлін қайта пайымдауды талап етеді.

Коммуникация теориясы тұрғысынан қарастырғанда, мәтін – адресант пен адресат арасын байланыстырушы құрал. Медиакеңістікте мәтін тек ақпарат жеткізу қызметін атқарып қоймай, белгілі бір көзқарасты қалыптастыруға, қоғамдық пікірге ықпал етуге және әлеуметтік құндылықтарды орнықтыруға қатысады. Сондықтан медиамәтіннің сапасы оның мазмұнымен қатар, тілдік бірліктерді ұйымдастыру құрылымымен, ойдың берілу жүйелілігімен, яғни сөз үйлесімімен тығыз байланысты.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Қазіргі медиакоммуникацияның басты ерекшелігі – көпарналы және қысқа форматтағы мәтіндердің басым болуы. Жаңалық таспалары, әлеуметтік желідегі жазбалар, тақырыпшалар мен хабарламалар ықшам әрі жедел қабылдануға бағытталады. Мұндай жағдайда сөз үйлесімі ақпараттың толық әрі дұрыс түсінілуін қамтамасыз ететін маңызды факторға айналады. Егер мәтінде ой шашыраңқы беріліп, сөздер мен сөйлемдер арасында логикалық байланыс әлсіз болса, коммуникацияның тиімділігі төмендейді.

Медиакеңістіктегі мәтіннің тағы бір маңызды қызметі – мағыналық тұтастықты сақтау. Мәтіннің құрылымдық бірізділігі, ойдың кезең-кезеңімен дамуы және тілдік бірліктердің үйлесімді қолданылуы ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді. Бұл тұрғыдан алғанда сөз үйлесімі медиамәтіннің коммуникативтік әлеуетін арттыратын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар медиакоммуникацияда адресаттың ерекшелігі ескерілуі тиіс. Әртүрлі әлеуметтік топтар, жас ерекшелігі мен тілдік дайындығы әрқилы аудитория мәтінді әртүрлі қабылдайды. Сондықтан медиамәтін авторы ақпаратты барынша түсінікті, анық және үйлесімді түрде ұсынуға ұмтылуы қажет. Бұл талап медиакеңістіктегі сөз үйлесімінің функционалдық сипатын айқындайды.

Қазіргі медиада жиі кездесетін проблемалардың бірі – эмоционалды-экспрессивті элементтердің шамадан тыс қолданылуы. Назар аударту мақсатында қолданылатын бағалауыш сөздер, клишелер мен жаргон элементтері кей жағдайда мәтіннің мағыналық айқындығын әлсіретіп, сөз үйлесімін бұзады. Мұндай үрдіс медиакоммуникацияның сапасына кері әсер етіп, ақпараттың дұрыс қабылданбауына әкелуі мүмкін.

Осылайша, қазіргі медиакеңістіктегі коммуникацияның тиімділігі мәтіннің құрылымына, логикалық жүйелілігіне және сөз үйлесімінің сақталуына тікелей байланысты. Мәтін медиакоммуникацияның негізгі өзегі ретінде ақпараттың мазмұнын ғана емес, оның қабылдану сапасын да анықтайды. Ал бұл мәселе келесі бөлімде педагогикалық қырынан қарастырылады.

Медиамәтіндегі сөз үйлесімінің прагматикалық қырлары. Қазіргі медиакеңістіктегі коммуникацияны прагматикалық тұрғыдан талдау медиамәтіннің адресатқа бағытталуын, оның ықпал ету әлеуетін және қабылдану ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Прагматикада мәтіннің мазмұны ғана емес, оның қандай мақсатпен, қандай жағдайда және қандай аудиторияға арналғаны басты назарда болады. Осы тұрғыдан алғанда сөз үйлесімі медиамәтіннің прагматикалық тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі тілдік механизмдердің бірі болып табылады [13; 3].

Медиамәтіндегі сөз үйлесімі, ең алдымен, коммуникативтік ниетпен тікелей байланысты. Ақпарат беру, сендіру, бағалау немесе эмоциялық әсер ету сияқты мақсаттар тілдік құралдардың таңдалуына әсер етеді. Егер сөздер мен сөйлемдер адресаттың танымдық деңгейіне сай, логикалық бірізділікпен және мағыналық тұтастықта қолданылса, мәтіннің прагматикалық әсері күшейеді. Ал ойдың шашыраңқы берілуі немесе орынсыз экспрессивтіліктің басым болуы медиамәтіннің қабылдануын қиындатады [4].

Қазақ медиакеңістігіндегі жаңалық мәтіндерін мысалға алсақ, ресми ақпарат құралдарында сөз үйлесімінің сақталуы ақпараттың сенімді қабылдануына ықпал етеді. Мәселен, ақпараттық порталдардағы «Үкімет отырысында әлеуметтік мәселелер талқыланды» немесе «Президент өңірлерді дамытуға қатысты тапсырма берді» сияқты тақырыпшаларда сөздердің логикалық байланысы мен мағыналық айқындығы сақталған. Мұндай медиамәтіндерде сөз үйлесімі ресми стиль талаптарына сай қалыптасып, ақпаратты бейтарап әрі түсінікті жеткізеді [11].

Әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалардағы медиамәтіндерде прагматикалық мақсат көбінесе назар аударту мен эмоциялық әсер етуге бағытталады. Бұл жағдайда сөз үйлесімі кейде саналы түрде бұзылады. Мысалы, қазақ тіліндегі әлеуметтік желі жазбаларында жиі кездесетін «Бұл жағдай ешкімді бейжай қалдырмайды!», «Елді дүр

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

сілкіндірген оқиға» сияқты клишелер экспрессивтілікке құрылғанымен, ақпараттың нақты мазмұнын көмескілендіреді. Мұндай қолданыстар сөз үйлесімінің прагматикалық тұрғыдан әлсіреуіне әкеліп, адресаттың ақпаратты сын тұрғысынан қабылдауына кедергі келтіреді [5].

Телевизиялық медиамәтіндерде, әсіресе жаңалық жүргізушілерінің сөйлеуінде сөз үйлесімі ауызекі және жазбаша дискурстың тоғысында көрінеді. Жүргізушінің мәтінді табиғи интонациямен, логикалық екпіндерді сақтай отырып жеткізуі сөз үйлесімінің сақталуына ықпал етеді. Қазақ телевизиясындағы ақпараттық бағдарламаларда («Хабар», «Qazaqstan» телеарналары) ресми жаңалық тілінің қалыптасқан үлгілері сөз үйлесімінің салыстырмалы түрде тұрақты екенін көрсетеді. Алайда кейбір ойын-сауық немесе ток-шоу форматындағы бағдарламаларда сөйлеу мәнерінің бейберекет қолданылуы сөз үйлесімін әлсіретіп, мағыналық тұтастықты бұзуы мүмкін [10]. Прагматикалық тұрғыдан сөз үйлесімі медиамәтіндегі бағалауыш элементтердің орынды қолданылуымен де тығыз байланысты. Себебі, «прагматика тілді қолданыс үстінде қарастырады. Ол айтылым мен коммуникативтік жағдаяттың арақатынасына, сөйлеушінің ниеті мен тыңдаушының интерпретациясына назар аударады» [15; 415-б]. Қазақ медиамәтіндерінде бағалауыш сын есімдер мен эмоциялық реңкі бар сөздердің шамадан тыс қолданылуы жиі байқалады. Мысалы, «аса маңызды», «теңдессіз», «тарихи шешім» сияқты тіркестер нақты дәлелмен негізделмеген жағдайда прагматикалық әсерін жоғалтады. Бұл сөз үйлесімінің формалды түрде сақталғанымен, мазмұндық тұрғыдан әлсіреуіне алып келеді. Сонымен қатар медиамәтіндегі сөз үйлесімі адресаттың мәдени және тілдік тәжірибесіне сай құрылуы тиіс. Қазақ аудиториясына арналған медиамәтіндерде ұлттық дүниетанымға, дәстүрлі сөз саптау үлгілеріне сәйкес келетін тілдік құрылымдардың қолданылуы ақпараттың қабылдануын жеңілдетеді. Мәселен, публицистикалық мәтіндерде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің орынды қолданылуы сөз үйлесімін күшейтіп, мәтіннің прагматикалық әсерін арттырады [16]. Жалпы алғанда, медиамәтіндегі сөз үйлесімінің прагматикалық қырлары оның адресатқа әсер ету әлеуетін айқындайды. Сөздердің өзара байланысы, логикалық жүйелілік және мағыналық тұтастық сақталған жағдайда медиакоммуникация тиімді жүзеге асады. Ал прагматикалық мақсат пен тілдік форма арасындағы үйлесім бұзылған кезде медиамәтін өзінің негізгі қызметін толық орындай алмайды. Сондықтан сөз үйлесімін медиамәтіннің прагматикалық деңгейінде талдау қазіргі медиалингвистикалық зерттеулер үшін маңызды бағыт болып табылады.

Цифрлық медиадағы сөз үйлесімінің ерекшеліктері. Қазіргі медиакеңістіктің ең серпінді бөлігі – цифрлық медиа. Әлеуметтік желілер, блог-платформалар, подкасттар мен бейнехостингтер ақпарат тарату ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі алаңына айналды. Бұл ортада коммуникацияның жылдамдығы мен интерактивтілігі артқан сайын мәтіннің тілдік ұйымдасуына, әсіресе сөз үйлесіміне қойылатын талаптар да өзгере түсуде. Цифрлық медиада сөз үйлесімі дәстүрлі публицистикалық мәтіндермен салыстырғанда икемдірек сипатта көрінгенімен, оның коммуникативтік тиімділігі дәл осы үйлесімнің сақталуымен анықталады [9; 3].

Цифрлық медиамәтіндердің басты ерекшелігі – қысқа формат пен адресатқа тікелей бағытталу. Әлеуметтік желідегі жазбалар көбіне ықшам, эмоциялық және бейресми стильде беріледі. Мысалы, қазақ тіліндегі жаңалық пабликтерінде жиі кездесетін «Бүгін елді елең еткізген жаңалық», «Оқиғаның мән-жайы белгілі болды» сияқты тақырыпшалар назар аудартуға бағытталғанымен, кей жағдайда ақпараттың нақты мазмұнын кейінге ысырады. Мұндай құрылымдарда сөз үйлесімі эмоциялық реңкті күшейтуге қызмет етеді, алайда логикалық айқындық әлсіреуі мүмкін [5].

Қазақ медиакеңістігіндегі Instagram және Facebook платформаларында сөз үйлесімі көбіне ауызекі сөйлеу тіліне жақын қалыптасады. Мысалы, блогерлік жазбаларда «Қысқасы, жағдай былай…», «Негізі бұл мәселе бәрімізге қатысты» сияқты кіріспе құрылымдар жиі қолданылады. Бұл тіркестер аудиториямен жақын қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік бергенімен, мәтіннің ақпараттық тығыздығын төмендетуі ықтимал. Осы жағдайда сөз

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

үйлесімі логикалық жүйелілік пен сөйлеу табиғилығы арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тиіс [13]. YouTube және подкаст форматындағы қазақ тіліндегі медиаконтентте сөз үйлесімі ауызша дискурстың заңдылықтарымен тығыз байланысты. Контент авторлары көбіне экспромтқа негізделген сөйлеу үлгісін қолданады. Мысалы, подкасттарда кездесетін «Енді келесі мәселе туралы айтсақ», «Осы жерде бір нәрсені нақтылап алайық» сияқты байланыстырушы құрылымдар сөз үйлесімін сақтауға көмектеседі. Ал ойдың жүйесіз берілуі, тақырыптан тақырыпқа кенет ауысу тыңдаушының ақпаратты қабылдауын қиындатады [4].

Цифрлық медиада сөз үйлесімінің бұзылуы көбіне клиптік ойлау мен алгоритмдік талаптардың ықпалынан туындайды. Қысқа бейнелер мен жылдам контент тұтыну жағдайында авторлар кейде сөздердің логикалық байланысынан гөрі эмоционалды әсерге басымдық береді. Қазақ тіліндегі қысқа бейнероликтерде («Reels», «Shorts») жиі қолданылатын «Сен бұны білдің бе?», «Мынаны көріп шок болдым» сияқты құрылымдар прагматикалық тұрғыдан тиімді болғанымен, мағыналық тұтастықты әлсіретуі мүмкін [9]. Сонымен қатар цифрлық медиада сөз үйлесімі мультимодальды сипат алады. Мәтін визуалды бейне, музыка және графикалық элементтермен бірлікте қабылданады. Қазақ тіліндегі жаңалық бейнетаспаларында титрлер мен дыбыстық мәтін арасындағы сәйкессіздік сөз үйлесімінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Мәселен, бейнетаспада бір ақпарат беріліп, титрде басқа мағынадағы сөз тіркесі қолданылса, адресатта түсінбеушілік туындайды. Бұл жағдай сөз үйлесімінің тек тілдік емес, семиотикалық деңгейде де қарастырылуы қажет екенін көрсетеді [3]. Цифрлық медиадағы сөз үйлесімінің тағы бір маңызды қыры – тілдік норма мен бейресми қолданыстың арақатынасы. Қазақ медиаконтентінде ауызекі сөздер, жаргон элементтер мен қысқартулар жиі кездеседі. Егер олар мәтіннің коммуникативтік мақсатына сай және орынды қолданылса, сөз үйлесімін бұзбайды. Ал шамадан тыс қолдану медиамәтіннің тілдік сапасын төмендетіп, ақпараттың ресми қабылдануына кедергі келтіреді [10]. Қорыта айтқанда, цифрлық медиадағы сөз үйлесімі коммуникацияның жылдамдығы мен интерактивтілігі жағдайында ерекше мәнге ие. Ол ақпараттың қысқа форматта берілуіне қарамастан, мағыналық тұтастық пен логикалық жүйелілікті сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ медиакеңістігіндегі цифрлық контентті талдау сөз үйлесімінің қазіргі қолданыс аясын айқындап, медиатіл мәдениетін жетілдіру жолдарын анықтауға негіз болады [11].

Медиасауаттылық және сөз үйлесімі. Қазіргі медиакеңістікте ақпараттың көлемі мен таралу жылдамдығы артқан сайын медиасауаттылық мәселесі өзектене түсуде. Осы тұрғыдан келгенде, медиасауаттылық пен сөз әдебі жан-жақты зерттелуде [16] Медиасауаттылық ізденушінің тек ақпаратты табу және пайдалану қабілетін ғана емес, медиамәтіннің мазмұнын, құрылымын және тілдік-қатысымдық бірліктерді сын тұрғысынан талдай алу дағдысын да қамтиды. Ғылыми еңбектерде сөз үйлесімі медиасауаттылықтың маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады, себебі мәтіндегі сөздердің өзара байланысын түсіну ақпараттың мағынасын дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді [5; 4]. Медиасауатты аудитория медиамәтіндегі ойдың логикалық жүйелілігіне, мағыналық тұтастығына және тілдік нормалардың сақталуына назар аударады. Қазақ медиакеңістігінде бұл мәселе әсіресе әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларда айқын көрінеді. Мысалы, жаңалық сайттарындағы тақырыпшаларда «Жағдай ушығып барады», «Бұл не масқара?» сияқты эмоциялық реңкі басым құрылымдар жиі кездеседі. Мұндай қолданыстар назар аудартқанымен, нақты ақпаратты екінші кезекке ысырып, сөз үйлесімін әлсіретеді [11].

Медиасауаттылық пен сөз үйлесімі арасындағы байланыс медиамәтіннің манипулятивтік әлеуетін анықтауда да маңызды. Сөздердің орынсыз тіркесуі, логикалық байланыстардың әдейі бұзылуы кей жағдайда аудиторияның эмоциясына әсер етуге бағытталады. Қазақ тіліндегі кейбір онлайн мақалаларда бір оқиғаға қатысты қарама-қайшы бағалауыш сөздердің қатар қолданылуы («жауапсыздық салдары», «күтпеген жетістік») мәтіннің мағыналық тұтастығын бұзып, ақпаратты біржақты қабылдауға итермелейді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Мұндай жағдайды медиасауатты оқырман сөз үйлесімінің бұзылуы арқылы аңғара алады [2]. Қазақ медиамәтіндерінде медиасауаттылықтың төмен деңгейі көбіне тілдік нормалардың сақталмауымен ұштасады. Әлеуметтік желідегі жаңалық парақшаларында кездесетін грамматикалық қателер, сөйлемдердің аяқталмай қалуы немесе ойдың кенет үзілуі сөз үйлесімін әлсіретеді. Мысалы, «Министрлік бұл жағдайға қатысты айтты, бірақ…» деп аяқталмаған сөйлемдер адресаттың ақпаратты толық түсінуіне кедергі келтіреді. Бұл медиамәтіннің сапасын бағалауда сөз үйлесімінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді [10]. Медиасауаттылықты қалыптастыруда білім беру медиакеңістігінің рөлі ерекше. Оқушылар мен студенттер медиа арқылы қабылдайтын мәтіндерді тілдік тұрғыдан талдай алуы тиіс. Бұл тұрғыдан сөз үйлесімін анықтау, логикалық байланыстарды ажырату және мағыналық тұтастықты бағалау медиасауаттылықтың негізгі дағдыларының бірі болып саналады. Қазақ тілі сабақтарында медиамәтіндерді талдау барысында сөз үйлесімі сақталған және бұзылған үлгілерді салыстыру тиімді әдіс ретінде қолданылуы мүмкін [15]. Сонымен қатар медиасауаттылық пен сөз үйлесімі кәсіби медиакоммуникацияда да маңызды орын алады. Журналист пен контент жасаушы аудиторияның медиасауаттылық деңгейін ескере отырып, мәтінді барынша анық, жүйелі және логикалық тұрғыдан үйлесімді құруы қажет. Қазақ журналистикасында ресми ақпарат пен сараптамалық мәтіндерде сөз үйлесімінің сақталуы медианың сенімділігін арттырады. Ал сөздердің орынсыз тіркесуі немесе артық эмоциялық реңк медиаконтенттің кәсіби деңгейін төмендетеді [4].

Қазіргі цифрлық ортада медиасауаттылық тек аудиторияға ғана емес, медиаконтент авторларына да қойылатын талап ретінде қарастырылады. Автордың сөз үйлесімін саналы түрде сақтауы медиамәтіннің сапасын арттырып, ақпараттың бұрмаланбай жеткізілуіне ықпал етеді. Бұл тұрғыдан медиасауаттылық пен сөз үйлесімі өзара тығыз байланысты ұғымдар болып табылады және медиакеңістіктегі коммуникация мәдениетін қалыптастырудың негізін құрайды [5]. Қорытындылай келе, медиасауаттылық сөз үйлесімін түсіну мен бағалау қабілетіне тікелей тәуелді. Қазақ медиакеңістігіндегі мәтіндерді талдау сөз үйлесімінің сақталуы немесе бұзылуы арқылы медиакоммуникацияның сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан медиасауаттылықты дамытуда сөз үйлесімі ұғымын теориялық әрі практикалық деңгейде қарастыру қазіргі медиалингвистика мен педагогика ғылымдарының маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Қазақ медиакеңістігіндегі сөз үйлесімінің қазіргі ахуалы. Қазақ медиакеңістігінің қазіргі ахуалы тілдік тұрғыдан алғанда біртекті емес. Ол көпқырлы сипатқа ие. Бір жағынан, ресми бұқаралық ақпарат құралдарында әдеби тіл нормаларына негізделген, салыстырмалы түрде жүйелі әрі тұрақты медиамәтіндер қалыптасқан. Екінші жағынан, цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілерде бейресми, экспрессивті және кейде нормадан ауытқыған мәтіндер кең таралуда. Осы екі бағыттың тоғысында сөз үйлесімінің сақталуы немесе бұзылуы қазақ медиатілінің қазіргі деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып отыр [11].

Дәстүрлі ақпарат құралдарындағы жаңалық мәтіндерінде сөз үйлесімі көбіне ресми-публицистикалық стиль талаптарына сай беріледі. Мысалы, ұлттық телеарналар мен ірі ақпарат агенттіктерінде қолданылатын «Мәселе Үкімет отырысында қаралды», «Тиісті тапсырмалар жүктелді» сияқты құрылымдарда сөйлемдердің логикалық байланысы мен мағыналық тұтастығы сақталады. Мұндай мәтіндерде сөз үйлесімі ақпараттың бейтарап әрі нақты қабылдануына ықпал етеді. Бұл үрдіс қазақ журналистикасында қалыптасқан тілдік дәстүрдің сақталғанын көрсетеді [10]. Алайда онлайн жаңалық порталдары мен әлеуметтік желілерде жарияланатын медиамәтіндерде сөз үйлесімінің бұзылуы жиі байқалады. Әсіресе тақырыпша деңгейінде экспрессивтілік пен сенсацияға ұмтылу логикалық айқындықты әлсіретеді. Мысалы, «Елді есеңгіреткен шешім», «Мұндайды ешкім күтпеді» сияқты тақырыпшалар ақпараттың нақты мазмұнын ашпай, адресаттың эмоциясына әсер етуге

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

бағытталған. Бұл жағдайда сөз үйлесімі прагматикалық мақсатқа бағындырылып, мағыналық тұтастық екінші кезекке ығысады [5].

Қазақ тіліндегі әлеуметтік желі мәтіндерінде сөз үйлесімі ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша дискурстың аралық формасында көрінеді. Мысалы, жаңалық парақшаларында «Қысқасы, жағдай былай…», «Енді не болмақ?» сияқты байланыстырғыш тіркестер жиі қолданылады. Бұл элементтер мәтінді оқырманға жақындатқанымен, жүйесіз қолданылған жағдайда ойдың логикалық дамуын әлсіретеді. Мұндай медиамәтіндерде сөз үйлесімі көбіне интуитивті деңгейде қалыптасып, тілдік норма мен прагматикалық әсер арасындағы тепе-теңдік сақтала бермейді [13].

Қазақ медиакеңістігіндегі тағы бір өзекті мәселе – бағалауыш лексиканың шамадан тыс қолданылуы. Кейбір медиамәтіндерде «аса маңызды», «теңдессіз мүмкіндік», «тарихи оқиға» сияқты тіркестер нақты дерекпен негізделмей беріледі. Мұндай қолданыстар сөз үйлесімін формалды түрде сақтағанымен, мәтіннің мазмұндық сенімділігін төмендетеді. Адресат үшін ақпараттың маңызы мен шынайылығы көмескіленіп, медиакоммуникацияның сапасы әлсірейді [4].

Телевизиялық және радиомедиадағы ауызша мәтіндерде де сөз үйлесімінің қазіргі ахуалы әркелкі. Ақпараттық бағдарламаларда алдын ала дайындалған мәтіндер логикалық тұрғыдан үйлесімді жеткізілсе, тікелей эфирлер мен пікірталас форматтарында ойдың шашыраңқылығы жиі байқалады. Қазақ тіліндегі кейбір ток-шоуларда сөйлеушілердің бір-бірін бөліп кетуі, ойды аяқтамай ауыстыруы сөз үйлесімін әлсіретіп, тыңдаушының ақпаратты толық қабылдауына кедергі келтіреді. Бұл жағдай ауызша медиакоммуникацияда сөз үйлесімін арнайы қалыптастыру қажеттігін көрсетеді [2].

Қазіргі қазақ медиакеңістігінде сөз үйлесіміне әсер ететін факторлардың бірі – екітілділік пен тілдік араласу үдерісі. Кейбір медиамәтіндерде қазақ және орыс тіліндегі құрылымдардың аралас қолданылуы байқалады. Мұндай құбылыс кей жағдайда сөздердің табиғи тіркесуін бұзып, сөйлем құрылымының жасандылығына әкеледі. Бұл медиатілдің сапасына әсер етіп, ұлттық тілдік нормалардың әлсіреу қаупін тудырады [11]. Сонымен қатар қазақ медиакеңістігінде сөз үйлесімінің сақталуына бағытталған оң үрдістер де бар. Соңғы жылдары тіл мәдениетіне мән беретін сапалы аналитикалық мақалалар, сараптамалық бағдарламалар мен ғылыми-көпшілік контенттің көбеюі байқалады. Мұндай медиамәтіндерде ойдың логикалық дамуы, терминдердің бірізді қолданылуы және мағыналық тұтастық сақталады. Бұл үрдіс қазақ медиатілінің кәсіби деңгейінің біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді [11]. Сонымен қазақ медиакеңістігіндегі сөз үйлесімінің қазіргі ахуалы қарама-қайшы сипатта. Бір жағынан, дәстүрлі медиада қалыптасқан тілдік нормалар сақталса, екінші жағынан, цифрлық ортада прагматикалық және эмоциялық факторлардың ықпалымен сөз үйлесімі жиі бұзылады. Осы жағдай медиатіл мәдениетін жетілдірумен қатар, медиамәтінді қабылдайтын аудиторияның тілдік және медиасауаттылық деңгейін арттыру қажеттігін айқын көрсетеді. Бұл мәселе сөз үйлесімін педагогикалық жағынан қарастыруды қажет етеді.

Публицистикалық реңкі басым «ерекше маңызды», «аса зор ықпал» сияқты экспрессивті тіркестер бейтарап ғылыми формалармен алмастырылады. Сонымен қатар терминдердің бірізді қолданылуы сақталып, әр абзацта бір ғана негізгі ойды дамыту қағидасы күшейтіледі, бұл мәтіннің оқылымдылығын және ғылыми нақтылығын арттырады.

Білім беру медиакеңістігіндегі сөз үйлесімі (педагогикалық аспект). Қазіргі білім беру жүйесі медиакеңістіктен тыс дамуы мүмкін емес. Онлайн платформалар, электронды оқулықтар, білім беру сайттары мен әлеуметтік желілердегі оқу контенті педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігіне айналды. Осындай жағдайда білім беру медиакеңістігіндегі коммуникация сапасы, әсіресе мәтіннің тілдік ұйымдасуы мен сөз үйлесімі педагогикалық тұрғыдан өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Педагогикалық коммуникация – білім алушы мен оқытушы арасындағы мағыналық өзара әрекетке негізделген күрделі үдеріс. Бұл үдерісте сөз үйлесімі оқу материалының түсінікті болуына, базалық білімнің жан-жақты меңгерілуіне және медиамәтін арқылы тәрбиелік мәннің толық жүзеге асуына ықпал әсер етеді. Мұғалімнің немесе медиамәтін авторының ойды анық, жүйелі әрі үйлесімді жеткізе алуы білім алушының қабылдау деңгейін арттырады.

Білім беру медиакеңістігінде сөз үйлесімі тек жазбаша мәтіндермен шектелмейді. Онлайн сабақтар, бейнесабақтар, подкасттар мен тікелей эфирлерде ауызекі сөйлеу тілінің рөлі ерекше. Бұл жағдайда сөз үйлесімі сөйлеу мәнерінің табиғилығымен, ойдың қисынды құрылуымен және тілдік құралдардың орынды қолданылуымен сипатталады. Ауызекі сөйлеуде әдеби тіл нормалары сақтала отырып, ақпараттың қарапайым әрі түсінікті берілуі маңызды.

Медиамәтіннің білім беру саласындағы тағы бір маңызды қызметі – үлгілік және тәрбиелік рөл. Білім алушы медиакеңістікте кездесетін мәтіндерді тілдік модель ретінде қабылдайды. Сондықтан сөз үйлесімі сақталған, сауатты әрі жүйелі медиамәтіндер оқушының тілдік талғамын, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Керісінше, ойы шашыраңқы, тілдік нормалары бұзылған мәтіндер педагогикалық тұрғыдан кері әсер етеді. Педагог кадрларды даярлау барысында да сөз үйлесімі мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Болашақ мұғалімнің коммуникативтік құзыреті тек пәндік біліммен ғана емес, ойды дәл әрі үйлесімді жеткізе алу қабілетімен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда жоғары оқу орындарында медиасауаттылық пен тіл мәдениетін ұштастыра оқыту өзекті болып табылады. Сонымен қатар білім беру медиакеңістігінде қолданылатын мәтіндер педагогикалық мақсатқа сай құрылуы тиіс. Ақпараттың логикалық жүйеде берілуі, негізгі ойдың айқындалуы және сөз үйлесімінің сақталуы оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Бұл талаптар қазіргі педагогиканың коммуникативтік бағыттылығымен толық сәйкес келеді. Яғни білім беру медиакеңістігіндегі сөз үйлесімі, педагогикалық коммуникацияның сапасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Ол білім алушының ақпаратты түсінуін жеңілдетіп қана қоймай, тілдік сана мен сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына да ықпал етеді. Сондықтан сөз үйлесімін педагогикалық тұрғыда зерттеу қазіргі білім беру жүйесі үшін маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып саналады.

Жоғарыда қарастырылған білім беру медиакеңістігіндегі сөз үйлесімі мәселесі қазіргі медиакоммуникацияның барлық деңгейлерінде байқалатын тілдік үдерістермен тығыз байланысты екені анықталды. Білім беру саласындағы медиамәтіндер жалпы медиакеңістіктегі коммуникациялық заңдылықтардың ықпалында қалыптасып, сонымен қатар болашақ аудиторияның тілдік санасын қалыптастыратын ерекше әлеуметтік-мәдени орта ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда педагогикалық медиакоммуникациядағы сөз үйлесімі жалпы медиатіл мәдениетінің көрсеткіші әрі оның болашақтағы даму бағытын айқындайтын фактор болып табылады [1; 11].

Мақалада талданған теориялық тұжырымдар, медиадискурс пен цифрлық медиадағы сөз үйлесімінің ерекшеліктері, медиасауаттылық пен ұлттық медиакеңістіктегі қазіргі ахуал білім беру медиамәтіндеріндегі тілдік сапаны бағалауға әдіснамалық негіз береді. Сөз үйлесімі сақталған педагогикалық медиамәтіндер білім алушының ақпаратты жүйелі қабылдауына, логикалық ойлау дағдыларының дамуына және сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Ал сөз үйлесімі бұзылған мәтіндер оқыту үдерісінің тиімділігін төмендетіп, білімдік мазмұнның толық меңгерілуіне кедергі келтіруі мүмкін [15].

Осылайша, білім беру медиакеңістігіндегі сөз үйлесімі мәселесін медиакоммуникацияның жалпы теориялық және практикалық контексінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе тек тіл мәдениетіне қатысты емес, сонымен қатар педагогикалық ықпалдың нәтижелілігін айқындайтын маңызды шарттардың бірі болып табылады. Аталған тұжырымдар зерттеудің негізгі нәтижелерін жинақтап, сөз үйлесімінің

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

қазіргі медиакеңістіктегі және білім беру саласындағы орны мен маңызын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі медиакеңістіктің қарқынды дамуы коммуникацияның мазмұны мен формасына ғана емес, тілдік ұйымдасуына да жаңа талаптар қойып отыр. Ақпараттың жылдам таралуы, медиамәтіндердің қысқа форматта берілуі және ауызша-жазбаша дискурстардың тоғысуы сөздің өзара үйлесімін сақтауды ерекше маңызды етеді. Осы тұрғыдан алғанда мақалада қарастырылған «сөз үйлесімі» ұғымы медиакеңістіктегі коммуникацияның сапасын айқындайтын негізгі категориялардың бірі ретінде анықталды.

Зерттеу барысында белгілі тілші-ғалым Н. Уәлиев еңбектерінде негізделген «сөз жатықтығы» термині теориялық тірек ретінде алынып, ол қазіргі медиакоммуникация талаптарына сай кеңейтіліп, сөз үйлесімі ұғымы аясында қарастырылды. Сөз үйлесімі тек әдеби тіл нормаларын сақтау деңгейімен шектелмей, ойдың қисынды құрылуы, мағыналық тұтастық, сөйлеу мәнерінің табиғилығы және ақпараттың түсінікті жеткізілуімен сипатталатын кешенді құбылыс екені айқындалды. Бұл ұғым жазбаша медиамәтіндермен қатар ауызекі сөйлеу тіліне де тікелей қатысты.

Мақаланың негізгі бөлімдерінде медиакеңістіктегі коммуникация мен мәтіннің рөлі жан-жақты талданды. Медиамәтін адресант пен адресат арасындағы негізгі байланыстырушы құрал ретінде ақпараттың мазмұнын ғана емес, оның қабылдану сапасын да айқындайтыны анықталды. Сөз үйлесімі сақталған мәтіндер коммуникацияның тиімділігін арттырып, ойдың нақты әрі жүйелі қабылдануына мүмкіндік береді. Ал сөздердің орынсыз қолданылуы, логикалық байланыстың әлсіреуі медиакоммуникацияда кедергілер тудыратыны көрсетілді.

Зерттеудің педагогикалық қыры білім беру медиакеңістігіндегі сөз үйлесімінің маңызын айқындаумен түйінделді. Қазіргі білім алушылардың медиаконтент арқылы білім алу үрдісінің күшеюі медиамәтіндердің тілдік сапасына жауапкершілікті арттырады. Сөз үйлесімі сақталған білімдік мәтіндер оқыту үдерісінің тиімділігін арттырып қана қоймай, білім алушының тілдік санасын, сөйлеу мәдениетін және коммуникативтік құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар болашақ педагог кадрларды даярлау барысында сөз үйлесімі мәселесіне ерекше назар аудару қажеттілігі негізделді. Мұғалімнің кәсіби құзыреті тек пәндік біліммен емес, ойды анық, жүйелі әрі үйлесімді жеткізе алу қабілетімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда медиасауаттылық пен тіл мәдениетін ұштастыра оқыту педагогикалық білім берудің маңызды бағыты ретінде қарастырылуы тиіс. Қорытындылай келе, сөз үйлесімі қазіргі медиакеңістіктегі коммуникацияның ғана емес, педагогикалық үдерістің де сапасын айқындайтын маңызды фактор болып табылады. Оны ғылыми тұрғыда зерттеу медиатіл мәдениетін жетілдіруге, білім беру саласындағы коммуникацияны тиімді ұйымдастыруға және ұлттық тілдің қоғамдық қызметін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені әрі қарай кешенді түрде қарастыру қазіргі филология мен педагогика ғылымдарының өзекті бағыттарының бірі болып қала бермек.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі Ғылым комитетінің «Үздіксіз білім берудегі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес лингвокоммуникация мен нейролингвистика негізінде мемлекеттік тілді деңгейлік меңгертудің әлеуметтік-педагогикалық парадигмасы» (BR28713427) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы бойынша жарияланды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уәлиев Н. Тіл мәдениеті және сөз саптаудың ғылыми негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 256 б.

2. Fairclough N. Language and power. – London: Routledge, 2015. – 270 p.
3. Van Dijk T.A. Discourse and media: A multidisciplinary introduction. – Cambridge: Cambridge University Press, 2018. – 400 p.
4. McQuail D. Mass communication theory. – London: Sage Publications, 2010. – 632 p.
5. Potter W.J. Media literacy. – London: Sage Publications, 2013. – 352 p.
6. Breeze R., Olza I. (Eds.). Evaluation in media discourse: European perspectives. – Bern: Peter Lang, 2017. – 310 p.
7. Bednarek M., Caple H. News discourse. – London: Continuum, 2012. – 248 p.
8. Jaworska S. Corpus approaches to language in the media // The Routledge handbook of language and media / Ed. by C. Cotter, D. Perrin. – London: Routledge, 2018. – P. 123–140.
9. Kress G. Multimodality: A social semiotic approach to contemporary communication. – London: Routledge, 2010. – 212 p.
10. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 2014. – 304 б.
11. Байтенова Н.Ж. Медиалингвистика және қазіргі қазақ медиамәтіні. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 198 б.
12. Нургазиев Т.Е. Психоанализ как метод разбора фольклорных произведений в казахской литературе // Научный форум: Филология, искусствоведение и культурология. – №5(81). – М.: МЦНО, 2024. [Электронды ресурс]. URL: https://nauchforum.ru/conf/philology/lxxxi/148763 (қаралған күні 12.11.2025)
13. Hyland K. Disciplinary discourse: Writer stance in research articles // Applied Linguistics. – 2005. – Vol. 26(2). – P. 173–201. https://doi.org/10.1093/applin/amh045
14. Оразбаева Ф.Ш., Талдыбаева М. Орфографияны моделдік жүйемен оқыту арқылы болашақ филологтардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – № 1(131). – Б. 423–436. https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.33
15. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2013. – 192 б.
16. Ошанова О., Әбдугаппар А., Серік М. Медиажелідегі өшпенділік тілі және сөз әдебі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №4(134). – Б. 101–112. https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.108

REFERENCES

Таким образом, казахская семасиология опирается на комплексное понимание значения слова, учитывающее как индивидуальные лексические особенности, так и общественное восприятие и традиции языка.

Методы исследования и материалы

В качестве материала к статье использованы труды А. Байтурсынова «Система простых и художественных слов», К. Жубанова «Смысл бессмысленных слов», К. Аханова «Проблемы лексики казахского языка», Г. Мусабаева «Современный казахский язык», Р. Барлыбаева «Слово и его значения», М. Белбаевой «Лексикология современного казахского языка», Б. Калиева и А. Жылкыбаевой «Основы значений слов», М. Оразова «Семантика казахского языка», Г. Хасанова «Структура лексического значения слова».

В статье использованы сравнительный, сопоставительный метод, семасиологический метод описания, методы обобщения.

Анализ и результаты

В казахском языкознании проводится изучение различных аспектов исторической семасиологии. В этом контексте особенно выделяются работы А. Кайдарова, Р. Сыздыковой (Сөздер сөйлейді, 1994), Е. Жанпеисова (Этнолексика казахского языка, 1989), Ж. Манкеевой (Мәдени лексиканың ұлттық сипаты, 1997), А. Салкынбай (Қимыл есімінің семантикасы мен қызметі) и других исследователей. Нетрудно заметить, что этимологические, историко-лексикологические и этнолингвистические исследования данных авторов тесно связаны с

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

семантической природой языка. Как отмечается, «этнолексика с древними историческими корнями – источник информации о этнокультурной истории, языковых процессах и языковом творчестве народа. В названиях предметов отражаются чувства, восприятия и понятия, повседневный опыт и представления людей» [12, с. 263]. Таким образом, речь идет о денотативных, сигнификативных и эмпирических компонентах значения слова.

В кандидатской диссертации А. Салкынбаевой «Семантика и функции имен существительных действия на -у в современном казахском языке» всесторонне рассматриваются семантические аспекты в тюркологии, а также лексико-грамматическая природа различных семантических единиц.

Кроме того, различные аспекты проблемы семасиологии нашли отражение в работах Т. Жанузакова, Ш. Сарыбаева, О. Накысбекова, С. Омарбекова, Б. Хасанова, Б. Калиева и других. Однако, несмотря на прогресс в исследовании казахского языка, степень его изученности в сравнении с современными темпами и достижениями мирового языкознания остается недостаточной. По мере расширения и углубления науки растут и требования к уровню теоретического анализа. Определение места семасиологии в системе современного языкознания является сложной задачей, поскольку она рассматривается не только в рамках лингвистики, но и пересекается с философией, психологией и логикой.

Напрямую с изучением проблем семантики казахского языка связаны исследования Е. Кажыбекова, К. Хусайынова, М. Оразова, У. Жумагуловой, С. Уткелбаевой, Г. Хасанова. В подтверждение сложности изучения связи между формой и значением можно привести слова В. Гумбольдта: «Между звуком и значением есть определенная связь, однако в очень редких случаях возможно объяснение такой связи, обычно она остается необъяснимой» [13].

Направление фоносемантики в языкознании сформировалось в 1980-х годах XX века. Его объектом является звукоизобразительная система языка, рассматриваемая с позиций «пространства» и «времени». Основная цель фоносемантики заключается в исследовании звукоизобразительной системы на эмпирическом и теоретическом уровнях, выявлении сложных закономерностей звукоизобразительных явлений с точки зрения пространственно-временных характеристик, а также создании основ всеобъемлющей общей теории. Возникновение и развитие этого направления прежде всего связывают с именем С. Воронина, а в казахском языкознании его формирование и дальнейшее развитие отражено в исследованиях профессора К. Хусайынова и его последователей – С. Уткелбаевой, М. Жубановой и А. Ислама.

К.Ш. Хусайынов стал одним из ключевых исследователей казахской фоносемантики. Он детально изучал особенности соотношения звукоподражательных и звукосимволических слов как двух основных групп звукоизобразительной системы, рассматривая взаимосвязь звучания и значения. В своей монографии «Звукоизобразительность в казахском языке» ученый проанализировал морфологическое и фонетическое строение звукоподражательных слов, сопоставив их с аналогичными формами в других языках, и выявил систему акустических и артикуляционных соответствий между денотатными признаками и звучанием слов.

К. Хусайынов также классифицировал звукоподражательные корни казахского языка на две группы: корни, которые могут использоваться самостоятельно, и корни, значение которых проявляется только при морфемном анализе в составе различных частей речи. Этот подход позволил систематизировать звукоизобразительную лексику и выявить закономерности функционирования звуков и значений в казахском языке.

Когда речь идет о связи звуков со значением, особое внимание уделяется влиянию гласных звуков в составе слов. А. Ыскаков отмечал: «Заметно влияние на значение даже того, являются ли гласные звуки в корне подражательных слов твердыми или мягкими» [14, с. 399]. Действительно, открытость и закрытость гласных в звукоподражательных словах оказывает влияние на их значение: слова с открытыми гласными выражают большую силу

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

действия или звука, а слова с закрытыми гласными – быстроту действия или звука. Например: *тарс (бах) – тұрс (бух) – тырс (кап), жалт ету (сверкнуть) – жылт ету (блеснуть), тасыр (плюх) – тұсыр (бульк) – тысыр (шлеп), шыңқ (пых) – шіңк (пик), қаңқ ету (гав) – қыңқ ету (тяв)* и др. При этом значения звукоподражательных слов не сравнимы с значениями имен существительных или глаголов, поскольку последние не имеют прямой связи с объектами, которые они обозначают, тогда как у звукоподражательных слов такая связь есть.

Во многих учебниках фонема определяется через связь со значением. Так, С. Кенесбаев пишет: «Самую маленькую единицу языка, способствующую разграничению значения слова и предмета, мы называем фонемой» [15, с. 221]. Некоторые исследователи считают основной функцией фонемы различительную (дифференцирующую) и дают её определение в связи с этой функцией [8, с. 234].

В современной семасиологии значения слов подразделяются на макро- и микроструктуры. К макроструктурам относятся денотативное, сигнификативное и коннотативное значения. Если наименьшая неделимая часть звука – фонема, а наименьшая неделимая часть слова – морфема, то наименьшей неделимой частью значения является сема.

Например, если у предмета (понятия) есть несколько признаков, то у слова, его обозначающего, есть столько же сем. Так, слово *қарандаш* (карандаш) включает следующие признаки: форма в виде палочки, наружная оболочка из дерева, внутренний стержень из графита, используется для письма и черчения, относительно качества – быстро стирается, нечеткий. Таким образом, слово состоит из пяти сем [11].

В настоящее время семасиология понимается широко и рассматривается на стыке различных наук – языкознания, философии, психологии, логики, кибернетики и др. Вследствие этого одна и та же категория может рассматриваться представителями разных наук по-разному, с использованием различных методов анализа и исследований. Поэтому было бы некорректно формулировать разностороннюю точку зрения о проблемах семасиологии, опираясь исключительно на достижения одной дисциплины.

Значение слова является лингвистической категорией, поэтому его разносторонний анализ относится к компетенции языкознания. Исследование значения слова может проводиться в нескольких направлениях внутри лингвистики: анализ связи между звучанием и значением слова, изучение соотношения значения и понятия, выявление структуры значения и его элементов, исследование лексики на основе закономерностей сочетания слов, а также ряд других аспектов.

Когнитивные основы новых словоупотреблений формируются в процессе концептуализации и категоризации действительности. Этот процесс отражает особенности восприятия, осмысления и интерпретации окружающего мира, когда новые явления и понятия репрезентируются через уже освоенные и устойчивые языковые формы [16, с. 148].

Результаты современных исследований показывают, что количественно-качественные характеристики ассоциативно-вербальной сети в ментальном лексиконе каждой лексической инновации находятся под дифференцированным влиянием как интра-, так и экстралингвистических факторов [17].

Теоретические основы этих проблем в современном языкознании формируются в рамках изучения номинации и мотивации, что исследуют такие ученые, как Б. Калиев, Ж. Манкеева и другие. В своей работе Ж. Манкеева рассматривает принципы номинации, касающиеся лексики материальной культуры: «Название какого-либо предмета не просто обозначает его, но и передает определенное представление о нем. Поскольку различение и осмысление предметов осуществляются в определенных условиях исторического развития народа, они варьируются в зависимости от конкретной жизненной среды языкового общества. Любое общество познает предмет с точки зрения его повседневного практического назначения и связывает его с известными ему понятиями. Жизненные реалии,

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

бытовой уклад, опыт, обычаи, традиции и верования народа, отраженные в различных предметах, выражаются словами языка. Познанный таким образом предмет, отличимый от других, получает конкретное название» [12, с. 248].

В работе «Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке» профессор Б. Калиев подробно рассматривает проблему мотивации, применительно к названиям растений. Он подчеркивает, что значение слова определяется не только в отдельном употреблении или в связи с другими словами в предложении, но также может анализироваться через его место в лексической системе. Это он иллюстрирует на примере слова *аш:* «Значение слова аш может быть определено только в связи со словами *есік (дверь) – есікті аш (открой дверь)* или *қарын (желудок) – қарны ашты (голодный желудок)»* [11, с. 20].

Системное исследование проблем семантики в казахском языкознании связано с именем профессора М. Оразова. Он отмечает: «Лексическим значением мы считаем отдельный звук или сочетание звуков в условной, исторической и социальной связи с обобщенным в человеческом сознании, невещественным образом предметов, действий и различных явлений объективного мира» [18, с. 45].

Таким образом, на современном этапе развития казахского языкознания семасиология рассматривает значение слова в рамках трех измерений: парадигматики, синтагматики и эпидигматики.

В последние годы вопросы семасиологии и лексической семантики казахского языка получают новое развитие в рамках когнитивной лингвистики, корпусных исследований и лексико-семантического анализа. Несмотря на то, что фундаментальные теоретический основы казахской семасиологии были заложены в трудах М. Оразова [18] и Б. Калиева, А. Жылкыбаевой [11], современные исследования существенно расширяют представления о структуре и функционировании значения слова в языке. Так, в статье М. Малбакова, Б. Бердиллаевой и Д. Малбакова «Особенности лексико-семантического употребления казахских слов в словаре В.В. Радлова» анализируются историко-семантические особенности функционирования казахской лексики в сравнительно-историческом аспекте, что позволяет выявить динамику изменения значений слов и их культурно-историческую обусловленность [19]. Данное исследование демонстрирует преемственность между исторической семасиологией и современными подходами к изучению семантики слова.

Современные когнитивно-семантические направления представлены в исследовании «Фреймовый анализ семантики концепта «таза» в казахском языке», где значение языковой единицы рассматривается через систему когнитивных моделей и фреймов [20]. Авторы показывают, что семантика слова формируется не только в пределах лексической системы, но и в тесной связи с национально-культурным сознанием, ассоциативными и концептуальными структурами носителей языка. Подобный подход свидетельствует о расширении методологических основ современной семасиологии.

Важное место в современных исследованиях занимает изучение лексико-семантической сочетаемости слов. В статье Г. Талгаткызы, А. Амирбековой и Л. Ураковой «Лексико-семантическая сочетаемость слов в казахском языке» рассматриваются закономерности синтагматических связей лексических единиц, а также механизмы формирования значения в контексте словосочетаний [21]. Данное направление напрямую связано с исследованием синтагматического аспекта значения слова и подтверждает актуальность изучения семантики в системном функциональном аспектах.

С позиций современной функциональной семантики представляет работа З.Ж. Аухадиевой «Семантическая особенность прилагательных казахского языка при выражении пространственных отношений статики», в которой исследуются особенности репрезентации пространственных отношений средствами прилагательных казахского языка

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

[22]. Исследование демонстрирует, что семантическая структура слова тесно связана с категоризацией пространства и отражает особенности языковой картины мира.

Развитие цифровой лингвистики и корпусных технологий также способствует углублению семантических исследований. Так, в статье К.Б. Слямбекова и А.М. Садыка «Национальный корпус казахского языка: лексико-семантическая разметка глаголов» рассматриваются принципы семантической классификации глагольной лексики в Национальном корпусе казахского языка [23]. Авторы подчеркивают важность систематизации лексико-семантических групп и разработки электронных ресурсов для дальнейшего исследования семантики казахского языка. Подобные работы свидетельствуют о переходе современной казахской семасиологии к корпусным и цифровым методам анализа.

Таким образом, современные исследования показывают, что семасиология в казахском языкознании развивается в нескольких взаимосвязанных направлениях: историко-семантическом, когнитивном, функционально-семантическом и корпусно-лингвистическом. Это подтверждает актуальность изучения слова как сложной многоуровневой категории и свидетельствует о дальнейшем расширении теоретико-методологической базы казахской семасиологии.

Заключение

Таким образом, результаты проведённого исследования позволяют сформулировать следующие выводы в соответствии с поставленными задачами.

Во-первых, рассмотрение предпосылок формирования семасиологии в казахском языкознании показало, что её становление происходило в русле общелингвистических тенденций и прошло несколько этапов развития – от психологического и эволюционного направления к современным междисциплинарным подходам.

Во-вторых, анализ научных взглядов казахских ученых на природу слова и его значение выявил, что в отечественном языкознании сформировались устойчивые теоретические представления о соотношении слова, понятия и значения. Труды А. Байтурсынова, К. Жубанова, К. Аханова, Р. Барлыбаева и других исследователей заложили основу для дальнейшего развития семасиологии.

В-третьих, определено, что в рамках казахской семасиологии разрабатываются ключевые категории, связанные с семантической структурой слова, включая денотативное и понятийное значение, полисемию, омонимию, а также механизмы семантического расширения и переноса значений.

В-четвёртых, установлено, что вклад отдельных ученых в развитие семасиологии является значительным и многогранным, а их исследования способствовали формированию теоретико-методологической базы данной отрасли.

В целом можно констатировать, что в современном казахском языкознании наблюдается глубокое и последовательное изучение семантики слова. Вместе с тем сохраняется необходимость дальнейшей разработки теоретико-методологических основ семасиологии, что определяет перспективы будущих исследований.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. – 581 б.
3. Аханов К. Қазақ тілі лексикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Өлке, 2005. – 302 б.
4. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 72 б.
5. Құлманов С.Қ., Рсалиева Н.М., Омарова А.Д., Ескендір Ж.Е. Қазіргі қазақ терминологиясындағы семантикалық үдерістер // Тілтаным. – 2023. – №3 (91). – Б. 85-94. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94
6. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Ер-Дәулет, 2007. – 125 б.

7. Мұсабаев Ғ. Қазақ әдеби тілінің кейбір мәселелері // Кіт.: И.В.Сталин еңбектері негізінде қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 1951. – 140 б.
8. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке, 2010. – 560 б.
9. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 116 б.
10. Қордабаев Т. Сөз және оның мағыналары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – №1.
11. Қалиев Б., Жылқыбаева, А. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы: ҚазҰУ, 2002. – 110 б.
12. Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
13. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / Пер. с немец. – Москва: Прогресс, 1984. – 400 с.
14. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 457 б.
15. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
16. Бисенғали А., Құлманов С., Омарова А. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың когнитивтік негіздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №4 (138). – Б. 140-153. https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.281
17. Алдашева Қ. Тіл синергетикасы және лексикалық жаңалықтар . – Алматы: Жылдам полиграфия орталығы, 2002. – 248 б.
18. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 212 б.
19. Малбақов М., Бердиллаева М., Малбақов Д. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Тілтаным. – 2024. – №3. – Б. 22-30. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30
20. Ерназарова З.Ш., Ерназарова Г.Ш. Қазақ тіліндегі «таза» концептісі семантикасын фреймдік талдау // ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – №1. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.007
21. Talgatkyzy G., Amirbekova A.B., Urakova L. Lexico-semantic compatibility of words in kazakh // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2022. – №3. – P. 120-128. https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.013
22. Аухадиева З.Ж. Семантическая особенность прилагательных казахского языка при выражении пространственных отношений статики // Международный научно-практический журнал. – 2018. – №11(43). – С. 27-33.
23. Slyambekov Q.B., Sadyk A.M. The national corpus of the kazakh language: the semantic markup of verbs // Тілтаным. – 2024. – №1. – P. 189-196. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-189-196

REFERENCES

1. Baitursynuly A. Adebiet tanytqysh [Literary Critic]. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b. [In Kazakh]
2. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Aqtobe: Zhubanov universiteti, 2019. – 581 b. [In Kazakh]
3. Ahanov K. Qazaq tili leksikasynyn ozekti maseleleri [Current Issues in the Lexis of the Kazakh Language]. – Almaty: Olke, 2005. – 302 b. [In Kazakh]
4. Barlybaev R. Qazaq tilinde soz magynasynyn keneiui men taryluy [Semantic Broadening and Narrowing in the Kazakh Language]. – Almaty: Mektep, 1968. – 72 b. [In Kazakh]
5. Qulmanov S.Q., Rsalieva N.M., Omarova A.D., Eskendir Zh.E. Qazirgi qazaq terminologiasyndagy semantikalyq uderister [Semantic Processes in Modern Kazakh Terminology] // Tiltanym. – 2023. – №3 (91). – B. 85-94. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94 [In Kazakh]
6. Hasenov A. Til bilimi [Linguistics]. – Almaty: Er-Daulet, 2007. – 125 b. [In Kazakh]
7. Musabaev G. Qazaq adebi tilinin keibir maseleleri [Some problems of the Kazakh literary language] // Kit.: I.V. Stalin enbekteri negizinde qazaq til biliminin maseleleri. – Almaty, 1951. – 140 b. [In Kazakh]
8. Ahanov K. Til biliminin negizderi [Fundamentals of linguistics]. – Almaty: Olke, 2010. – 560 b. [In Kazakh]
9. Belbaeva M. Qazirgi qazaq tili leksikologiasy [Lexicology of the modern Kazakh language]. – Almaty: Mektep, 1976. – 116 b. [In Kazakh]
10. Qordabaev T. Soz zhane onyn magynalary [The word and its meanings] // Qazaq tili men adebieti. – 1958. – №1. [In Kazakh]

11. Qaliev B., Zhylqybaeva, A. Soz magynalarynyn negizderi [Basics of word meanings]. – Almaty: QazUU, 2002. – 110 b. [In Kazakh]
12. Mankeeva Zh.A. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2014. – 640 b. [In Kazakh]
13. Gumboldt V. Izbrannye trudy po iazykoznaniu [Selected Works on Linguistics] / Per. s nemec. – Moskva: Progress, 1984. – 400 s. [In Russian]
14. Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili. Morfologia [Modern Kazakh language. Morphology]. – Pavlodar: S. Toraigyrov atyndagy Pavlodar memlekettik universieti, 2010. – 457 b. [In Kazakh]
15. Musabaev G. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2014. – 640 b. [In Kazakh]
16. Bisengali A., Qulmanov S., Omarova A. Qazirgi qazaq zhane turik tilderindegi zhana qoldanystardyn kognitivtik negizderi [Cognitive foundations of new uses in modern Kazakh and Turkish languages] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2025. – №4 (138). – B. 140-153. https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.281 [In Kazakh]
17. Aldasheva Q. Til sinergetikasy zhane leksikalyq zhanalyqtar [Language Sinergetics and Lexical innovations]. – Almaty: Zhyldam poligrafia ortalygy, 2002. – 248 b. [In Kazakh]
18. Orazov M. Qazaq tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. – Almaty: Rauan, 1991. – 212 b. [In Kazakh]
19. Malbaqov M., Berdillaeva M., Malbaqov D. V.V. Radlov sozdigindegi qazaq sozderinin leksika-semantikalyq erekshelikteri [Lexical and semantic features of Kazakh words in the dictionary of V. V. Radlov] // Tiltanym. – 2024. – №3. – B. 22-30. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30 [In Kazakh]
20. Ernazarova Z.Sh., Ernazarova G.Sh. Qazaq tilindegi «taza» konceptisi semantikasyn freimdik taldau [Frame analysis of the semantics of the concept “clean” in the Kazakh language] // QazHQzhaneATU Habarshysy. Filologia gylymdary seriasy. – 2024. – №1. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.007 [In Kazakh]
21. Talgatkyzy G., Amirbekova A.B., Urakova L. Lexico-semantic compatibility of words in kazakh // Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja. – 2022. – №3. – P. 120-128. https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v187.i3.013
22. Auhadieva Z.Zh. Semanticheskaia osobennost prilagatelnyh kazahskogo iazyka pri vyrazhenii prostranstvennyh otnosheni statiki [Semantic features of Kazakh adjectives in expressing spatial relations of statics] // Mezhdunarodnyi nauchno-prakticheski zhurnal. – 2018. – №11(43). – S. 27-33. [In Russian]
23. Slyambekov Q.B., Sadyk A.M. The national corpus of the kazakh language: the semantic markup of verbs // Tiltanym. – 2024. – №1. – P. 189-196. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-189-196

The Formation of Semasiology in Kazakh Linguistics

Abstract. This article examines the formation and development of semasiology in Kazakh linguistics as a branch of linguistics that studies the lexical meanings of words and word combinations denoting objects, phenomena, and concepts. The paper reviews the works of scholars who laid the theoretical and methodological foundations of Kazakh semasiology and contributed to its development as an independent field. It also analyzes their approaches to key issues in Kazakh semasiology.

Semasiology focuses on the word and its meaning as fundamental units of language, while semantics, as a broader discipline, investigates meaning as a complex and multifaceted phenomenon. Given the breadth of meaning, its study requires a comprehensive and multidimensional approach. In this regard, a range of related fields has developed, including onomasiology, dialectology, terminology, sociolinguistics, psycholinguistics, text linguistics, cognitive linguistics, functional grammar, and phonosemantics.

Furthermore, it has been established that the study of grammatical phenomena in close connection with semantics significantly contributes to the development of functional grammar. Word meanings can be structured into macro- and micro-level components depending on their content. The macrostructure of meaning includes denotative, significative, and components of meanings.

Keywords: semasiology, sema, denotative meaning, significative meaning, connotative meaning, macrostructure of meaning, microstructure of meaning.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Қазақ тіл білімінде семасиологияның қалыптасуы

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл біліміндегі семасиологияның қалыптасуы мен даму процестері қарастырылады. Семасиология лингвистиканың пәндерді, құбылыстар мен ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын зерттейтін саласы ретінде қарастырылады. Қазақ семасиологиясының ғылыми-теориялық негізін қалаған және осы саланың тіл білімінің дербес бағыты ретінде қалыптасуына ықпал еткен ғалымдардың еңбектеріне ерекше көңіл бөлінеді. Қазақ тілі семасиологиясының өзекті мәселелері жайлы әртүрлі ғылыми көзқарастар талданады.

Семасиологияның объектісі сөз және оның мағынасы болғандықтан, бұл пән семантиканың жалпы теориясымен тығыз байланысты. Семантика ғылыми пән ретінде мағынаны кең мағынада зерттейді. Дегенмен, мағынасы зерттеуге кешенді және пәнаралық көзқарасты қажет ететін күрделі және көп қырлы құбылыс. Осыған байланысты ономасиология, диалектология, терминология, социолингвистика, психолингвистика, текстология, когнитивтік лингвистика, функционалдық грамматика, фоносемантика және т.б. ерекшеленетін семантикамен өзара әрекеттесетін бағыттар ауқымы кеңеюде.

Қазіргі кезеңде грамматикалық құбылыстарды олардың семантикалық аспектісінде қарастыру функционалды грамматиканың дамуына айтарлықтай әсер ететіндігі анықталды. Сөздердің мағыналары олардың мазмұнына қарай макроқұрылымдар мен микроқұрылымдар болып бөлінеді. Макроқұрылымдарға денотативті, сигналдық және коннотативті мағыналар жатқызылады.

Кілт сөздер: семасиология, сема, денотаттық мағына, сигнификаттық мағына, конотаттық мағына, мағынаның макроқұрылымы, мағынаның микроқұрылымы.

Сведения об авторах

Имангазина А.А. *– автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, e-mail: aigul-nurasyl@mail.ru, Казахстан, г. Актобе.*

Айтбенбетова А.К. *– кандидат филологических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, e-mail: aitbenbetova74@mail.ru, Казахстан, г. Актобе.*

Муратбек Б.К. *– кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, e-mail: baglash@mail.ru, Казахстан, г. Актобе.*

Information about the authors

Imangazina A.A. *– The Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: aigul-nurasyl@mail.ru, Kazakhstan, Aktobe.*

Aitbenbetova A.K. *– Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: aitbenbetova74@mail.ru, Kazakhstan, Aktobe.*

Muratbek Б.К. *– Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: baglash@mail.ru, Kazakhstan, Aktobe.*

Авторлар туралы мәлімет

Имангазина А.Ә. *– филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: aigul-nurasyl@mail.ru, Қазақстан, Ақтөбе қ.*

Айтбенбетова А.Қ. *– филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: aitbenbetova74@mail.ru, Қазақстан, Ақтөбе қ.*

Мұратбек Б.Қ. *– филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: baglash@mail.ru, Қазақстан, Ақтөбе қ.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ӘОЖ 81’23:81’373; МҒТАР 16.21.21; 16.21.37
https://doi.org/10.47526/3107-3085.60

А.Ж. ҮДЕРБАЕВ[1], С.А. ОДАНОВА[1]✉, Л.Ә. ИБРАЙМОВА[2]
[1]Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
[2]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
✉*e-mail: s.odanova@satbayev.university*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АССОЦИАТИВТІК СӨЗДІКТЕР: ЭКСПЕРИМЕНТТІК ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Қазіргі психолингвистика мен ассоциативтік лексикографияда тілдік сананың құрылымын эксперименттік деректер негізінде сипаттау өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Қазақ тіл білімінде ассоциативтік зерттеулер жүргізілгенімен, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерушілердің тілдік санасындағы лексикалық бірліктердің ассоциативтік байланыстарын жүйелі сипаттайтын эмпирикалық зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты мақалада қазақ тілін үйренуші түркітілдес студенттердің ассоциативтік реакциялары негізінде қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің ассоциативтік өрістері талданады.

Зерттеудің мақсаты – ассоциативтік эксперимент нәтижелері арқылы қазақ тіліндегі стимул сөздердің семантикалық, мәдени және когнитивтік байланыстарын анықтау және оларды ассоциативтік лексикография тұрғысынан сипаттау. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: стимул сөздерді іріктеу; еркін ассоциативтік эксперимент жүргізу; алынған реакцияларды жүйелеу және семантикалық топтарға жіктеу; ассоциативтік өрістердің құрылымдық ерекшеліктерін талдау.

Зерттеудің эмпирикалық базасын қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеріп жүрген түркітілдес 70 студенттің қатысуымен жүргізілген еркін ассоциативтік эксперимент нәтижелері құрайды. Респонденттерге А1 деңгейіндегі оқу материалдары негізінде іріктелген 32 стимул сөз ұсынылып, әрқайсысына 5-7 ассоциативтік реакция жазу тапсырылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін ассоциативтік лексикография мен психолингвистика саласындағы Ю.Н. Караулов, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева, А.А. Леонтьев, Н.В. Дмитрюк еңбектерінде қалыптасқан ғылыми тұжырымдар құрайды. Зерттеуде еркін ассоциативтік эксперимент, сипаттамалы талдау, семантикалық топтау, жиілік талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері түркітілдес студенттердің ассоциативтік реакцияларында семантикалық, мәдени және бағалауыштық байланыстардың қатар көрінетінін көрсетті. Ғылыми жаңалығы – қазақ тілін үйренушілердің тілдік санасындағы ассоциативтік өрістерді эксперименттік деректер негізінде жүйелеп сипаттауда және қазақ тілінің оқу ассоциативтік сөздігін құрастыруға қажетті бастапқы дерекқор ұсынуда.

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Үдербаев А.Ж., Оданова С.А., Ибраймова Л.Ә. Қазақ тіліндегі ассоциативтік сөздіктер: эксперименттік деректер негізінде талдау // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 50-61. https://doi.org/10.47526/3107-3085.60
****Cite us correctly:***
Uderbaev A.Zh., Odanova S.A., Ibraimova L.A. Qazaq tilindegi associativtik sozdikter: eksperimenttik derekter negizinde taldau [Associative Dictionaries in the Kazakh Language: Analysis Based on Experimental Data] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 50-61. https://doi.org/10.47526/3107-3085.60

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.02.2026 / қабылданған күні 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған материалдарды қазақ тілін оқыту әдістемесінде, оқу ассоциативтік сөздіктер жасауда, сондай-ақ когнитивтік лингвистика, психолингвистика және мәдениаралық коммуникация салаларындағы қолданбалы зерттеулерде пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Кілт сөздер: ассоциативтік сөздік, еркін ассоциативтік эксперимент, стимул сөз, тілдік сана, түркітілдес студенттер, психолингвистика.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде тілдік сананың құрылымын, санадағы сөздік қордың жүйеленуін және сөздердің танымдық байланыстар жүйесін зерттеу өзекті ғылыми бағыттардың біріне айналып отыр. Бұл мәселелер психолингвистика, когнитивтік лингвистика және лексикография ғылымдарының тоғысында қарастырылады. Соның ішінде ассоциативтік лексикография тілдік бірліктердің адам санасында қалай ұйымдасатынын, сөздердің семантикалық және ассоциативтік байланыстарын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды зерттеу саласы болып табылады.

Ассоциативтік зерттеулер сөздердің адамның когнитивтік жүйесінде оқшау күйде емес, өзара байланысқан ассоциативтік желілер арқылы ұйымдасатынын көрсетеді. Мұндай байланыстарды анықтаудың негізгі әдістерінің бірі – еркін ассоциативтік эксперимент. Бұл әдіс стимул сөзге берілген алғашқы реакцияларды тіркеу арқылы тілдік сананың құрылымын сипаттауға мүмкіндік береді. Эксперимент нәтижесінде алынған деректер сөздердің семантикалық өрістерін, олардың когнитивтік және мәдени байланыстарын анықтауда маңызды эмпирикалық материал болып саналады.

Ассоциативтік лексикография саласында маңызды еңбек еткен зерттеушілердің қатарында Ю.Н. Караулов, Е.Ф. Тарасов, т.б. ғалымдарды атауға болады [1]. Олар адамның санасы әртүрлі мәдени белгілер арқылы көрініс табатынын атап өтеді. Сол мәдени белгілердің ішінде тілдік бірліктер – сөздер, мәтіндер және ассоциативтік өрістер ерекше орын алады. Бұл құбылыс тілдік сана ұғымымен тығыз байланысты және тіл арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, ассоциативтік деректер тілдік сананың құрылымын сипаттауда маңызды зерттеу материалы болып отыр.

Ассоциативтік лексикография психолингвистикалық зерттеулермен сабақтаса қалыптасқан ғылыми бағыт болып табылады. Оның теориялық және әдіснамалық негіздері XX ғасырдың басындағы Г. Кент пен А. Розановтың еркін ассоциативтік эксперименттерінен бастау алып, кейін А.А. Леонтьевтің орыс тілінің ассоциативтік нормаларына арналған зерттеулері арқылы жүйелі сипат алды [2; 3]. Бұл бағыттың қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ ассоциативтік сөздіктердің ғылыми маңызы М.К. Абаева, Н.В. Дмитрюк, Н.В. Уфимцева еңбектерінде жан-жақты қарастырылып, ассоциативтік деректердің тілдік сананың құрылымын сипаттаудағы және шет тілін меңгерту үдерісін жетілдірудегі маңызы айқындалған [4].

Қазіргі кезде Мәскеу психолингвистикалық мектебі зерттеушілерінің бастамасымен бірнеше ресейлік ассоциативтік-вербалды деректер қорлары жасалып, ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар басқа тілдер бойынша да оннан астам ассоциативтік деректер базасы қалыптастырылған. Олардың қатарында қазақ тіліне арналған екі ассоциативтік сөздік те бар [5; 6]. Бұл деректер базалары тілдік сананың құрылымын зерттеуге, әртүрлі тілдік қауымдардың мәдени-танымдық ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда талдауға мүмкіндік береді [7].

Қазақстанда ассоциативтік лексикография бағытындағы зерттеулер XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап дамып, қазақ тілінің ассоциативтік нормаларын сипаттайтын бірқатар сөздіктер жарық көрді [7; 8]. Бұл еңбектер қазақ тіліндегі ассоциативтік байланыстарды сипаттаудың эмпирикалық негізін қалыптастырғанымен, қазақ тілін екінші тіл ретінде

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

меңгерушілердің ассоциативтік реакцияларына сүйенген зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің ассоциативтік өрістерін эксперименттік деректер негізінде сипаттау өзекті ғылыми міндеттердің бірі.

Зерттеудің мақсаты – ассоциативтік эксперимент нәтижелері негізінде қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің ассоциативтік өрістерін талдау және олардың тілдік санадағы семантикалық байланыстарын сипаттау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерушілердің ассоциативтік реакцияларын эксперименттік деректер негізінде жүйелеу және осы негізде қазақ тілінің оқу ассоциативтік лексикографиясының эмпирикалық базасын толықтыруында көрінеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің эмпирикалық материалы қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеріп жүрген түркітілдес студенттердің ассоциативтік реакцияларынан құралды. Зерттеуге жоғары оқу орындарында білім алатын, қазақ тілін А1 деңгейінде меңгеріп жүрген 70 студент қатысты.

Стимул сөздер қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған А1 деңгейіндегі оқу құралдары мен оқулықтарды талдау негізінде іріктелді. А1 деңгейінің таңдалуы оның тіл үйренудің бастапқы кезеңін қамтуымен және білім алушылардың базалық лексикалық қорын қалыптастырудағы маңызымен түсіндіріледі.

Қазіргі әдістеме ғылымында оқу сөздіктері тілдік қатынасты қамтамасыз ететін маңызды лексикографиялық ресурс ретінде қарастырылады, өйткені олар тіл үйренушінің сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, грамматикалық құрылымдарды меңгеруіне және коммуникативтік дағдыларын дамытуына ықпал етеді [9]. Осыған байланысты зерттеуде ассоциативтік материалдарды іріктеудің негізі ретінде А1 деңгейіндегі лексикалық бірліктер алынуы тілдік санада қалыптасатын бастапқы семантикалық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Стимул сөздерді іріктеу барысында олардың қолданыс жиілігі, коммуникативтік маңыздылығы, тақырыптық репрезентативтілігі және мәдени-танымдық мазмұны ескерілді. Соның нәтижесінде күнделікті тұрмыс, әлеуметтік қатынас, білім беру, табиғат және мәдени тәжірибе салаларын қамтитын 32 стимул сөз таңдап алынды.

Зерттеу барысында еркін ассоциативтік эксперимент әдісі қолданылды. Бұл әдіс психолингвистикалық зерттеулерде сөздердің тілдік санадағы байланыстарын анықтаудың тиімді құралдарының бірі болып саналады. Эксперимент жүргізу үшін арнайы сауалнама әзірленді. Сауалнама екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде респонденттердің жасы, жынысы, ұлты, қазақ тілін меңгеру деңгейі және күнделікті қарым-қатынаста қолданатын тілі туралы жалпы әлеуметтік-демографиялық мәліметтер жинақталды.

Екінші бөлімде респонденттерге 32 стимул сөз ұсынылып, әрбір сөзге байланысты ойға алғаш келген 5-7 ассоциативтік сөзді немесе сөз тіркесін жазу тапсырылды. Эксперимент жазбаша форматта жүргізілді. Респонденттерге жауаптарды мүмкіндігінше жылдам әрі еркін беру қажеттігі түсіндірілді, бұл олардың табиғи ассоциативтік реакцияларын тіркеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде әрбір стимул сөз бойынша алынған реакциялар белгілі бір ассоциативтік өрісті қалыптастырды.

Алынған ассоциативтік материалдар бірнеше кезең бойынша өңделді: алдымен барлық реакциялар жүйеленіп, қайталанатын және бірегей жауаптар тіркелді, содан кейін әрбір стимул сөз бойынша реакциялардың жиілік көрсеткіштері анықталды. Бұдан кейін алынған жауаптар мазмұндық ерекшеліктеріне қарай семантикалық топтарға жіктеліп, ассоциативтік өрістерге салыстырмалы сипаттамалы талдау жүргізілді, сөздердің семантикалық, мәдени және бағалауыштық байланыстары қарастырылды.

Зерттеуде жиілік талдау, семантикалық топтау және салыстырмалы сипаттамалы талдау әдістері қолданылды. Аталған әдістер ассоциативтік өрістердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға және қазақ тілін үйренушілердің тілдік санасындағы когнитивтік байланыстарды сипаттауға мүмкіндік берді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі психолингвистикалық зерттеулерде ассоциативтік эксперимент тілдік сананың құрылымын сипаттайтын тиімді эмпирикалық әдістердің бірі ретінде кеңінен қолданылады. Ассоциативтік деректер арқылы сөздердің тілдік жүйедегі семантикалық байланыстары ғана емес, сонымен қатар тіл иесінің когнитивтік тәжірибесі, мәдени стереотиптері мен ұжымдық таным ерекшеліктері де анықталады. Сондықтан ассоциативтік зерттеулер психолингвистикамен қатар лингвомәдениеттану, этнолингвистика, әлеуметтану және лингводидактика салаларында да белсенді қолданысқа ие. Қазіргі қазақстандық психолингвистикада ассоциативтік бағыттағы зерттеулердің маңыздылығы Фазылжанова мен Дмитрюк еңбектерінде де атап көрсетіліп, ассоциативтік деректердің тілдік сананы сипаттаудағы ғылыми мүмкіндіктері қарастырылады [10; 11].

Қазақ тіліндегі ассоциативтік зерттеулердің тәжірибесінде лексикографиялық сипаттағы еңбектер де бар. Солардың бірі – Қ. Қадашева, С.Қ. Омарова, У.О. Асанова және А.О. Амиржанова авторлығымен жарық көрген «Ассоциативтік өріс және ортақ сөздер оқу сөздігі» [12]. Бұл еңбекте қазақ тілі оқулықтарындағы тақырыптық лексикалық минимум негізінде ассоциативтік өрістер жасалып, сөздердің мағыналық байланыстары көрсетілген. Сөздік материалдары әдеби мәтіндерден алынған мысалдармен толықтырылған және қазақ, түрік, өзбек тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтарына да назар аударылған. Мұндай жұмыстар ассоциативтік деректердің лексикографиялық тұрғыдан да маңызды екенін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі ассоциативтік зерттеулердің тағы бір бағыты жаңа лексикалық бірліктердің тілдік санадағы орнын анықтауға бағытталған. Осы тұрғыда Қ.С. Алдашева мен А.С. Набидуллидің еңбегі ерекше назар аудартады [13]. Авторлар кейінгі жылдары қазақ тіліне енген лексикалық жаңалықтарды зерттеп, олардың ассоциативтік тезаурусын құрастыру мақсатында еркін ассоциативтік эксперимент жүргізген. Зерттеу барысында стимул сөз ретінде қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалған 100 жаңа сөз таңдалып, 17-53 жас аралығындағы 293 респондентке сауалнама жүргізілген. Эксперимент нәтижесінде құлаққап, пернетақта, бедел-бейне, жаңартпа сияқты сөздерге берілген реакциялар талданып, олардың семантикалық байланыстары сипатталған. Авторлардың пікірінше, ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған материалдар жаңа лексикалық бірліктердің тілдік жүйеде орнығу дәрежесін және олардың коммуникациядағы белсенділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде ассоциативтік эксперимент сөздердің семантикалық және танымдық байланыстарын анықтаудың тиімді психолингвистикалық әдістерінің бірі ретінде қарастырылады. Мұндай эксперименттер стимул сөздерге берілген реакцияларды талдау арқылы сөздердің ассоциативтік өрісін және олардың тілдік санадағы ұйымдасу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, бірқатар зерттеулерде ассоциативтік эксперимент нәтижелері сөздердің абстрактылық және нақтылық деңгейіне байланысты қалыптасатын семантикалық байланыстарды сипаттауға қолданылған [14].

Ассоциациялық талдау теориясында ассоциативтік құрылым ең қарапайым деңгейде стимул мен реакция арасындағы байланыс түрінде қарастырылады. Ең кіші ассоциативтік бірлік S → R (стимул – реакция) моделінен тұрады. Бір стимул сөзге бірнеше реакциялар берілуі мүмкін, ал олардың жиынтығы белгілі бір ассоциативтік өрісті қалыптастырады [3]. Осындай реакциялар жиынтығы сөздің тілдік санадағы семантикалық және когнитивтік байланыстарын сипаттауға мүмкіндік береді.

Ассоциативтік зерттеулердің ірі халықаралық үлгілерінің бірі – G.R. Kiss бастаған зерттеушілер тобы жүргізген ағылшын тіліндегі еркін ассоциативтік эксперимент. Бұл зерттеу бірнеше кезеңде жүргізіліп, бастапқы кезеңде жиілік сөздіктері мен Basic English материалдары негізінде шамамен мың стимул сөз іріктелген. Кейінгі кезеңдерде алынған реакциялар жаңа стимул ретінде қолданылып, стимул сөздердің саны біртіндеп көбейген.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Нәтижесінде эксперимент барысында 8400-ге жуық стимул сөз қамтылып, шамамен 9000 респондент қатысқан. Зерттеу нәтижелері компьютерлік өңдеуден өтіп, 55837 бірліктен тұратын ассоциативтік тезаурус жасалған [15]. Бұл тәжірибе ассоциативтік деректердің сөздер арасындағы тура (стимул → реакция) және кері (реакция → стимул) байланыстарды анықтауда маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстандық психолингвистикада да ассоциативтік сөздіктер жасау тәжірибесі қалыптасқан. Н.В. Дмитрюктің жетекшілігімен даярланған KAS-2014 ассоциативтік сөздігінің материалы 2012–2014 жылдары жүргізілген жаппай ассоциативтік эксперимент нәтижелеріне негізделген [6]. Бұл зерттеуге Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарынан мыңнан астам студент қатысқан. Алдыңғы кезеңдегі KRAS-1978 материалдарымен салыстыру қазақ жастарының екі буынының тілдік санасындағы ассоциативтік байланыстарды салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл сөздікте гендерлік принцип те ескеріліп, қыздар мен ұлдардың берген реакциялары жеке-жеке көрсетілген [5].

Мысалы, «адам» стимул сөзіне берілген реакцияларды салыстыру белгілі бір семантикалық өзгерістерді көрсетеді.

1-кесте – KRAS-1978, KAS-2014 салыстыру нәтижесі

Адам (S)	160 (R)	KRAS-1978	жақсы - 109	ақылды - 96	үлкен -73	ұзын - 58
	204 (R)	KAS-2014	пенде - 114	жақсы - 74	ақылды - 59	ұзын - 58

KRAS-1978 – Адам (160): жақсы 109, ақылды 96, үлкен 73, ұзын 58, сұлу, кісі 46, қайрымды, көп 44, болу 38, күшті 25, ойшыл 21, адамгершілік 19, адамзат 13, т.б.

KAS-2014 – Адам (204): пенде 114 (ер 75, әйел 39), жақсы 74 (41-33), ақылды 59 (24-35), тірі жан 47 (26-21), адам баласы 43 (31-12), тіршілік иесі 35 (21-14), жеке тұлға 34 (18-16) жалғаса береді.

KRAS-1978 деректерінде «адам» сөзі көбінесе жеке қасиеттерді білдіретін сипаттамалармен байланысса (жақсы, ақылды, үлкен), KAS-2014 материалдарында «пенде», «тірі жан», «адам баласы», «жеке тұлға» сияқты жалпылаушы ұғымдардың жиі кездесуі байқалады. Бұл ассоциативтік өрістің уақыт өте келе мәдени-когнитивтік тұрғыдан өзгеруі мүмкін екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама қазақ тіліндегі ассоциативтік сөздікті құрастыруға қажетті эмпирикалық материал жинауға мүмкіндік берді. Жиналған деректер қазақ тіліндегі сөздердің мағыналық желілерін, мәдени және жеке ассоциацияларын анықтауға, сондай-ақ тіл үйрету әдістемесін жетілдіруге негіз бола алады.

Талдау барысында стимул сөздердің қазақ тілінің әртүрлі тақырыптық салаларын қамтуы маңызды екені анықталды. Сондықтан ассоциативтік өрістер бірнеше семантикалық топтарға бөлініп қарастырылды.

Бірінші топ – күнделікті өмір мен тұрмысқа қатысты сөздер. Бұл топқа телефон, тамақ, киім, ақша, үй жұмыстары, көлік сияқты лексемалар жатады. Мысалы, «телефон» сөзіне байланыс, қоңырау, интернет, әлеуметтік желі, хабарлама сияқты реакциялар берілді. Мұндай ассоциациялар қазіргі қоғамдағы коммуникациялық тәжірибенің тілдік санадағы көрінісін көрсетеді.

Екінші топ – адамның ішкі әлемі мен эмоциялық күйін білдіретін сөздер. Бұл қатарға бақыт, қайғы, махаббат, қорқыныш, ашу сияқты ұғымдар кіреді. Мысалы, «махаббат» сөзіне сезім, жүрек, сүйіспеншілік, бақыт, адалдық реакциялары берілді. Мұндай реакциялар эмоциялық-экспрессивтік лексиканың мәдени және психологиялық мазмұнын көрсетеді.

Үшінші топ – абстрактілі ұғымдар мен құндылықтар. Бұл топқа білім, болашақ, әділдік, еркіндік, өмір сияқты лексемалар кіреді. Мысалы, «білім» сөзіне оқу, мектеп, кітап, ғылым,

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

болашақ сияқты ассоциациялар берілді. Бұл реакциялар білімнің қоғамдағы құндылықтық маңызын айқындайды.

Төртінші топ – табиғат пен қоршаған ортаға қатысты сөздер. Мұнда су, күн, ағаш, гүл сияқты лексемалар қарастырылды. «Күн» сөзіне жарық, жылу, таң, шығу, бату сияқты реакциялар берілді.

Бесінші топ – технологиялық және ақпараттық кеңістікке қатысты сөздер. Интернет, компьютер, жаңалықтар сияқты сөздер қазіргі қоғамдағы ақпараттық ортаның тілдік санадағы көрінісін сипаттайды.

Бұл сөздер тізімінде А1 деңгейіндегі тіл үйренушілер үшін салыстырмалы түрде күрделі лексемалар да кездеседі. Дегенмен мұндай материал ассоциативтік сөздіктің дерекқорын кеңейтіп, қазақ тіліндегі когнитивтік құрылымдарды жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген сауалнама құрылымы екі негізгі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде респонденттердің жасы, жынысы, ұлты, күнделікті қолданатын тілі және қазақ тілін меңгеру деңгейі туралы мәліметтер жинақталды. Екінші бөлімде әрбір стимул сөзге қатысты 5-7 ассоциативтік реакция жазу ұсынылды.

Ассоциативтік мәліметтерді талдау барысында респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары маңызды фактор ретінде қарастырылды. Мысалы, жас ерекшелігіне қарай түрлі топтардың ассоциацияларында айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Бұл айырмашылықтар олардың өмірлік тәжірибесі мен тілдік қорының әркелкілігімен байланысты. Сол сияқты жыныстық айырмашылықтар да белгілі бір лексемаларға берілетін реакциялардың сипатына әсер етуі ықтимал.

Зерттеу нәтижелерін жүйелеу мақсатында әрбір стимул сөзге берілген реакциялар ассоциативтік кесте түрінде ұсынылды (2-кесте).

2-кесте – Ассоциативтік сөздік кестесі

Стимул сөз	**Ассоциациялар**
1	**2**
адам	жақсы; ақылды; кісі; ұзын бойлы; сұлу; қайырымды; тіршілік иесі
асхана	тамақ; дәмді; ас; тазалық; ыстық; ас әзірлеу; отбасы
ауа райы	жаңбыр; күн; суық; ыстық; бұлт; қар; жел
аурухана	дәрігер; ем; дәрі; науқас; емделу; ақ халат; палата
базар	сатушы; сауда; баға; жеміс; көкөніс; адам көп; дүкен
дәрігер	ем; науқас; денсаулық; аурухана; инемен емдеу; дәрі; ақ халат
дос	сенім; жақын; көмек; сырлас; балалық; жан; қуаныш
дүкен	сатып алу; тауар; ақша; ассортимент; касса; клиент; сатушы
жол	көлік; автобус; жүру; тас жол; жолаушы; бағыт; карта
жұмыс	кеңсе; ақша; еңбек; әріптес; міндет; уақыт; мансап
жыл мезгілдері	қыс; жаз; көктем; күз; табиғат; ауа райы; мереке
кездесу	дос; сөйлесу; күту; таңдау; күн; сағат; қауышу
кітапхана	кітап; оқу; тыныш; білім; оқырман; ғылым; сөре
қала	ғимарат; адам көп; шулы; орталық; көлік; көше; әкімшілік
қонақ	дәм; үй; қонақжай; той; дастарқан; күту; туыс
мамандық	мұғалім; дәрігер; инженер; жұмыс; таңдау; білім; карьера
мезгіл	уақыт; жыл мезгілі; таң; кеш; түскі ас; сағат; күн тәртібі
мейрам	наурыз; той; демалыс; құттықтау; отбасы; мереке; сыйлық
мұражай	тарих; өнер; экспонат; сурет; мәдениет; білім; экскурсия
оқу	кітап; білім; университет; мектеп; дәріс; тапсырма; емтихан

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

2-кестенің жалғасы

1	2
Отан	Қазақстан; ел; туған жер; жер; халық; тәуелсіздік; патриотизм
отбасы	ана; әке; бала; үй; мейірім; махаббат; ата-ана
саяхат	жол; көлік; жаңа орын; туризм; шетел; көру; жады
спорт	доп; денсаулық; жаттығу; жеңіс; ойын; команда; стадион
табиғат	орман; өзен; ағаш; гүл; жануар; таза ауа; көл
танысу	есім; сұхбат; жүздесу; жылы сөз; амандасу; дос; сәлемдесу
тіл	сөйлеу; үйрену; аударма; грамматика; лексика; мемлекеттік; коммуникация
уақыт	сағат; күн; жыл; күнтізбе; мерзім; жоспар; кешігу
үй (пәтер)	бөлме; жиһаз; шаңырақ; жарық; терезе; отбасы; жайлы
үйлену	той; жұп; махаббат; неке; отбасы; қалыңдық; мереке

Мысалы, «адам» сөзіне берілген «жақсы», «ақылды», «кісі», «ұзын бойлы», «сұлу», «қайырымды», «тіршілік иесі» ассоциациялары сөздің тек тура мағынасын ғана емес, сонымен қатар оның сапалық сипаттамаларын және биологиялық мәнін де қамтиды. Бұл ассоциативтік өрістің көпқабатты құрылымын көрсетеді.

Модалділікке алғаш жүйелі назар аудартқандардың бірі – Ш. Балли. Ол сөйлемді мағынасы ашық екі құрамнан тұрады деп қарастырады: біріншісі – сөйлемнің мазмұнын білдіретін диктум, екіншісі – сол мазмұнға сөйлеушінің көзқарасын танытатын модус. Балли модалділікті «сөйлемнің жаны» деп сипаттайды. Кең мағынада диктум белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды, заттардың күй-қалпын бейнелейді. Ал модус осы мазмұнның «қалай» айтылғанын айқындайды: оны кім және кімге айтты, қашан және қандай жағдайда жеткізді, қандай мақсатты көздеді – барлығы модаль қыр арқылы көрінеді. Осылайша модус сөйлемнің ақпаратын бағалау, сенім дәрежесін көрсету, міндеттеу не ықтималдық сияқты реңктермен сипаттап, мазмұнды коммуникативтік жағынан толықтырады [4, 159-б.].

Орыс тіл білімінде мәтіндік модалділік ұғымы кең өріс алды. Мәтіндік модалділік - тілдік модалділіктің ең жоғары деңгейдегі ұйымдасуы. Ол сөйлеу актісіндегі «мүмкіндік/қажеттілік», «сенім/күмән», «бағалау/нормалау» сияқты мәндерді жеке сөйлем шегінен асырып, тұтас мәтіннің композициясы мен дауыс жүйесіне бекітеді. Бұл ұғым XX ғасырдың екінші жартысында мәтін лингвистикасының қалыптасуымен айқындалып, «мәтіндік модалділік», «текст модалділігі» терминдерін ғылыми айналымға И. Гальперин енгізді. Ол көркем шығармаларда модал реңктің мәтін көлемінде қалай ұйымдасатынын жүйелі сипаттады [5, 56-б.].

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Мәтіндік модалділік – мәтіннің құндылық-мағыналық кеңістігімен тікелей ұштасқан, авторлық ұстаным мен оқырманға әсер ету тетіктерін біріктіретін кешенді категория. Ол лексика, грамматика мен синтаксистен бастап, интонация, фокализация және композицияға дейінгі құралдарды бір мақсатқа жұмылдырып, көркем мәтіндегі мағынаны «қалай» және «қандай позициядан» құралатынын көрсетеді [6, 160-б.].

А.М. Пешковский райды – сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатынасын, ал шақты – әрекеттің жүзеге асу уақытына қатынасын білдіретін көрсеткіш деп түсіндіреді. Ол сөздер мен сөз тіркестері арасындағы нақты байланыстарды айқындайтын категорияларды объективті-синтаксистік, ал осы байланыстарға сөйлеушінің көзқарасын жеткізетін құбылыстарды субъективті-объективті синтаксистік категориялар деп атайды. Ғалымның түсіндіруінше, бұл екінші топ сөйлеушінің субъективті қатынасын білдіреді және оған рай, шақ, жақ сияқты грамматикалық категориялар, сөйлем түрлері (хабарлы, сұраулы, лепті), сондай-ақ болымдылық пен болымсыздық жатады.

Модалділікті дербес тілдік категория ретінде қарастыру дәстүрі В. Виноградов еңбектерінен бастау алады. Ол «субъективті-объективті категориялар» атауын «модалділік» терминімен алмастырып, модалділікті әрбір сөйлемнің шындыққа қатысын айқындайтын маңызды құрылымдық белгі деп пайымдады [7, 10-б.].

А.В. Бондарко модалділікті функционалды-семантикалық өріс ретінде сипаттап, оның екі қабатын ажыратады: объективті қабат (реалдылық/ирреалдылық) және субъективті қабат (сөйлеушінің бағалауы). Мұндай жіктеу кейінгі мәтіндік-прагматикалық зерттеулерге теориялық негіз болды [8, 92-б.]. Ал Е. Вольф бағалау семантикасын модалдік мәнмен ұштастырып, «жақсы/жаман», «орынды/орынсыз» тәрізді құндылық оппозициялары сөйлемнің модалдік реңкін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді [9, 97-б.].

Көркем мәтіндегі модалділікті қазақ тіл білімінде зерттеу екі арнада қалыптасты: біріншісі - грамматикалық (рай жүйесі, болымдылық/болымсыздық, модаль сөздер), екіншісі - поэтикалық-прагматикалық (авторлық бағалау, баяндаушы дауыстың ұстанымы, кейіпкер сөйлеуіндегі қалау/болжал/тыйым реңктері). Алғашқы іргетас А. Байтұрсынұлының сөз этикасы мен «қалай сөйлеудің» нормаларын айқындаған пайымдарында қаланды. Көркем сөздегі бұйрық, тілек, кеңес, шектеу сияқты реңктердің орны мен жағдайға сай қолданылуы модалдік мағынаның мәдени-тәрбиелік негізін көрсетеді [10]. Кейінгі грамматикалық сипаттамада рай, шақ, жақ, сөйлем түрлері арқылы көрінетін модаль өрістер жүйеленді [11, 518-б.]. Бұл деңгейде «-сын/сін», «-са екен», «-ғай/гей», «болар/шығар», «жөн/керек/тиіс» тәрізді көрсеткіштердің көркем контекстегі қызметі – кейіпкер психологиясы мен авторлық бағалауды ұйымдастыратын тетік екені ашылды.

Поэтикалық-стилистикалық зерттеулер модальділікті автор дауысының бағалау өрісі, эстетикалық әсер мен этикалық кодты іске қосатын айрықша құрал ретінде қарастырды. Академик Р. Сыздық поэзия тіліндегі бағалау, ырғақ-интонация және сөйлеуші ұстанымын талдай отырып, Абай мен кейінгі ақындарда болжал, ықтималдық және қалау реңктерінің психологизм құралына айналатынын көрсетеді. Мұнда «бәлкім/сірә», «болар/шығар», «ұқсап бақ», «жөн болар» сияқты формалар оқырманды авторлық пайымға «сындарлы келісіммен» жетелейді [12, 128-б.]. Этнолингвистикалық және сөз мәдениеті бағытында модаль маркерлердің («жөн», «ұят», «обал-сауап», «аманат») көркем мәтінде ұлттық құндылықтарды белсендіретін бағалау-нормалау қызметі дәлелденді. Бұл кейіпкер сөзі мен авторлық баяндаудағы сыпайы/тура айту теңгерімін, тыйым мен рұқсаттың мәдени шарттылығын түсіндіруге мүмкіндік береді [13, 101-б.].

Талдау мен нәтижелер

Сипаттау мәтіні тек «не бар?» дегенді тіркеп қоймайды, ол «қалай көрінеді және қай ұстанымнан көрсетіледі?» дегенді де реттейді. Осындай реттеу тілдік модалділікке жатады: оқырманға күдік немесе үміт сыйлау (эпистемикалық реңк), «солай болуы тиіс» деген ішкі

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

міндетті ишаралау (деонтикалық реңк), дұрыс/бұрыс өлшемін астарлау (аксиологиялық реңк) - барлығы суреттеу ішінде іске асады.

Жазушы Ә. Нұрпейісов теңіз жағасындағы кешті бейтарап, хабарлы сөйлемдермен, бірақ сапалық сөзтаңдаумен беруі эпистемикалық реңк тудырады. Мысалы, «*Еламан салқын амандасты… суық қапқан киімі сықырлап…».* Бұл жай сөйлемдер, ашық рай, қысқа номинативті кадрлар - бәрі де фактіні «құрғақ» айтып тұрғандай. Бірақ «салқын», «суық қапқан», «сықырлап» сияқты сапалық атаулар мен дыбыстық әсер қауіптің барын сөзсіз сездіреді. Ертеңгі қадам әлі айтылмағанымен, «сақ болу керек» деген ішкі бағдар қалыптасады. Яғни сипаттаудағы модалділік тікелей бағалаумен емес, сенім деңгейін баяу өзгертетін сөзтаңдаумен туады.

Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында аксиологиялық реңк өзгеше түр алады. Жазушы құмды кеңістікті суреттеу арқылы дүниенің тұрақсыз ағысын оқырманға «осылай болуы әдеттегі жайт» деп қабылдаттады. *«Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады»* деген алғашқы жолдар қимыл етістігінің үстемдігімен жасалған. Сын есім қолданысы аз, етістікті тіркесі көп бұл құрылым іздің ұзақ сақталарына сенімді әлсіретеді. Сөйлемаралық байланыстарда құм бедерінің жылдам қалпына келуін ұдайы бекітіп отырады. Оқырман санасында «мына кеңістікте тұрақтылық сезілмейді» деген өлшем біртіндеп орнығады. Бұл бағалау тікелей айтылмайды, кеңістіктің өз мінезінен байқалады. Мұндағы модалділік - көрініс арқылы оқырманды қорытынды шығарып алуға жетелеу.

Деонтикалық реңк көбіне кәсіп пен күнделікті тәртіп суреттелген тұста айқын байқалады. Ә. Кекілбаевтың «Шыңыраудың» алғашқы бетінде Еңсептің таңертеңгі қимылы мінез емес, «режим» ретінде беріледі: «*Шай ішіп шықты да… құдықтың басына келді»* Жер асты әлемі «саңылауы жоқ қара түнек», «ызғар» сияқты сезімдік атаулармен қатар жүреді. Мұндағы сипаттау - жай сөйлемдер мен ашық рай арқылы көрінеді. Бірақ рет-ретімен өрілген іс-әрекет өзі-ақ «солай етуі керек» деген талапты аңдатады. Сипаттаудағы модалділік осылайша ашық айтылмаған, бірақ міндеттелетін ұстаным ретінде орнығады.

Сипаттау мәтініндегі тілдік модалділік оқырманның көз алдына үміт пен сақтықты қатар елестетеді. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» («Қайтқанда») тарауындағы алғашқы жолдар - соның үлгісі: *«Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асық-қанды».* Номинативті және бейтарап хабарлы сөйлемдер «соңғы күн», «ерте», «асыққан» сияқты сөздермен ұштасқанда, ашық бұйрықсыз-ақ қимылға дайындық (қажеттілік) сезіледі. Сипаттау оқиғаның алдына түсіп, оқырманды белгісіздікті сезінсе де, соған қарсы іштен бекінуге жетелейді.

Бұл мысалдар сипаттау модусының үш қырын айқын көрсетеді. Біріншіден, эпистемикалық реңк сөзтаңдау мен ырғағы арқылы сенім деңгейін өзгертеді. Екіншіден, аксиологиялық реңк кеңістіктің «мінезінен» туып, «тұрақсыздық» өлшемін орнықтырады. Үшіншіден, деонтикалық реңк ашық бұйрықсыз-ақ реттелген әрекет пен режим арқылы сезіледі.

Сипаттау модусы осылайша көркем мәтіндегі модалділіктің бастау межесін құрайды. Суреттеу оқырманды оқиғаға дейін белгілі бір қабылдауға жұмылдырады, ал кейінгі баяндау мен пайымдау сол межеден «қуат» алады. Демек, «қандай?» және «қай?» сұрақтарына жауап беретін сипаттау – бір мезетте «қалай қабылдау керек?» дегенді де қалыптастыратын функционалды-семантикалық модус.

Баяндау (әңгімелеу) – оқиғаны бір дауыстың уақыты мен логикасына бағындырып жеткізетін мәтіндік модус. Ол тек «не болды?» дегенге емес, «оқиға қалай өрбиді, оны кімнің көзімен, қандай сеніммен және қандай нормамен көреміз?» деген сауалдарға жауап береді. Сондықтан баяндаудағы модалділік, ең алдымен, уақыт пен себеп-салдардың құрылымынан, баяндаушының позициясынан, сондай-ақ ықтималдық пен міндеттілік реңктерінен көрінеді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Айталық, «Абай жолында» жас Абайдың шешім қабылдар сәтін автор баяндаушы дауыспен кезең-кезеңдеп әңгімелейді: оқиға бұрынғы таласқа қысқа шегініспен оралады, сонан соң «бүгін» деген уақыт алаңында күшею артады. «*Енді тартыну жарамас*» тәрізді қысқа сөйлемдер мен қалау-тілек мағынасындағы тіркестер (мысалы, «барса жөн») деонтикалық мән береді, ал «сияқты», «шығар» тәрізді шағын сөздер эпистемикалық жол ашып, шешім нақтыланбаса да, оның мүмкіндігі жоғары екенін аңғартады. Баяндау «ол солай істеуі керек» дегенді тура айтпайды, ал қажетті шешім себеп-салдар желісі арқылы табиғи түрде қабылданады. Осылайша, баяндау мәтініндегі модалділік оқиға өрісін жүйелеп, оқырманды қажет қадамға іштей дайын етеді.

Баяндау мәтініндегі модалділік қажеттік пен белгісіздіктің арасын табиғи түрде үйлестіреді. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының теңізге шығу алдындағы тартысында «бүгінгі» қатер мен «кешегі» амалсыздық алма-кезек еске түсіріліп, қысқа репликалар мен ішкі сөзге жақын авторлық баяндау әрекетті кейінге қалдыруға болмайтынын аңғартады. Баяндаушы «керек/тиіс» сөздерін сирек айтады, есесіне себеп-салдарлық байланысқа сүйенеді. Сондықтан «баруға тура келеді» мағынасы оқиға желісінде табиғи орнығады. «*Бәлкім, ертең теңіз ашылар*» сияқты емеуріндер сенімнің мөлшерін реттеп тұрады. Мұнда міндеттеу бар, бірақ оның орындалуы табиғаттың мінезіне тәуелді. Осылайша, баяндау мәтініндегі модалділік - оқырманды тікелей үгіттемей, оқиға логикасының өрбуі арқылы қажет қадамға дайындыққа жетелейді.

Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесінде негізгі қақтығысқа апарар бөлімдер ашық райдағы баяндаумен беріледі, бірақ интонация әр қадамның соңында туатын салдардың елесін үзбей сездіріп отырады. Алдыңғы сүрінулерді еске түсіретін қысқа шегіністер кейінгі әрекеттің логикалық жалғасын дайындап, оқырманды «қалай болады?» дегеннен гөрі «осылай болуы заңды» деген қабылдауға жетелейді. Бұл құбылыс тілдік деңгейде қалау, шарт формалары, мақсат мәнді тіркестер және еркін жанама сөйлеу арқылы көрінеді. Осылайша баяндаудың модаль өрісі оқиғаның ішкі заңдылығын айқындап, қажет нәтижені табиғи қорытынды ретінде қабылдатуға қызмет етеді.

М. Мағауиннің «Көк мұнар» романында баяндау оқиғаның өзінен гөрі кейіпкердің ішкі даусына, сенім мен күмәннің алмасуына сүйенеді: баяндаушы кейде сол ішкі сөйлеуге еніп, еркін жанама түрде ой ағымын жеткізеді. «Қайткенде дұрыс?», «солай ма еді?» тәрізді сұрақтар күмәнді бірде күшейтіп, бірде бәсеңдетіп отырады. Ал «енді бұлай жүру жарамас» сияқты парызға меңзейтін тіркестер міндетті сезімін алға шығарады. Нәтижесінде баяндау оқиғаны «жөні осы» деген бағытқа бұрғанымен, әр қадам алдын ала айқындалмаған күйде қалады. Дәл осы тұста модалдік реңк тұрақсыз сенім мен біртіндеп бекитін жауапкершіліктің тартысынан туады.

М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасында» қуғын-сүргінге жалғасатын тұстарда қысқа сөйлемдер, бұйрыққа жақын қимыл етістіктері (мысалы, «жедел бұрылды», «ұстай берді») және мақсатты құрылымдар (қашып құтылу үшін) себеп-салдар желісін үдетеді. Оқиға ағысы өзі-ақ «мүмкін» мен «қажет» арасындағы логиканы құрады: тоқтаса - ұсталады, жылдамдатса - құтылады деген шарт оқырман санасында алдын ала қажетті қадамдарды бекітеді. Ұстай ма, қоя ма деген белгісіздік сақталғанымен, «қашу керек» деген міндет мағынасы басым түседі. Осылайша баяндаудағы модалдік реңк қозғалыс пен мақсаттың байланысы арқылы қажет әрекетті табиғи заңдылыққа айналдырады.

Көркем мәтінге тән құбылыс – кейіпкердің сөзі мен баяндаушы мәтінінің алмасуына қарай модалдік реңктің бірден өзгеруі. Тікелей сөз субъективті бағалауды ашық береді; ал жанама не еркін жанама сөйлеу сол бағалауды әңгімелеудің өз құрылымына сіңіріп, үнін бәсеңдетеді. Мысалы, кейіпкердің «бүгін бармасақ болмайды» дегені міндетті әрекетті қатаң түрде танытса, баяндаушының «бүгін баруға тиіс еді» деп беруі сол мазмұнды оқиға желісінің ішкі логикасына көшіреді. Мұнда модалділік «кім айтты?» дегеннен гөрі «оқиға қай бағытқа бет алды?» деген сұрақпен өлшенеді. Демек, баяндаудағы модалдік реңк -

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

дауыстардың ауысуын, бағалаудың ашықтан астарлы формаға өтуін реттеп тұратын синтаксистік-прагматикалық тетік.

Баяндау модусы оқиғаның ретін, себеп-салдарын және шешімге жетудің логикасын тілдік деңгейде құрастырады. Уақыт пен шартты білдіретін формалар, мақсат пен нәтижені жалғайтын құрылымдар, ықтималдық пен міндетті сездіретін тіркестер, жанама және еркін жанама сөйлеу сияқты амалдар бір желіге бірігіп, оқиға өрісін реттейді. Нәтижесінде қажетті әрекет тікелей бұйрықпен емес, оқиғаның өз заңы арқылы қабылданады: алдымен себеп-салдар нақтыланып, содан соң жасалатын қадамның қажеттілігі айқындалады, ақырында шешімнің дұрыстығы табиғи қорытынды ретінде көрінеді.

Баяндаудағы модалділіктің ерекшелігі – қажет пен мүмкіннің тепе-теңдігін сақтай отырып, оқырманды іштей дайын күйге көшіруі. Бір жағынан, тармақталған себеп-салдар тізбегі әрекеттің керек екенін көрсетеді. Екінші жағынан, табиғат, орта, қарсы күш сияқты факторлар белгісіздік тудырады. Осы екі арнаның тоғысында мақсатқа бағытталған тілдік құрылымдар мен дауыстардың алмасуы бағалауды ашық үкімге айналдырмай, әңгімелеудің өз құрылымына сіңіреді. Соның арқасында баяндау оқиғаны тек хабарламай, оны қажет, мүмкін, орынды деген бағалаулардың жолына салып, оқырманды сендіреді және әрекетке жетелейді.

Пайымдау – «не болды?» дегенді реттейтін баяндаудан айырмашылығы, «неліктен солай болды және неге дәл осылай болуы тиіс?» дегенді дәлелдеуге ұмтылатын модус. Осыған сай модалділік те өзгеше құралады: эпистемикалық реңк күшейіп, деонтикалық реңк логикалық байланыстар арқылы анықталады; аксиологиялық реңк тұжырымға айналады. Аталған реңктер лексика-синтаксистік деңгейде – себеп-салдар, мақсат, қарсылық байланыстарын өрістету, қыстырма пайымдаулар, риторикалық сұрақтар мен авторлық қорытындылар арқылы іске асады. Пайымдау модусы сипаттаудағы «сезіндіру» мен баяндаудағы «реттеу» қызметін өзіне жинап, уәжді «бекітуге» айналдырады. Сондықтан мұнда модалдік реңк ашық, дәлелге сүйенген және тұжырымдық сипатта беріледі.

«Абай жолы» романының ой толғауға ауысатын тұстарында баяндаушы дауыс оқиғаны бөгеп, себептілік пен моралдық норманы айқындап отырады. Кейіпкер қадамы «жөн бе, теріс пе?» деп таразыланып, қорытынды «міне, осылай ету керек еді» деген деонтикалық мәнмен тиянақталады. Риторикалық сұрақ пен қыстырма сөздер эпистемикалық сенімді арттырып, оқырманды дәлелге иландырады; ал ұлттық-этикалық өлшем (ата жолы, парыз, әділет) аксиологиялық ұйытқыға айналады. Осылайша пайымдаудағы модалділік нақты уәжге сүйенеді. Дәл осы мезетте солай істеудің орынды екені қисынды дәлелмен нығая түседі. Бұл сипаттаудағы астарлы бағалаудан және баяндаудағы кезең-кезеңімен ұйымдасқан әрекеттен гөрі айқынырақ тұжырымға ұласады.

Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы ойға тоқталатын үзілістерде билік, қызғаныш, уақыт жөніндегі авторлық толғаныс түбі «не дұрыс?» деген бағалау сұрағына келіп тіреледі. Әміршінің өзін-өзі иландырып, күдігін сейілтуге тырысатын ішкі сөзі оқырманның сенімін бір сәт күшейткендей болады да, сол шешімді дұрыс деп қабылдауға итермелейді. Бірақ бір мезеттен кейін-ақ уақыттың өткіншілігі мен құмның мінезі бұл сенімді қайта шайқап, «міндет» деп танылған әрекетті салыстырмалы етіп қояды. Осылайша пайым модусы парадоксты өріс жасайды: рәсім мен биліктің қисыны дәлелденгендей көрінгенімен, уақыт пен кеңістік логикасы сол дәлелдің өзіне күдік түсіреді. Мұндағы модалдік реңк сендіру мен күмәннің алма-кезек басымдығынан туады. Бұл баяндаудағы алдын ала емеуріннен гөрі айқынырақ, ал сипаттаудағы астарлы бағалаудан гөрі тікелей сезіледі.

Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясында пайымдау көбіне әлеуметтік-этикалық тұжырымға тіреледі. Күнкөріс, тәуекел, жауапкершілік арасындағы байланыс себеп пен салдардың ретімен дәлелденіп, «бармай болмайды» деген міндет сезімі ашық айтылады. «Өйткені», «сондықтан», «әйтсе де» сияқты авторлық қыстырмалар оқырманның сенімін

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

бекітіп, теңіз, суық, аштық тәрізді нақты жағдайларды моралдық өлшеммен ұштастырады. Осы негізде «бұл сәтте өзге таңдау қолайсыз» деген тұжырым жасалады. Пайымдау сипаттаудың эмоциялық ишарасынан да, баяндаудың кезең-кезеңімен өрбитін желісінен де әрі өтіп, ұстанымды айқын тұжырымдайды. Оқырман «дұрыс жол - осы» деген қорытындыны уәжді негіз арқылы қабылдайды.

Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерді былайша топтастыруға болады:

Зерттеу көркем мәтіндегі модалділіктің функционалды-семантикалық өзегі үш модусқа - сипаттау, баяндау, пайымдауға жіктелгенде айқындалатынын көрсетті. Сипаттау бөлігінде автор оқырманға тікелей үкім айтпайды, бірақ сөз таңдауы мен сөйлем ырғағы арқылы қабылдауды бағыттайды. *Суық, күңгірт, ызғар* тәрізді сапалық атаулар, қысқа және созылыңқы сөйлемдердің алмасуы, көсемше мен қалып етістіктерінің тізбегі оқырманды бірте-бірте күту мен бағалау күйіне енгізеді. Кейде іс-әрекеттің ретпен берілуі сөзсіз-ақ «солай істеу керек» деген ойды табиғи түрде сездіреді. Осылайша сипаттау қандай және қай деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқиға басталмай тұрып-ақ оны қалай қабылдау керегіне меңзейді.

Баяндауда модалдік мән оқиғаның уақыты мен себеп-салдарын жүйелеу арқылы жасалады. Шарт пен мақсатты білдіретін құрылымдар, еркін жанама сөйлеу, сондай-ақ *шығар, тиіс, тура келеді* секілді сөздер қажетті әрекетке апаратын жолды қалыптастырады. Соның жанында табиғат, тәуекел, қарсы күш сияқты факторлар белгісіздікті сақтап тұрады. Нәтижесінде оқиға ағысы оқырманды тікелей бұйрықсыз-ақ керек қадамға дайындыққа әкеледі.

Пайымдауда автор уәж бен қорытындыны алға шығарып, қалай дұрыс екенін айқын көрсетеді. Демек, *сондықтан, әйтсе де* секілді ой байланыстыратын сөздер, риторикалық сұрақтар мен авторлық тұжырымдар сенімді күшейтеді, қандай әрекет дұрыс екенін дәлелмен негіздейді. Жалпы алғанда, үш модус бірін-бірі толықтырады: сипаттау алдымен сезіндіреді әрі бағдарлайды, баяндау оқиға өрбуін жүйелейді, пайымдау қорытындыны орнықтырады. Осы бірізділік автор ұстанымын айқындап, оқырман қабылдауын табиғи түрде қалыптастыратыны байқалды.

Қорытынды

Бұл зерттеу көркем мәтіндегі модалділіктің мәні «не айтылды?» дегеннен гөрі «қалай қабылданады және қай ұстанымнан бағаланады?» деген сауалдарда жатқанын көрсетті. Сипаттау, баяндау, пайымдау модустары бір-бірінен тілдік амалдары арқылы ажырайды да, авторлық ұстанымды әр қырынан танытады. Сипаттау мәтінінде модалдік реңк перцептивтік және сапалық атаулармен астарланып, оқырманды құндылықты сезінуге жетелейді. Баяндауда уақыт пен себеп-салдар желісі қажет әрекетті оқиғаның өз заңдылығына айналдырады; пайымдауда уәж бен қорытындының тізбегі солай ету дұрыс әрі қажет екенін айқын негіздейді. Осы үш модус өзара ұштасып, сенім мен күмәнді, міндет пен қажеттілікті, бағалау мен норманы табиғи түрде ұштастырады. Зерттеу нәтижелері мәтін талдауында модалділікті жеке форма ретінде емес, функционалды-семантикалық өріс ретінде қараудың тиімді екенін дәлелдеді. Модаль сөздер мен бөлшектер, рай-шақ тұлғалары, қыстырма-қаратпа құрылымдар, еркін жанама сөйлеу және интонациялық-пунктуациялық шешімдер ортақ мақсатқа тоғысқанда, оқырман қабылдауы алдын ала бағдарланып, авторлық позиция дәйекті көрінеді. Бұл тұжырымдар әдеби талдауда, мәтін лингвистикасы мен стилистика пәндерінде, сондай-ақ авторлық дауыс пен оқырманға әсер ету стратегияларын сипаттайтын практикалық жұмыстарда қолдануға ыңғайлы.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын AP 32321673 «Қазақ мәтіндерінің графикалық-пунктуациялық безендірілуінің ортологиялық, коммуникативтік негіздері және оның AI-моделінің тілтанымдық базасын әзірлеу» тақырыбындағы грант жобасы негізінде жазылды.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Palmer F. Mood and Modality. – 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 236 p.
2. Nuyts J. Epistemic Modality, Language and Conceptualization: A Cognitive-Pragmatic Perspective. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins, 2001. – 448 p.
3. Narrog H. Modality, Subjectivity, and Semantic Change. – Oxford: Oxford University Press, 2012. – 333 p.
4. Төрехан Б., Рамазанов Т., Садық А. Модалділік категориясының лингвомәдени аспектісі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №4 (200). – Б. 156-165. https://doi.org/10.26577/EJPh2025200413
5. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 144 с.
6. Iskakova G.Zh., Shalabay B. The author's modality in a literary text as a manifestation of the moral values of the author // Tiltanym. – 2023. – №1 (89). – P. 155-168. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-155-168
7. Құлманов С. Қазақ тіліндегі модалділік категориясының функционалды-семантикалық өрістері. – Алматы: Qazaq kitaby, 2024. – 372 б.
8. Бондарко А. Теория функциональной грамматики: Темпоральность. Модальность. – Ленинград: Наука, 1990. – 262 с.
9. Вольф Е. Функциональная семантика оценки. – Москва: Наука, 1985. – 228 с.
10. Байтұрсынұлы А. Он екі томдық шығармалар жинағы. 4-том. Тіл-құрал. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – 384 б.
11. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
12. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.
13. Уәли Н. Сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – 2-басылым. – Алматы: Асыл, 2025. – 424 б.

REFERENCES

1. Palmer F. Mood and Modality. – 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 236 p.
2. Nuyts J. Epistemic Modality, Language and Conceptualization: A Cognitive-Pragmatic Perspective. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins, 2001. – 448 p.
3. Narrog H. Modality, Subjectivity, and Semantic Change. – Oxford: Oxford University Press, 2012. – 333 p.
4. Torehan B., Ramazanov T., Sadyq A. Modaldilik kategorıasynyn lingvomadeni aspektisi [The linguocultural aspect of the category of modality] // QazUU Habarshysy. Filologia seriasy. – 2025. – №4 (200). – B. 156-165. [in Kazakh]
5. Galperın I.R. Tekst kak obiekt lingvisticheskogo issledovania [Text as an Object of Linguistic Research]. – Moskva: Nauka, 1981. – 144 s. [in Russian]
6. Iskakova G.Zh., Shalabay B. The author's modality in a literary text as a manifestation of the moral values of the author // Tiltanym. – 2023. – №1 (89). – P. 155-168. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-155-168
7. Qulmanov S. Qazaq tilindegi modaldilik kategoriasynyn funkcionaldy-semantikalyq oristeri [Functional and semantic fields of the category of modality in the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq kitaby, 2024. – 372 b. [in Kazakh]
8. Bondarko A. Teoria funkcionalnoi grammatiki: Temporalnost. Modalnost [Theory of functional grammar: Temporality. Modality]. – Lenıngrad: Nauka, 1990. – 262 s. [in Russian]
9. Volf E. Funkcionalnaia semantika ocenki [Functional semantics of evaluation]. – Moskva: Nauka, 1985. – 228 s. [in Russian]
10. Baitursynuly A. On eki tomdyq shygarmalar jinagy. 4-tom. Til-qural. [Language is a tool. Twelve volumes]. – Astana: «Alashorda» QQ, 2022. – 384 b. [in Kazakh]
11. Qazaq grammatikasy. Fonetika, sozjasam, morfologia, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax]. – Astana, 2002. – 784 b. [in Kazakh]
12. Syzdyq R. Abai shygarmalarynyn tili. Koptomdyq shygarmalar jinagy. T.1 [The Language of Abai's Works. Collected Works (Multi-volume Edition). Vol.1]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 384 b. [in Kazakh]

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

13. Uali N. Soz madenietinin teorialyq negizderi. – 2-basylym [Theoretical Foundations of Speech Culture. 2nd ed.]. – Almaty: Asyl, 2025. – 424 b. [in Kazakh]

Functional-semantic Characterization of Modality in the Literary Text

Abstract. The article examines the functional-semantic profile of modality in literary texts across three textual modes: description, narration, and reasoning. Modality is treated as a mechanism for expressing authorial stance, guiding reader perception, and articulating the value orientation of the content. The aim is to show how modal meaning is organized at the level of the whole text. To this end, the study clarifies the linguistic resources typical of each mode and traces the interplay of epistemic meaning (certainty versus doubt), deontic meaning (obligation and necessity), and axiological meaning (evaluation and norm). It also specifies the contribution of authorial voice, narrator position, and focalization to the formation of modal nuances.

The empirical base consists of selected fragments from the prose of M. Auezov, A. Nurpeisov, A. Kekilbaev, and M. Magauin. In these excerpts, the analysis describes modal words and mood forms, evaluative vocabulary, parenthetical and detached constructions, free indirect discourse, and punctuation techniques, and relates them to the author's communicative intention.

Methodologically, the study combines functional-semantic analysis with narratological and pragmatic approaches. The former treats modality not as an isolated form but as a system of interacting devices that organize epistemic, deontic, and axiological meanings. The latter clarifies from whose viewpoint and with what intention events are presented, and how narrative voice, focalization, and audience-oriented strategies operate.

The findings show that in description the modal tint covertly steers perception, in narration the event logic turns a required action into a natural outcome, and in reasoning argumentation makes the normative conclusion explicitly grounded. The study's significance lies in presenting modality as a coherent textual field where orientation, event structure, and the stabilization of conclusions are formed in sequence. The practical value is an applicable model and a list of concrete linguistic indicators for classroom analysis, stylistics, and writing practice.

Keywords: literary text, modality, description, narration, reasoning, mode.

Функционально-семантическая характеристика модальности в художественном тексте

Аннотация. В статье рассматривается функционально-семантическая характеристика модальности художественного текста в трех текстовых модусах: описании, повествовании и рассуждении. Модальность понимается как механизм выражения авторской позиции, направления читательского восприятия и выявления ценностных ориентиров содержания.

Цель исследования – показать, как модальное значение организуется на уровне целого текста. Для этого уточняются языковые средства каждого модуса и раскрывается взаимосвязь эпистемического измерения (уверенность/сомнение), деонтического (обязанность/необходимость) и аксиологического (оценка/норма); также определяется вклад авторского голоса, позиции повествователя и фокализации в формирование модального оттенка.

Эмпирическую базу составили фрагменты из прозы М. Ауэзова, А. Нурпеисова, А. Кекилбаева и М. Магауина. В этих отрывках лингвистически описываются модальные слова и формы наклонения, оценочная лексика, вводно-выделительные конструкции, свободная косвенная речь и пунктуационные приемы, а также их связь с авторской установкой.

Методологическая основа – сочетание функционально-семантического анализа с нарратологическим и прагматическим подходами. Первый рассматривает модальность не как отдельную форму, а как систему взаимодействующих средств, которая организует эпистемические, деонтические и аксиологические значения. Второй уточняет, с чьей точки зрения и с каким намерением подается событие, как работают повествовательный голос, фокализация, стратегии воздействия на адресата.

Показано, что в описании модальный оттенок скрытно направляет восприятие, в повествовании логика событий превращает необходимое действие в естественный результат, а в рассуждении

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

аргументация делает нормативный вывод явно обоснованным. Научная значимость – в представлении модальности как целостного текстового поля, где последовательно формируются ориентация восприятия, структура событий и упрочение вывода. Практическая ценность – в предложении удобной модели и перечня конкретных языковых индикаторов для учебного анализа, стилистики и практики письма.

Ключевые слова: художественный текст, модальность, описание, повествование, рассуждение, модус.

Авторлар туралы мәлімет:
Рамазанов Т.Б. *– корреспондент-автор, PhD, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, e-mail: tphd-92@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.*
Төрехан Б.Ә. *– PhD докторант, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, e-mail: bagdaulet_0993@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.*

Information About Authors:
Ramazanov T.B. *– PhD, The Corresponding Author, Researcher at A. Baitursynuly Institute of Linguistics, e-mail: tphd-92@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.*
Torekhan B.A. *– PhD Doctoral Student, A.Baitursynuly Institute of Linguistics, e-mail: bagdaulet_0993@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.*

Сведения об авторах:
Рамазанов Т.Б. *– автор-корреспондент, PhD, научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынулы, e-mail: tphd-92@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.*
Торехан Б.А. *– PhD докторант, Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, e-mail: bagdaulet_0993@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

УДК 81’42:811.161.2:81(=163.2); ГРНТИ 16.21.07
https://doi.org/10.47526/3107-3085.90

Б.М. ТЛЕУБЕРДИЕВ[1], Т.И. ШАКИРОВА[1]✉, Л.К. РЫСБЕКОВА[2]
[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М.О. Ауезова
[2]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
✉*e-mail: toka-kz1969@mail.ru*

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ТОПОНИМОВ В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ

Аннотация. В статье рассматриваются основные аспекты изучения топонимов в казахском героическом эпосе, раскрывается их многогранная лингвистическая и культурная сущность, а также функциональное и семантическое многообразие. Особое внимание уделяется именам собственным как значимым элементам фольклорного текста, среди которых особенно выделяются топонимы, играющие важную роль в отражении национально-культурной специфики, исторической памяти и пространственного восприятия мира этноса.

Анализируются экстралингвистические факторы, влияющие на формирование и функционирование онимов в эпическом дискурсе, включая исторические, социальные, мифологические и этнокультурные компоненты, что позволяет проследить связь языка с культурным и географическим контекстом.

В работе описываются специфические лексические единицы, репрезентирующие фольклорный ономастикон, а также ономастическое пространство эпического текста как целостная система взаимосвязанных имен собственных. Рассматриваются функциональные свойства фольклорных онимов, их номинативные, идентификационные, оценочные и символические функции, а также особенности их семантики в контексте художественного повествования.

В рамках функционально-прагматического подхода определяются задачи и этапы исследования собственных имен, среди которых особое внимание уделяется топонимам, функционирующим в структуре фольклорного текста. Выявляются основные параметры фольклорного ономастического пространства, устанавливаются категории и классы имен собственных, их количественный и тематический состав, что позволяет отразить связь языка с историко-культурным и географическим контекстом.

В результате анализа определяются специфические особенности функционирования онимов в казахском героическом эпосе, что позволяет углубить понимание закономерностей ономастической системы фольклорного текста и расширить возможности дальнейших лингвокультурологических и ономастических исследований.

Ключевые слова: лингвокультурология, топонимы, этнолингвистика, аспекты, экстралингвистика, фольклорные онимы, фольклорный ономастикон, прикладная лексикография.

**** Цитируйте нас правильно:***
Тлеубердиев Б.М., Шакирова Т.И., Рысбекова Л.К. Основные аспекты изучения топонимов в казахском героическом эпосе // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – С. 104–114. https://doi.org/10.47526/3107-3085.90
****Cite us correctly:***
Tleuberdiev B.M., Shakirova T.I., Rysbekova L.K. Osnovnye aspekty izuchenia toponimov v kazahskom geroicheskom epose [Main Aspects of Studying Toponyms in the Kazakh Heroic Epic] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – S. 104-114. https://doi.org/10.47526/3107-3085.90
Дата поступления статьи в редакцию 10.02.2026 / Дата публикации 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Введение

Сложная природа топонимов, их многогранность, функциональное разнообразие и тесная связь с экстралингвистическими факторами обусловили появление множества подходов к их изучению и описанию, а также формирование разнообразных направлений исследования собственных имён. В современной ономастике исследование топонимов осуществляется в рамках нескольких взаимодополняющих направлений. Лексикологический и лексикографический подходы направлены на анализ языковых особенностей собственных имён и их систематизацию в справочных источниках. Логический аспект связан с определением статуса имени собственного и его отличием от нарицательной лексики. Семасиологическое направление опирается на принципы теории номинации, тогда как терминологический аспект формируется в тесной связи с развитием общей ономастической теории. Исторические, географические и литературоведческие исследования предоставляют эмпирическую базу для ономастики и расширяют возможности междисциплинарного анализа. Культурологический подход рассматривает топонимы как отражение культурного опыта народа, а психологический и социологический — как средство осмысления и функционирования имени в общественном сознании [1].

Более двадцати лет назад выделенные направления исследований отличались степенью разработанности и наличием корпуса публикаций, и со временем стало очевидно, какие из них являются наиболее перспективными, а какие развиваются медленнее [2, с.78]; современные тенденции мировой и отечественной лингвистики продолжают вносить коррективы в методы изучения собственных имён [3]. В контексте ономастического пространства современного Казахстана Г.Б. Мадиева обращает внимание на функционально-прагматический, психолингвистический, этнолингвистический, лингвокультурологический и когнитивный подходы к исследованию топонимов, подчёркивая значимость изучения их функциональности и культурного значения. При этом специфика класса собственных имён определяет особенности их изучения: наиболее полно лексикографированными оказались онимы с высокой частотностью, традиционно изучаемые в лексикологическом аспекте [4, с.190].

Функционально-прагматический подход является одним из наиболее эффективных при исследовании антропонимов, так как личные имена в процессе коммуникации реализуют широкий спектр функций, отражают социальные характеристики носителей и демонстрируют вариативность употребления, особенно в художественных и фольклорных произведениях [5; 6].

Функционально-семантические особенности имён собственных получили детальное освещение в работах И.В. Крюковой, Н.В. Васильевой, И.С. Карабулатовой, Е.А. Керимбаева и других исследователей. Особый интерес представляет изучение собственных имён казахского героического эпоса, в которых номинативная функция сочетается с дополнительными функциями, определяемыми поэтикой, жанровой спецификой и коммуникативными задачами эпических произведений [7].

Методы исследования и материалы

Применение методов исследования в данной работе обусловлено спецификой анализируемого материала - собственных имён, функционирующих в текстах казахского героического эпоса. Семантика этих онимов тесно связана с природой фольклора, отличительными чертами которого являются устность, анонимность, вариантность и традиционность. В процессе исследования учитывались общетеоретические положения и выводы, разработанные в трудах известных ономастов В.Д. Бондалетова, К.М. Мусаева, В.А. Никонова, Н.В. Подольской и др. [8, с. 255].

По мнению известного казахского фольклориста, академика С.А. Каскабасова, фольклор как особая форма художественного творчества характеризуется рядом специфических признаков. К ним относятся его изначальная связь с обрядовой практикой,

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

музыкальной традицией и этнографическим контекстом, отражение жизненного пути и образа героя в процессе устного бытования, а также цикличность сюжетов, проявляющаяся в исторических, биографических, генеалогических и географических формах. Важными чертами фольклора являются также относительная статичность характеристик персонажей и поэтика, развивающаяся в рамках устойчивой традиции.

Ономастическое исследование во многом обусловлено особенностями той группы или разряда собственных имён, которые являются наиболее репрезентативными и частотными в конкретной языковой и культурной среде. Функционально-прагматические характеристики онимов и специфика их семантики определяются жанровой природой фольклорных текстов и их национально-культурной обусловленностью [1, с. 45]. В этом контексте фольклорная ономастика рассматривается как самостоятельная подсистема, входящая в структуру литературной ономастики.

Как подчёркивает О.И. Фонякова, термин «литературная ономастика» используется по отношению к системе собственных имён художественного текста с учётом их зависимости от типа произведения, жанра, семантической организации текста и эстетической функции онимов [9, с. 103]. Функционально-семантические свойства имён собственных в художественной литературе и фольклоре существенно отличаются от характеристик общеязыковой ономастики [10, с. 241]. Если в общеязыковой системе представлены все разряды и типы собственных имён, то в литературной и фольклорной ономастике – ономастиконе – функционирует лишь определённая, отобранная часть общего ономастического фонда языка [11, с. 45].

Разграничение литературной и общеязыковой ономастики осуществляется по двум основным критериям: во-первых, по составу и характеру используемых собственных имён, и, во-вторых, по специфике их функционирования в общеязыковой системе и в художественных текстах. Следует отметить, что имена собственные общенародной ономастики являются элементами языковой системы в целом и входят в словарный состав национального языка. В то же время единицы литературной и фольклорной ономастики выступают как речевые и образно-выразительные средства, обладающие эстетической значимостью в художественном и фольклорном дискурсе [12, с. 15].

Функционально-прагматический подход к изучению фольклорных онимов направлен прежде всего на выявление их речевых, семантических и эстетических функций в рамках целостной лингвопоэтической системы фольклорного произведения [13, с. 60].

Анализ и результаты

Исследование собственных имён, в частности топонимов, в казахском героическом эпосе представляет собой обширную и многогранную область, актуальность которой возрастает в свете современных лингвистических и культурологических исследований. Топонимы, как одна из категорий собственных имён, выполняют важную номинативную и культурологическую функцию, отражая историко-географическую и этнокультурную специфику народа.

Ономастическое пространство фольклорного текста рассматривается как составная часть общего ономастического пространства казахского языка — национального ономастикона. Если национальный ономастикон отражает всё онимическое богатство языка, то фольклорный (литературный) ономастикон охватывает лишь определённую часть общенационального ономастического фонда, к которой относятся, в том числе, топонимы [14, с. 12].

В исследовании применяются понятия «фольклорный ономастикон» и «ономастическое пространство фольклорного текста казахского героического эпоса», под которыми понимается совокупность собственных имён, задействованных в эпическом повествовании. Система имён в фольклоре складывается на базе общенациональной ономастической

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

традиции, опираясь на её номинативный потенциал и переосмысливая его в рамках художественного текста [15, с. 45].

Следует отметить, что в научной литературе встречаются различные подходы к терминологии. Так, Г.Б. Мадиева разграничивает понятия «ономастическое пространство», «ономастикон» и «онимия», рассматривая их как не тождественные. В её интерпретации онимия выступает предметом исследования ономастики как научной дисциплины, тогда как «ономастическое пространство» охватывает более широкий и многоуровневый круг явлений [1. с.5]. Разделяя данную позицию, отметим вместе с тем, что в специализированных исследованиях термины «ономастикон» и «ономастическое пространство» нередко используются взаимозаменяемо для обозначения совокупности собственных имён языка либо отдельного текста. По тому же принципу в научной традиции функционируют наименования типа «топонимикон», «антропонимикон» и др.

Так, в автореферате кандидатской диссертации К.М. Головиной встречается термин *«топонимикон»* для обозначения топонимических единиц художественного текста романа А. Алимжанова «Гонец» [16, с. 15]. В автореферате кандидатской диссертации Е.А. Керимбаева используется термин *«фольклорный ономастикон»* [17, с. 10; 19, с. 248].

При проведении функционально-прагматического анализа собственных имён в казахском героическом эпосе исследование ориентировано на установление ключевых характеристик фольклорного ономастического пространства. В частности, предполагается решение следующих задач: определение типологических групп (классов) онимов, представленных в эпическом тексте; анализ их количественного распределения и тематической направленности; выявление основных функционально-семантических и жанрово обусловленных свойств собственных имён.

Указанные направления образуют исходный этап изучения фольклорной ономастики в рамках целостного эпического произведения. Конкретизация последующих аспектов анализа определяется исследовательскими целями и задачами, формулируемыми в каждом отдельном случае.

В этом отношении показателен круг проблем, обозначенный Д.М. Керимбаевым при анализе собственных имён в различных жанрах казахского фольклора. К числу приоритетных исследовательских задач им были отнесены:

- раскрытие и описание идиоэтнической семантики онимов;
- установление жанрово-специфических особенностей функционирования фольклорных имён; изучение экстралингвистических факторов, определяющих происхождение, формирование и употребление собственных имён в фольклорной традиции;
- анализ фидеистических и лингвоэтических функций онимов в составе фольклорных текстов [18].

Ономастические исследования собственных имён характеризуются многоаспектностью и функциональной многозначностью, что обусловлено спецификой самого разряда онимов и предопределяет выбор доминирующего направления их анализа. Так, в рамках социолингвистического подхода собственные имена в художественном образе рассматриваются как выразительное средство лингвостилистической организации фольклорного текста.

Особого внимания заслуживает магическая функция фольклорных имён, наиболее отчётливо проявляющаяся в обрядовых жанрах, где вербальный компонент неотделим от ритуального действия. Фидеистическая функция особенно ярко представлена в текстах арбау, бақсы, сарна, бата и ряде других жанров.

В целом анализ фольклорных собственных имён позволяет выявить особенности духовной и материальной культуры народа, отражённые в системе его мировидения и мировосприятия, что находит отражение в семантике онимов. Национальные ономастиконы

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

формируются под влиянием национального языка и культурной специфики народа [19, с. 32].

Учёные В.Г. Костомаров и Е.М. Верещагин отмечает, что собственные имена всегда содержат национально-культурный компонент [20, с. 246]. Казахстанский ономаст Е.А. Керимбаев подчеркивает значимость изучения онимии как перспективного направления ономастики, поскольку собственные имена любого народа несут в себе богатый информационный и культурно-исторический потенциал.

Одним из первых системных исследований этнолингвистических аспектов казахских собственных имён стала программная статья академика А.Т. Кайдарова и Е.А. Керимбаева «Этнолингвистические аспекты казахской ономастики», опубликованная в «Известиях АН Казахской ССР» в 1990 году [22, с. 26]. В работе подчёркивается, что собственные имена отражают широкий спектр связей казахского ономастикона с этнокультурной средой. Названия онимов могут содержать сведения о составе этнических групп, религиозных верованиях, обычаях, традициях и обрядах как духовной, так и социальной жизни [22, с. 26].

Предварительный анализ идиоэтнической семантики собственных имён казахского героического эпоса подтверждает, что все перечисленные этнолингвистические аспекты присутствуют и в эпических онимах. Одним из ключевых факторов формирования национально-культурной специфики авторы называют кочевое скотоводство. Этот древний вид хозяйствования определял образ жизни казахов и их язык, оказал влияние на формирование географической и топонимической лексики, а также способствовал обогащению антропонимики и фольклорного ономастикона [23, с. 45].

В рамках ономастического пространства можно выделить целые тематические группы собственных имён и апеллятивов, отражающие термины животноводства и земледелия, а также элементы материальной и духовной культуры народа. Этнокультурная специфика проявляется не только на уровне собственных имён, но и в нарицательной лексике.

Этнолингвистические исследования имеют более чем двухвековую историю. Основы теории заложены в трудах В. фон Гумбольдта, Г. Гердера, Ф. де Соссюра; становление этнолингвистики как науки связано с именами Э. Сепира, Б. Уорфа, Ф. Боаса, В. Вундта и др. В русском языкознании этнолингвистика развивалась под влиянием академика Н. И. Толстого, который определил задачи, предмет, объект и методы исследования [25, с. 28].

В казахском языкознании академик А.Т. Кайдаров подчеркивает, что этнолингвистика изучает этнос через призму языка, рассматривая язык как главный предмет анализа. Культурология, история и другие дисциплины выступают вспомогательными инструментами для понимания материальной и духовной культуры народа [24, с. 15].

М.М. Копыленко справедливо замечает, что принципы этнолингвистического анализа языка тесно связаны с детальным изучением народного ономастикона, в котором отражаются характерные черты этноса [25, с.112]. В казахской ономастике различные аспекты национального своеобразия исследованы в трудах Ш. Валиханова, А.Х. Маргулана, А.Т. Кайдарова, К.К. Рысбергеновой, Е.А. Керимбаева, К.Г. Азонова, Б.М. Тлеубердиева и др. В этих исследованиях подробно рассмотрены группы собственных имён, их этнокультурная семантика и мотивы номинации антропонимов и топонимов.

А.А. Керимбаев считает, что ключевыми детерминантами идиоэтнической семантики казахских собственных имён являются географический, этнокультурный и исторический факторы. Исследования Е.А. Керимбаева показывают закономерности, лежащие в основе этнокультурного оформления номинаций и функционирования казахских собственных имён. Это даёт возможность систематически описывать этнолингвистические особенности различных категорий ономастикона, включая топонимы, антропонимы, зоонимы, космонимы и другие [26].

Этнокультурный потенциал фольклорных онимов определяется их тесной связью с традиционной культурой народа, его музыкальными и бытовыми практиками, образом

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

жизни. Национально-культурная специфика многих имён проявляется через архаические мифологические представления, этнокультурные мотивы и ритуальные практики. Предисторические корни фольклора, включая поклонение божествам и верования, отражаются в преданиях, которые являются источником устного народного творчества. Фольклор, особенно архаический, содержит мифологические компоненты и принадлежит коллективному сознанию общества.

Комплексность этнографических, географических и исторических факторов формирует национально-культурное значение фольклорных имен. Этнолингвистический анализ казахских фольклорных онимов должен учитывать эти внеязыковые элементы, что тесно связано с лингвокультурологическим подходом.

По определению В.В. Воробьева, *лингвокультурология* изучает взаимосвязь и взаимодействие языка и культуры, фиксируя единицы языка с учётом их языкового и внеязыкового содержания [27, с. 15]. В.А. Маслова считает, что лингвокультурология исследует выражения культуры народа в языке [28, с. 28]. Основной целью этнолингвистики является изучение воздействия этнических и этнографических факторов на язык.

Как отмечают С.Қ. Қосанов, Ж.С. Әділханова и А.М. Какенова, в процессе формирования и развития казахских дастанов значительное влияние оказали произведения классической восточной литературы и фольклора. Вместе с тем на поэтику дастанов существенное воздействие оказали жанры казахского эпоса, прежде всего сказки и героические сказания. Особенно отчетливо это проявляется в дастанах, созданных на основе сюжетно-мотивных комплексов [29, с. 49].

В.А. Маслова подчеркивает: язык и культура – разные, но взаимосвязанные системы, обе отображают образы мыслей человека, функционируют в диалоге, имеют общие признаки, такие как конвенциональность и архаизм, и развиваются как взаимосвязанное явление. Несмотря на различия, культура структурно подобна языку, что позволяет рассматривать их как два взаимодополняющих аспекта человеческой цивилизации [30, с. 9; 32, с. 248].

Современные исследования показывают, что предмет этнолингвистики и лингвокультурологии часто совпадает, однако различается подход: этнолингвистика оперирует исторически значимыми данными, социолингвистика изучает современные языковые практики, а лингвокультурология рассматривает язык и культуру как целостную систему духовного наследия

Заключение

Анализ исследований, посвящённых топонимам и собственным именам в казахском героическом эпосе, показывает их глубокую семантическую и функциональную взаимосвязь с мифологическими, природными и социальными аспектами. В рамках данного фольклорного жанра собственные имена выполняют не только коммуникативную функцию, но и выступают носителями культурных знаний, исторической памяти и социальных ценностей, отражая мировоззрение, моральные ориентиры и культурные приоритеты казахского народа.

При рассмотрении взаимодействия собственных имён и культурного контекста важно систематически выявлять языковые и культурные особенности, проявляющиеся в процессе их формирования, функционирования и интерпретации в тексте. Такой подход позволяет глубже осмыслить взаимосвязь между языком, культурой и восприятием, а также точнее понять роль онимов в фольклорной традиции.

Подчеркивая неразрывную связь имени с культурным контекстом, следует отметить, что собственные имена одновременно отражают и передают культурные смыслы, фиксируя социальные нормы, исторические знания и коллективную идентичность в языковой форме. Антропонимы казахского языка рассматриваются как лингвокультурные единицы, несущие

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

социально-историческую, нравственную и художественную информацию о духовно-нравственных принципах народа.

Такой подход согласуется с теоретическими концепциями координации языка и культуры, разработанными философами С.А. Атановским, Г.А. Брутяном, Е.И. Кукушкиным и Э.С. Маркаряном. Суть этих концепций заключается в том, что язык и культура находятся в тесной взаимосвязи: культура выступает фундаментальным компонентом, формирующим восприятие, мышление и коммуникацию. В этом контексте собственные имена не являются изолированными единицами, а органично вплетены в социально-культурную ткань, посредничая между историческим опытом и культурной преемственностью.

Влияние культуры на собственные имена и на систему ономастики очевидно. Имя представляет собой «продукт» конкретной культуры и исторической эпохи, в котором сосредоточены накопленные исторические, социальные и нравственные знания сообщества. Значимость имени усиливается его множественными связями с мифологией, социальными структурами, географическим пространством и культурными ритуалами. В этом смысле собственное имя можно рассматривать как «творение» культурного развития, отражающее исторический опыт и коллективную память народа.

Выявленные результаты подчёркивают значимость междисциплинарного подхода к исследованию собственных имён, включающего элементы лингвистики, этнографии, психологии и культурологии. Такой комплексный подход позволяет всесторонне анализировать имена, раскрывая их семантические, функциональные и культурные аспекты более глубоко и детально.

Таким образом, проведённое исследование позволяет не только глубже понять ономастическую систему казахского фольклора, но и подчёркивает особую роль топонимов и собственных имён как ключевых культурных и языковых маркеров. Они выступают носителями исторической памяти, этических ценностей и художественных традиций, обеспечивая преемственность культурного наследия казахского народа и формируя основу для дальнейшего изучения их функций в литературных и фольклорных текстах.

Информация о финансировании

«Опубликовано в рамках программного целевого финансирования Комитета науки Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан по проекту «Прикладная лексикография: составление этимологического словаря казахских топонимов и его цифровизация» (АП 26103897).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мадиева Г.Б., Алиакбарова А.Т. Тенденции казахской антропонимии: социально-культурные аспекты // Проблемы ономастики. – 2020. – Т. 17, №2. – С. 45–60.
2. Акшолакова А.Ж., Мадиева Г.Б., Хоффман Э.Э. Вариативность казахских собственных имен и их адаптация в русском языке // Филологические науки. – 2019. – №4. – С. 78–92.
3. Головина Л.С. Этнокультурная семантика имени собственного и его словарная репрезентация // Мир русского слова. – 2012. – №2. – С. 24-28.
4. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.
5. Пак С.М. Имя собственное: функционально-прагматический аспект (на материале амер. дискурса XIX-XX вв.): монография. – Москва: МАКС Пресс, 2003. – 178 с.
6. Ананьина М.А. Прагматический аспект функционирования аллюзивного антропонима в художественном тексте // Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология. – 2024. – Т. 16. – Вып. 4. – С. 5–16. https://doi.org/10.17072/2073-6681-2024-4-5-16
7. Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алматы: Наука, 1982. – 176 с.
8. Албакова Х.М. Этнолингвистический аспект в топонимике (на материале ингушского языка). – Москва: Наука, 2020. – 255 с.

9. Фонякова О.И. Имя собственное в художественном тексте: учеб. пособие. – Ленинград: ЛГУ, 1990. – 103 с.
10. Васильева Н.В. Литературная ономастика: традиционные и новые подходы // Вопросы ономастики. – 2019. – Т. 16, №4. – С. 241–251. http://dx.doi.org/10.15826/vopr_onom.2019.16.4.055
11. Мустафаева М.М. Функционально-языковые особенности антропонимов в лингвистике // The Lingua Spectrum. – 2025. – №5. – С. 121-126.
12. Бондалетов В.Д. Русская ономастика. – Москва: Просвещение, 1983. – 224 с.
13. Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата: Ғылым, 1982. – 176 с.
14. Шадкам З., Токенова А.Т. Ономастика в казахском и тюркских языках // Филологические исследования. – 2021. – Т. 12, №1. – С. 12–27.
15. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
16. Головина К.М. Топонимикон художественного текста романа А. Алимжанова «Гонец»: Автореф. ... канд. филол. наук. – Москва, 2012. – 28 с.
17. Керимбаев Е.А. Фольклорный ономастикон: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2018. – 22 с.
18. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы: ЮжКазЦНТИ, 1995. – 248 с.
19. Головина Л.С. Этнокультурная семантика имени собственного и ее лексикографическая репрезентация иноязычному адресату: дис. ... канд. филол. наук. – Москва, 2013. – 311 с.
20. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – Москва: Русский язык, 1990. – 246 с.
21. Керимбаев Е.М. Средства и этнолингвистическая характеристика собственных имен в казахском фольклоре: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 26 с.
22. Кайдаров А.Т., Керимбаев Е.А. Этнолингвистические аспекты казахской ономастики // Известия АН Казахской ССР. – 1990. – №3. – С. 45–58.
23. Кайдар А. Қазақ тілінің өзекті маселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
24. Толстой Н.И. Язык и народная культура: Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – Москва: Индрик, 1995. – 512 с.
25. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 178 с.
26. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы: ЮжКазЦНТИ, 1995. – 248 с
27. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). – Москва: Изд-во РУДН, 1997. – 331 с.
28. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2001. – 208 с.
29. Қосанов С.Қ., Әділханова Ж.С., Какенова А.М. «Жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» сюжетіне құрылған қазақ дастандары // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №3(137). – Б. 41–54. https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.232
30. Маслова В. А. Лингвокультурология: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: Издательский центр «Академия», 2001. – 82 с.

REFERENSES

1. Madieva G.B., Aliakbarova A.T. Tendencii kazahskoi antroponimii: socialno-kulturnye aspekty [Trends in Kazakh anthroponymy: socio-cultural aspects] // Problemy onomastiki. – 2020. – T. 17, №2. – S. 45–60. [in Russian]
2. Aksholakova A.Zh., Madieva G.B., Hoffman E.E. Variativnost kazahskih sobstvennyh imen i ih adaptacia v russkom iazyke [The variability of Kazakh proper names and their adaptation in Russian] // Filologicheskie nauki. – 2019. – №4. – S. 78–92. [in Russian]
3. Golovina L.S. Etnokulturnaia semantika imeni sobstvennogo i ego slovarnaia reprezentacia [Ethnocultural semantics of a proper name and its dictionary representation] // Mir russkogo slova. – 2012. – №2. – S. 24-28. [in Russian]
4. Madieva G.B. Imia sobstvennoe v kontekste poznania [Proper name in the context of cognition]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 190 s. [in Russian]
5. Pak S.M. Imia sobstvennoe: funkcionalno-pragmaticheski aspekt (na materiale amer. diskursa XIX-XX vv.): monografia [Proper name: functional and pragmatic aspect (based on the material of amer. the

discourse of the XIX-XX centuries): monograph]. – Moskva: MAKS Press, 2003. – 178 s. [in Russian]
6. Ananiina M.A. Pragmaticheski aspekt funkcionirovania alliuzivnogo antroponima v hudozhestvennom tekste [The pragmatic aspect of the functioning of an allusive anthroponym in a literary text] // Vestnik Permskogo universiteta. Rossiskaia i zarubezhnaia filologia. – 2024. – T. 16. – Vyp. 4. – S. 5–16. https://doi.org/10.17072/2073-6681-2024-4-5-16 [in Russian]
7. Dzhanuzakov T. Ocherk kazahskoi onomastiki [An essay on Kazakh onomastics]. – Almaty: Nauka, 1982. – 176 s. [in Russian]
8. Albakova H.M. Etnolingvisticheski aspekt v toponimike (na materiale ingushskogo iazyka) [The ethnolinguistic aspect in toponymy (based on the Ingush language)]. – Moskva: Nauka, 2020. – 255 s. [in Russian]
9. Foniakova O.I. Imia sobstvennoe v hudozhestvennom tekste: ucheb. Posobie [Proper name in a literary text: textbook. stipend]. – Leningrad: LGU, 1990. – 103 s. [in Russian]
10. Vasilieva N.V. Literaturnaia onomastika: tradicionnye i novye podhody [Literary onomastics: traditional and new approaches] // Voprosy onomastiki. – 2019. – T. 16, №4. – S. 241–251. http://dx.doi.org/10.15826/vopr_onom.2019.16.4.055 [in Russian]
11. Mustafaeva M.M. Funkcionalno-iazykovye osobennosti antroponimov v lingvistike [Functional and linguistic features of anthroponyms in linguistics] // The Lingua Spectrum. – 2025. – №5. – S. 121-126. [in Russian]
12. Bondaletov V.D. Russkaia onomastika [Russian onomastics]. – Moskva: Prosveshenie, 1983. – 224 s. [in Russian]
13. Dzhanuzakov T. Ocherk kazahskoi onomastiki [An essay on Kazakh onomastics]. – Alma-Ata: Gylym, 1982. – 176 s. [in Russian]
14. Shadkam Z., Tokenova A.T. Onomastika v kazahskom i tiurkskih iazykah [Onomastics in Kazakh and Turkic languages] // Filologicheskie issledovania. – 2021. – T. 12, №1. – S. 12–27. [in Russian]
15. Qasqabasov S. Oioris [The field of thought]. – Astana: Astana poligrafia, 2009. – 320 b.
16. Golovina K.M. Toponimikon hudozhestvennogo teksta romana A. Alimzhanova «Gonec»: Avtoref. ... kand. filol. nauk. [Toponymicon of the literary text of A. Alimzhanov's novel “The Messenger”: Abstract]. – Moskva, 2012. – 28 s. [in Russian]
17. Kerimbaev E.A. Folklornyi onomastikon: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Folklore onomasticon: an abstract.]. – Almaty, 2018. – 22 s. [in Russian]
18. Kerimbaev E.A. Kazahskaia onomastika v etnokulturnom, nominativnom i funkcionalnom aspektah [Kazakh onomastics in ethnocultural, nominative and functional aspects]. – Almaty: IuzhKazCNTI, 1995. – 248 s. [in Russian]
19. Golovina L.S. Etnokulturnaia semantika imeni sobstvennogo i ee leksikograficheskaia reprezentacia inoiazychnomu adresatu: dis. ... kand. filol. nauk. [The ethnocultural semantics of a proper name and its lexicographic representation to a foreign-language addressee: dis.] – Moskva, 2013. – 311 s. [in Russian]
20. Vereshagin E.M., Kostomarov V.G. Iazyk i kultura: Lingvostranovedenie v prepodavanii russkogo iazyka kak inostrannogo [Language and culture: Linguistic and Foreign Studies in teaching Russian as a foreign language]. – Moskva: Russki iazyk, 1990. – 246 s. [in Russian]
21. Kerimbaev E.M. Sredstva i etnolingvisticheskaia harakteristika sobstvennyh imen v kazahskom folklore: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Means and ethnolinguistic characteristics of proper names in Kazakh folklore: abstract.] – Almaty, 2004. – 26 s. [in Russian]
22. Kaidarov A.T., Kerimbaev E.A. Etnolingvisticheskie aspekty kazahskoi onomastiki [Ethnolinguistic aspects of Kazakh onomastics] // Izvestia AN Kazahskoi SSR. – 1990. – №3. – S. 45–58. [in Russian]
23. Kaidar A. Qazaq tilinin ozekti maseleleri: Aktualnye voprosy kazahskogo iazyka [Actual maseles of the Kazakh language]. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304 b. [in Kazakh and Russian]
24. Tolstoi N.I. Iazyk i narodnaia kultura: Ocherki po slavianskoi mifologii i etnolingvistike [Language and Folk Culture: Essays on Slavic Mythology and Ethnolinguistics]. – Moskva: Indrik, 1995. – 512 s. [in Russian]
25. Kopylenko M.M. Osnovy etnolingvistiki [Fundamentals of ethnolinguistics]. – Almaty: Evrazia, 1995. – 178 s. [in Russian]
26. Kerimbaev E.A. Kazahskaia onomastika v etnokulturnom, nominativnom i funkcionalnom aspektah [Kazakh onomastics in ethnocultural, nominative and functional aspects]. – Almaty: IuzhKazCNTI, 1995. – 248 s. [in Russian]

27. Vorobiev V.V. Lingvokulturologia (teoria i metody) [Linguoculturology (theory and methods)]. – Moskva: Izd-vo RUDN, 1997. – 331 s. [in Russian]
28. Maslova V.A. Lingvokulturologia [Cultural linguistics]. – Moskva: Akademia, 2001. – 208 s. [in Russian]
29. Qosanov S.Q., Adilhanova Zh.S., Kakenova A.M. «Zhazyqsyz qugynga ushyragan zhandar» siuzhetine qurylgan qazaq dastandary [Kazakh sagas based on the plot of "Innocent persecuted souls"] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2025. – №3(137). – B. 41–54. https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.232 [in Kazakh]
30. Maslova V.A. Lingvokulturologia: uchebnoe posobie dlia stud. vyssh. ucheb. Zavedeni [Linguoculturology: a textbook for students of higher educational institutions]. – Москва: Izdatelski centr "Akademia", 2001. – 82 s. [in Russian]

Main Aspects of Studying Toponyms in the Kazakh Heroic Epic

Annotation. This article examines the main aspects of the study of toponyms in the Kazakh heroic epic, revealing their multifaceted linguistic and cultural significance, as well as their functional and semantic diversity. Proper names are highlighted as key elements of the folklore text, among which toponyms play a crucial role in reflecting the national-cultural specificity, historical memory, and spatial perception of the world by the ethnic group.

The article analyzes extralinguistic factors influencing the formation and functioning of onomastic units in the epic discourse, including historical, social, mythological, and ethnocultural components, which demonstrate the connection between language and the cultural and geographic context.

Special lexical units representing the folklore onomasticon, as well as the onomastic space of the epic text as an interconnected system of proper names, are described. The functional properties of folkloric onomastic units, including their nominative, identificational, evaluative, and symbolic functions, as well as the semantic features in the context of artistic narration, are examined.

Within the framework of the functional-pragmatic approach, the objectives and stages of research on proper names are determined, with particular emphasis on toponyms functioning within the text structure. The main parameters of the folkloric onomastic space, categories and classes of proper names, and their quantitative and thematic composition are established, which allows for the illustration of the connection between language and the historical-cultural and geographic context.

The analysis identifies the specific features of the functioning of onomastic units in the Kazakh heroic epic, contributing to a deeper understanding of the principles of the onomastic system of the folklore text and expanding the possibilities for further linguocultural and onomastic studies.

Keywords: linguoculturology, toponyms, ethnolinguistics, aspects, extralinguistics, folklore onyms, folklore onomasticon, applied lexicography**.**

Қазақ батырлық эпосындағы топонимдерді зерттеудің негізгі аспектілері

Аңдатпа. Мақалада қазақ батырлық эпосындағы топонимдерді зерттеудің негізгі аспектілері қарастырылады, олардың көпқырлы лингвистикалық және мәдени мәні, сондай-ақ функционалдық және семантикалық әртүрлілігі ашылады. Атау есімдер фольклор мәтінінің маңызды элементтері ретінде ерекше назарға алынады, олардың ішінде топонимдер этностың ұлттық-мәдени ерекшелігін, тарихи естелігін және әлемді кеңістік тұрғысынан қабылдауын көрсетуге маңызды рөл атқарады.

Эпикалық дискурста онимдердің қалыптасуы мен қызметіне әсер ететін экстралингвистикалық факторлар, оның ішінде тарихи, әлеуметтік, мифологиялық, этномәдени компоненттер талданады, бұл тілдің мәдени және географиялық контекстпен байланысын көрсетеді.

Мақалада фольклорлық ономастиконды білдіретін арнайы лексикалық бірліктер, сондай-ақ эпикалық мәтіннің ономастикалық кеңістігі – өзара байланысқан атаулар жүйесі сипатталады. Фольклорлық онимдердің функционалдық қасиеттері, номинативтік, идентификациялық, бағалау және символдық функциялары, сондай-ақ көркем баяндау контекстіндегі семантика ерекшеліктері қарастырылады.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Функционалдық-прагматикалық тәсіл аясында, мәтін құрылымында қызмет ететін топонимдерге ерекше назар аудара отырып, атауларды зерттеудің міндеттері мен кезеңдері айқындалады. Фольклорлық ономастикалық кеңістіктің негізгі параметрлері, атаулар категориялары мен сыныптары, олардың сандық және тақырыптық құрамы анықталады, бұл тілдің тарихи-мәдени және географиялық контекстпен байланысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Талдау нәтижесінде қазақ батырлық эпосындағы онимдердің ерекшеліктері анықталады, бұл фольклор мәтінінің ономастикалық жүйесінің заңдылықтарын тереңірек түсінуге және лингвомәдениеттанулық әрі ономастикалық зерттеулерді кеңейтуге жол ашады.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, топонимдер, этнолингвистика, аспектілер, экстралингвистика, фольклорлық онимдер, фольклорлық ономастика, қолданбалы лексикография.

Сведения об авторах

Тлеубердиев Б.М. *– доктор филологических наук, профессор, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М.О. Ауезова, e-mail: tileuberdiev_bolatbek@mail.ru, Казахстан, г.Шымкент.*

Шакирова Т.И. *– автор-корреспондент, PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М.О. Ауезова, e-mail: toka-kz1969@mail.ru, Казахстан, г.Шымкент.*

Рысбекова Л.К. *– старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, e-mail: lazzat.risbekova@ayu.edu.kz, Казахстан, г.Туркестан.*

Information about the authors

Tleuberdiev B.M. *– Doctor of Philological Sciences, Professor, M.O. Auezov South Kazakhstan Research University, e-mail: tileuberdiev_bolatbek@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.*

Shakirova T.I. *– The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, M.O. Auezov South Kazakhstan Research University, e-mail: toka-kz1969@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.*

Rysbekova L.K. *– Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: lazzat.risbekova@ayu.edu.kz, Kazakhstan, Turkistan.*

Авторлар туралы мәлімет

Тлеубердиев Б.М. *– филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, e-mail: tleuberdiev_bolatbek@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.*

Шакирова Т.И. *– корреспондент-автор, PhD докторант, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, e-mail: toka-kz1969@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.*

Рысбекова Л.К. *– аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, e-mail: lazzat.risbekova@ayu.edu.kz, Қазақстан, Түркістан қ.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ӘОЖ 811.512.122’38; МҒТАР 16.21.33
https://doi.org/10.47526/3107-3085.72

Т.О. ОРЫНБАСАР[1]✉, А.Б. АМИРБЕКОВА[2], А.Т. ТӨЛЕБАЕВА[1]
[1]Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
[2]А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
✉*e-mail: t_orynbasar@mail.ru*

Ә. НҰРПЕЙІСОВ ИДИОСТИЛІНДЕГІ КОНЦЕПТУАЛДЫ МЕТАФОРАЛАРДЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК МӘНІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің идиостильдік ерекшеліктері «Соңғы парыз» романы негізінде лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – жазушы идиостиліндегі метафоралық модельдердің семантикалық және танымдық табиғатын анықтау. Осыған байланысты романдағы «Із», «Теңіз», «Жол» концептілері мен авторлық суреттеу құралдарының лингвокогнитивтік интерпретациясы талданады. Зерттеуде лингвокогнитивтік, стильдік-статистикалық (сандық), концептуалдық және лингвостилистикалық талдау әдістері қолданылды. Теориялық бөлімде идиостиль ұғымының ғылыми негіздері қарастырылып, жеке авторлық стильдің ерекшеліктері айқындалады. Талдау барысында жазушының бейнелі сөз қолданыстары, концептуалды метафоралары, персонаждау, ассоциациялау және символдау тәсілдері кейіпкер психологиясын ашудағы қызметі тұрғысынан сараланады. Роман мәтінінен жинақталған тілдік материалдар ішінен қайталанатын, бірсарынды құрылымдар сұрыпталып, авторлық қолтаңбаны айқын танытатын негізгі 90 репрезентативті тілдік бірлік сандық-сапалық талдауға алынды. Стильдік-статистикалық сұрыптау барысында, олардың 36,7%-ын экспрессивті-динамикалық еліктеуіштер мен бейнелеуіштер, 21,1%-ын ұлттық танымға негізделген концептуалды теңеулер мен портреттік орамдар, 17,8%-ын авторлық әлем бейнесінің басты доминантасы болып табылатын «Теңіз» концептісі, 13,3%-ын этномаркерлі портреттік-диалектілік модельдер, ал 11,1%-ын «Із» бен «Жол» концептілерінің метафоралық құрылымдары құрайтыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде Ә. Нұрпейісовтің адам мен табиғат арасындағы философиялық байланысты концептуалды метафоралар арқылы терең бейнелейтіні, психологизмді тереңдететін дербес көркемдік жүйе қалыптастырғаны дәлелденді. Зерттеу нәтижелері жазушының авторлық лексикографиясын жасауға және идиостилін тануға негіз болады. Мақаланың өзектілігі – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің идиостилін лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу арқылы жазушының дүниетанымын, авторлық концептілер жүйесін және көркем мәтіндегі танымдық модельдердің қалыптасу ерекшеліктерін айқындау қажеттілігімен анықталады.

Кілт сөздер: идиостиль, авторлық лексикография, концептуалды метафора, когнитивтік модель, «Із» концептісі, «Теңіз» концептісі, «Жол» концептісі, «Соңғы парыз» романы.

---

[*] ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Орынбасар Т.О., Амирбекова А.Б., Төлебаева А.Т. Ә. Нұрпейісов идиостиліндегі концептуалды метафоралардың лингвокогнитивтік мәні // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 115-132. https://doi.org/10.47526/3107-3085.72
Cite us correctly:
Orynbasar T.O., Amirbekova A.B., Tolebaeva A.T. A. Nurpeiisov idiostilindegi konceptualdy metaforalardyn lingvokognitivtik mani [Linguocognitive Essence of Conceptual Metaphors in A. Nurpeisov’s Idiostyle] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 115-132. https://doi.org/10.47526/3107-3085.72

Мақаланың редакцияға түскен күні 09.02.2026 / қабылданған күні 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Кіріспе

Көркем мәтінді зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі – автордың тілдік тұлғасын айқындайтын идиостиль феномені. Ол жазушының тек тілдік ерекшелігін ғана емес, оның болмысты қалай танып, қалай бейнелейтінін, яғни қаламгердің шығармашылық шеберлігі мен дүниетаным моделін көрсетеді. Жазушы санасында субъективті қабылдау арқылы қайта өңделген ақиқат дүние бейнесі идиостильде нақты көрініс табады. Әр жазушы шындықты өзіне тән метафоралар жүйесімен, символдық бейнелермен, ерекше баяндау тәсілімен көркемдік деңгейге көтереді. Аталған модель суреткер дүниетанымының тілдік таңдаулар арқылы жүзеге асатынын дәлелдейді. Оның негізгі белгілеріне – троптардың (метафора, символ, теңеу, эпитет, метонимия, т.б.) жүйелілігі, лексикалық бірліктердің ұлттық-мәдени реңкі, синтаксистік құрылымдардың авторлық қолтаңбасы, концептуалды метафора жасау шеберлігі жатады. Осылардың ішінде концептуалды метафора кездейсоқ емес, ол автордың әлемді тану логикасына бағынышты. Осы арқылы жазушы шындықты эстетикалық деңгейде танытады, оқырманға дайын ойды емес, ойлау кеңістігін ұсынады, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастырады. Сондықтан жазушының көркемдік шеберлігін, дүниетаным тереңдігін айқындайтын мұндағы басты категория – идиостиль болып табылады.

Тілдік құралдардың эстетикалық табиғатын ашу мәселесі В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, С.М. Пешковский, Л.В. Щерба, А.А. Потебня сынды ғалымдардың іргелі еңбектерінен бастау алып, отандық ғылымда Қ. Жұбанов, М. Әуезов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Қ. Жұмалиев сынды ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты. Кейінгі кезеңде қазақ прозасының стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Шалабай сынды ғалымдар елеулі үлес қосты. Осы ғылыми мектептер қалыптастырған әдістемелік негіздер бүгінгі таңда авторлық стиль мен көркем тілді зерттеудің іргетасы болып қала береді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, сөз зергері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармашылығы – ұлттық прозаның алтын қоры. Оның туындылары тек елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде жоғары бағаланған рухани мұра. Жазушының романдары қазақ халқының тарихи жолын, ұлттық болмысы мен адамзаттық құндылықтарды терең философиялық деңгейде ашып көрсетеді. Ә. Нұрпейісов стиліне тән басты ерекшелік - тілдің экспрессивті мүмкіндіктерін шебер пайдалануы және әрбір сөздің семантикалық жүктемесін тереңдетуі.

Зерттеудің өзектілігі Ә. Нұрпейісов мұрасының лингвистикалық қырын жаңаша бағамдау қажеттілігінен туындайды. Жазушының тілі бұған дейін де зерттеу нысанына айналғанымен, оның соңғы кезеңдегі туындысы – «Соңғы парыз» романындағы көріктеуіш-бейнелеуіш құралдардың жасалу жүйесі мен стильдік қызметі әлі де болса толыққанды лингвостилистикалық талдауды талап етеді. Мақаланың мақсаты – «Соңғы парыз» романындағы авторлық сөзқолданыстардың табиғатын ашу, көркемдеуіш құралдардың мағыналық қабаттарын саралау және олардың оқырманның эмоционалдық қабылдауына әсер ету ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі ретінде отандық және шетелдік тіл білімі мен әдебиеттану аясындағы іргелі еңбектер басшылыққа алынды. Атап айтқанда, көркем мәтінді лингвистикалық талдау принциптері мен проза тіліндегі бейнелі сөзорамдар – көріктеуіш-бейнелеуіш құралдардың мағынасын ашуда Р. Сыздық, Е. Жанпейісов және Т. Қоңыровтың теориялық тұжырымдары арқау болды. Сонымен қатар, авторлық стиль мен тілдік шеберліктің семантикалық-грамматикалық сипатын айқындауда М. Балақаев, С. Исаев, Ф. Мұсабекова сияқты отандық ғалымдар мен Л.И. Тимофеев, И.В. Гутаров, Б.В. Томашевский, А.И. Федоровтың еңбектеріндегі концептуалды тұжырымдар зерделенді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы алынды. Мақаланың ғылыми деңгейін арттыру мақсатында соңғы жылдардағы көркем мәтінді стилистикалық талдаудың жаңа тәсілдеріне талдау жасалды.

Зерттеу барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін көркем мәтін ішінен көріктеуіш-бейнелеуіш құралдар жаппай сұрыптау әдісі арқылы жинақталды. Бастапқы кезеңде роман мәтінінен жазушы идиостиліне тән 300-ден астам бейнелі тіркестер мен эмоционалды лексемалар тіркелді. Тілдік материалдар лингвистикалық сұрыптаудан өткізіліп, зерттеудің сандық-сапалық нақтылығы жинақталды. Осының нәтижесінде, контекстегі мағынасы жағынан бір-бірін қайталайтын, бірсарынды, ұқсас құрылымдар алынып тасталып, авторлық қолтаңбаны ең айқын репрезентациялайтын 90 негізгі репрезентативті тілдік бірлік сандық және сапалық талдау базасы ретінде таңдап алынды.

Таңдап алынған тілдік материалдарды топқа жіктеуде лингвистикалық сипаттама әдісі, авторлық сөзқолданыстардың мағыналық реңктерін, мәтін ішіндегі прагматикалық қызметін анықтау мақсатында контекстік және семантикалық талдау, жазушының тілдік бірліктерді қолданудағы өзіндік шеберлігі мен стильдік ерекшелігін сипаттауда стилистикалық саралау әдістері қолданылды. Ал іріктелген 90 бірліктің мәтіндегі жиілігін анықтау және оларды математикалық-статистикалық модельдеу үшін Microsoft Excel статистикалық функциялары пайдаланылды. Осы сандық-сапалық бағалау негізінде зерттеу корпусы 5 негізгі когнитивтік-семантикалық топқа жіктелді: экспрессивті-динамикалық еліктеуіштер мен бейнелеуіштер (36,7%/33 бірлік), ұлттық танымдық концептуалды теңеулер (21,1%/19 бірлік), авторлық әлем бейнесінің басты доминантасы болып табылатын «Теңіз» концептісі (17,8%/16 бірлік), этномаркерлі портреттік-диалектілік модельдер (13,3%/12 бірлік) және «Із» бен «Жол» концептілерінің метафоралық құрылымдары (11,1%/10 бірлік).

Сондай-ақ лингвокогнитивтік әдіс арқылы концептуалдық метафораны анықтау және талдау үлгілері ұсынылды, авторлық әлем бейнесін тану мүмкіндіктері жүзеге асты. Н. Болдыревтің матрицалық талдау жүйесіне сүйену арқылы авторлық окказионалдық бейнелі қолданыстардың маркерлену үдерістері көрсетілді. Дж. Лакофф пен М. Джонсон ұсынған концептуалды метафоралардың жасалу үлгісімен Ә. Нұрпейісовтің бейнелі сөзқолданыстары да талданды.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ стилистикасында идиостильдің зерттелуі академик Р.Сыздық еңбектерінде алғаш рет талданған болатын [1, 12-б.]. Дегенмен, идиостиль ұғымы еуропа тілтанымында былайша анықталды: В. Виноградовтың зерттеуінде «Идиостиль - жазушының сөзді эстетикалық мақсатта қолданылуы» деп түсінілді [2, 84-б.]. Л. Щерба да осы ұстанымды қолдай отырып, мынадай тұжырым жасайды: Идостиль – бұл жазушының көркем шығармаға эстетикалық әсер беру үшін стилистикалық нормадан ауытқуы» [3, 26-б.]. Ю.Лотманның зерттеуінде: «Идиостиль – қаламгердің шығармашылық шеберлігін танытатын тілдің үстірт қуаты, тілдің екінші модельдеу жүйесі» деп пайымдалады [4, 22-б.]. Идиостиль ұғымын антропоцентристік бағытта зерттеушілердің пікіріне тоқталсақ, Н. Болотнованың зерттеуінде: «Идиостиль – бұл жазушының шығармашылық мінезін танытатын когнитивтік стратегиялары мен тактикалары» деп беріледі [5, 132-б.]. Е. Семинаның тұжырымы бойынша: «Идиостиль – бұл тілдік түйсіну емес, жазушының ойлау стилі, жазушының ментальді «мені». Идиостиль – ақиқат дүниенің моделін жасаушы тілдік және танымдық паттерн сабақтастығы» деп ұғынылады [6, 121-125-бб.]. Идиостильді ашудың ең оңтайлы моделі - концептуалды метафоралар мен маркерленген троптар екенін зерттеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек: Дж. Лакофф зерттеуінде «Метафора табиғатынан адамтанымдық құрылым екенін, сондықтан, жазушы тіліндегі метафоралардың дені концепт танытушы моделі ретінде бейнелеуші және бейнеленуші жұп таңбалармен рәсімделетін ой құрылымы болатыны» дәлелденген [7, 5-б.]. Н. Болдырев пайымдауынша: «Концептуалды метафора жазушының шығармашылық санасындағы автордың өз портреті. Сондықтан

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

белгілі бір ақиқат дүниенің метафоралық портреті қалыптасса, сол концептуалды метафора болып қабылданады» [8, 14-16-бб.]. Көркем әдебиеттің эстетикалық табиғаты оның образдар жүйесімен және тілдің көркемдік бейнелеу құралдарымен тығыз байланысты. Көркем мәтін – ұлттық ділдің, мінез бен келбеттің басты индикаторы. Тілсіз әдебиеттің тамыры тереңге бойлап, көркемдік көкжиегінің кеңеюі мүмкін емес. Егер көркем әдебиетті адам жанының «дәрігері» деп алсақ, оның шипалы «дәрумені» – тіл болып табылады. Демек, көркем әдебиет ұғымы, ең алдымен, образды сөз бен стильдік бірегейлікке келіп тіреледі. Түр мен мазмұнның диалектикалық бірлігінен шығарманың шынайы болмысы мен көркемдік әлемі жасалады [9, 9-б.].

Зерттеу барысында қалыптасқан ғылыми ұстанымымызға сәйкес қазіргі таңда лингвистика мен әдебиеттанудың пәнаралық байланысы ерекше маңызға ие. Десек те, бұл екі саланың зерттеу нысаны ортақ болғанымен, мақсаттық бағыттарында өзіндік өзгешеліктер бар. Мұны Т.О. Есембековтің ғылыми тұжырымы да қуаттайды: «Көркем әдебиеттің тілін лингвист те, әдебиетші де зерттей алады. Туындының тілдік сипатын зерттеуде әдебиетші мақсаты бөлектеу, ол шығарманың тілдік ерекшеліктерін оның мағынасымен байланыстыра қарастыруға саяды... Көркем сөздің стилистикасын талдау үшін мәтін стилистикасының заңдылықтарын игеру шарт» [10, 146-б.].

Ғалымның бұл пікірі көркем мәтінді лингвистикалық талдау мен әдеби талдаудың аражігін ашып қана қоймай, олардың бірін-бірі толықтырушы сипатын айқындайды. Дәлірек айтқанда, лингвистикалық талдау әдеби мәтіннің ішкі құрылымын, тілдік бірліктердің жүйелігін түсінуге іргетас қаласа, әдебиеттану сол тілдік қаңқа арқылы шығарманың мазмұндық-идеялық өзегін бойлайды. Бұл пайымдау Р. Сыздықова мен Б. Шалабайдың «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» атты еңбегіндегі мынадай іргелі тұжырыммен үндеседі: «Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастырады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреткермен бірге толғантып, көркем образды бірге сомдауға баулиды» [11, 8-б.]. Демек, тілдік талдау – жай ғана грамматикалық формаларды тексеру емес, ол оқырманды автордың «шығармашылық зертханасына» жетелейтін, суреткермен бірге эмоционалдық толқынысқа түсіретін танымдық процесс.

Тіл білімі мен әдебиеттанудың зерттеу нысандары мен міндеттерінде іргелі өзгешеліктер болғанымен, көркем мәтін лексикалық дағдыларды қалыптастырудың оңтайлы құралы ретінде түрлі стильдегі тілдік бірліктерді біріктіреді. Көркем мәтін – лексикалық дағдылар мен стильдік нормаларды қалыптастырудың негізгі көзі. Сондықтан жазушының авторлық стилін зерттеу – оның дүниетанымы мен шығармашылық әдісін танудың басты кілті болып табылады [12, 13-б.].

Зерттеу нысанымыз болып отырған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы – қазақ прозасындағы лингвостилистикалық шеберліктің биік шыңы. Жазушы тіліндегі символизм, метафоралық қолданыстар мен бейнелі сөзорамдар жай ғана көркемдегіш құрал емес, олар автордың философиялық концепциясын жеткізуші басты элементтер болып саналады. Мәселен, көркем мәтіндегі белгілер мен метафораларды интерпретациялау оқырманның сыни ойлау дағдысын дамытып, когнитивті қабылдау деңгейін арттырады. Бұл ретте зерттеуші Пардеде көркем әдебиетті оқу мен талдау студенттердің аналитикалық қабілетін ұштап, мәтін астарындағы терең мағыналарды өздігінен ашуға итермелейтінін дәлелдейді [13, 170-б.].

Ә. Нұрпейісовтің авторлық сөзқолданысында қазақтың бай фольклорлық мұрасы мен ауыз әдебиетінің элементтері жаңаша мағыналық реңкпен жаңғырады. Романның тілдік құрылымын метафоралық жүйе, тұрақты символдық образдар және лингвостилистикалық бірегейлік тұрғысынан кешенді саралау барысында жазушының табиғат пен адам тағдырын шендестіру тәсілін шебер меңгергені айқындалды. Бұл әдіс авторға кейіпкердің ішкі драматизмін лингвистикалық құралдар арқылы тереңдетіп ашуға мүмкіндік береді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Шығармадағы теңіз, құм және жел сияқты табиғи нысандар жай ғана пейзаждық деталь емес, олар қоғамның әлеуметтік жағдайы мен болмысын бейнелейтін терең философиялық символдарға айналған. Автордың лексикалық таңдауындағы ерекшеліктер, атап айтқанда, диалектизмдер мен жергілікті сөзқолданыстардың әдеби тіл нормаларымен үйлесімді интеграциялануы жазушының авторлық концепциясын айқындап, шығарманың прагматикалық, функционалдық әлеуетін арттырып, эмоционалдық әсерін күшейте түседі.

Ә.Нұрпейісов шығармашылығындағы осындай табиғат пен адам болмысының егіздігі қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы зерттеулердегі пәнаралық бағыттармен үндес келеді. Осы орайда, көркем мәтін лингвистикасындағы жаңа ізденістердің нәтижелерін қолдану зерттеудің ғылыми салмағын арттырады. Біздің пайымдауымызша, жазушының авторлық идиостиліндегі пейзаждық суреттемелер тек сыртқы ортаны бейнелеу емес, кейіпкердің ішкі әлемін ашудың басты құралы болып табылады. Мұндай ғылыми тұжырымдарды «Ясауи университетінің хабаршысы» журналында жарияланған соңғы зерттеулер де растай түседі. Мәселен, Б. Каримова, Н. Қуантайұлы және Б. Төлепберген өз еңбектерінде атап өткендей: «Бүгінгі қазақ прозасындағы әңгіме жанрының көпшілігінде кейіпкерлердің көңіл-күйі, жандүниесінің құбылыс сәттері табиғатты қатарластыра суреттеу арқылы беріліп, психологизмді терең жеткізеді. Пейзаж теңеу, метафора, салыстырулар арқылы беріліп, кейіпкердің тағдырында болып жатқан оқиғалармен қабысып, тұтас көркемдеуіш құралға айналады» [14, 97-б.].

Бұл пікір, жоғарыда келтірілгендей, Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы табиғат пен кейіпкер тағдырының шендестірілуін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Жазушының «із» немесе «теңіз» символдары арқылы берілген метафоралық жүйесі осы функционалдық-эстетикалық қызметті толықтай атқарып тұр.

Отандық әдебиеттану мен тіл білімінде метафораның табиғатына қатысты мынадай іргелі анықтамалар қалыптасқан: Қ. Жұмалиев метафораны «сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» деп сипаттайды [15, 117-б.]. З. Қабдолов бұл терминге стильдік тұрғыдан келіп: «Суреттеліп отырған затты не құбылысты анықтау, ажарландырып реңк беру үшін оларды ұқсас өзге затқа балау, сөйтіп мазмұнды тереңдетіп, әсерін күшейту» деп тұжырымдайды [16, 214-б.]. Ал Б. Хасанов метафораның негізі ретінде заттар мен құбылыстардың сыртқы немесе мазмұндық ұқсастығына қарай бір-біріне баланып көрсетілуін атайды [17, 23-б.]. Демек, метафора тек стилистикалық фигура ғана емес, ол – эстетика, логика, философия және психолингвистика сияқты ғылымдардың тоғысындағы кешенді зерттеу нысаны.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми заңдылықтар мен теориялық ұстанымдар Ә. Нұрпейісовтің авторлық идиостилінде өзіндік көркемдік көрініс табады. «Соңғы парыз» романындағы метафоралық қолданыстар жай ғана көркемдегіш тәсіл емес, кейіпкердің ішкі драматизмін ашудың және оқырманның когнитивті қабылдау деңгейін арттырудың негізгі құралына айналған. Бұл ретте метафора мен теңеу, жалпы көркемдік бейнелеу құралдары шығарманың құрылымында ерекше орын алып, авторға кейіпкерлердің ішкі әлемін, қоғамның әлеуметтік шындығын, сондай-ақ адам өмірінің философиялық мәнін тереңдетіп түсіндіруге мүмкіндік береді.

Біздің пайымдауымызша, прозадағы пейзаждық суреттемелер мен тілдің көркемдік бейнелеу құралдарының қатарласа берілуі психологизмді тереңдетудің оңтайлы жолы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, романдағы метафоралық жүйенің семантикалық өрісін айқындайтын нақты мысалдарды саралау маңызды. Жүргізілген стильдік-статистикалық сұрыптау нәтижесінде анықталған 90 репрезентативті тілдік бірлік жазушы идиостилінің шеберлігін танытатын 5 дербес когнитивтік-семантикалық корпус аясында лингвостилистикалық және танымдық тұрғыдан төмендегідей талданады.

Романдағы «із» сөзі концептуалды метафора жасаушы маркерленген таңба. Көбінесе кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, олардың өмір жолдарын және қоғамдағы іздерін бейнелейтін

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

көркем тәсіл ретінде қолданылған. Демек, жазушы идиостилінде ІЗ – жазушының ойтанымында горизонтальді құрылымға салынған үздіксіз қозғалыста болатын кеңістік таңбасымен модельденген. Бұл бағыттағы ІЗ бен ЖОЛ ұғымдары жалпы зерттеу корпусының 11,1%-ын (10 нақты бірлік) құрап отыр. Жазушы танымындағы із – бірде өмір жолы, өмірдің соқпақ жолы (қиындығы), тегіс жолы (қуанышы), жүріп өткен жолы (бастан өткен өмірлік тәжірибесі), алдағы біреулердің ізі (алда көретін болжамдары), т.б. концептілік құрылымдармен стереотиптеніп терең маркерленген таңба. Жазушы идиостиліндегі «ІЗ» концептуалды метафорасының семантикалық өрісі мен қолданылу аясын жүйелеу мақсатында төмендегі 1-кестені ұсынамыз.

1-кесте - Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы «ІЗ» метафорасының семантикалық өрісі

Метафоралық модель	Мәтіндік контекст (мысал)	Концептуалды мағынасы (талдау)
1	**2**	**3**
Шұбалаңдап жатқан із	«Ұзын қара кісі соңында шұбалаңдап жатқан ізіне қарап тұр: әлгінде келген жағына көз салғалы артына бұрылғанда, назары осы ізге түсті де, жанарын ала алмай арбалып қалғаны» [18, 5-б.].	Кейіпкердің өткен өмірі мен іс-әрекетінің анықсыздығын, ретсіздігін бейнелейтін бейнелеуіш маркер.
Сілбу із	«Оны өзі білген жоқ; бар білгені – соңына салған мына сілбу іздің қимылынан сөлекет бірдеңе сезе ме, қалай?» [18, 5-б.].	Кейіпкердің ішкі күмәнін, реніші мен жан дүниесіндегі қайшылықтарды танытатын психологизм деталі. Әдетте реніш, көңілсіз күйді адамның бет-әлпетімен (көзінің төмен қарауы, аузы бұрпиюы, басы салбырауы) суреттелетін дәстүрлі стереотип орнына адамның сылбыр (сілбу) ізімен бейнеленуі – жазушының идиостилі, авторлық маркер екендігін дәлелдейді.
Шыбынның ізі	«Үй ішінде бір жоғары көтеріліп, бір төмен түсіп айнала ызылдап жүріп алған шыбынның ізін аңдып» [18, 10-б.].	Дыбыстық кеңістіктің (ызыңның) көру (із) арқылы концептуалдануы. Дауыстың алыс, жақын естілуі де қозғалыс ретінде дыбыс кеңістігіндегі жолмен (ізбен) маркерленген. Автордың ерекше сенсорлық-танымдық идиостилін танытады.
Сылбыр із	«Аяғын сүйретіп басатын жігіттің сылбыр ізі» [18, 12-б.].	Жігіттің жігерсіз күйін, әлсіз мінезін, ынжық болмысын сипаттайтын авторлық таңба. Сондықтан сылбыр із – жазушы идиостилінде ғана кездесетін көркемдегіш құрал, сондай-ақ жазушы танымындағы ІЗ концептілік құрылымында маркерленген белгі.
Егіздің сыңарындай ұқсайтын із	«Соны біле тұра өзіне егіздің сыңарындай ұқсайтын ізден бұл неге ат тонын алып қашады? Жазған-ау, жер басқан пенденің соңындағы із бен қасындағы көлеңкесінен қашып құтыла алмасын шыныменен білмей тұр ма?» [18, 14-б.].	Адамның өзінен ешқайда қашып құтыла алмайтынын және өзін танып білу үшін ішкі дүниесін тереңнен қарастыру қажеттігін айтады. Осылайша, адам өміріндегі өткен іс-әрекеттер мен өзіндік таңдау, оның көлеңкесі сияқты өмір бойы артынан қалатыны туралы философиялық ойлар көркемдік тәсіл – теңеу арқылы айтылады.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

1-кестенің жалғасы

1	2	3
Түйенің ізі	«Тамағынан өткесін қой түгіл, түйенің ізін таба алмай қаласың ғой» [18, 41-б.].	Бұрынғы жағдай мен әрекет өзгеріп, адам өзінің бастапқы қалпын, таңдауын жоғалтып, ішкі дүниесінде із қалмай қалады деген мағынада қолданылған. Мұндағы «қой» мен «түйе» - үлкен және кіші көлемдегі нәрселердің нысаны, ал із табылмай қалуы - адамның бұрынғы өмірі мен күйінің ізсіз жоғалғанын білдіреді. Автор мұнда салыстыру категориясын қолданған.
Құстың ізі	«Енді қараса, әлдеқандай кіп-кішкентай құстың ізі қар бетіне жыбыр-жыбыр түсіпті» [18, 160-б.].	Табиғаттағы бір сәттің нәзіктігін, кішкентай бір өзгеріс немесе таң қаларлық белгінің байқалуын білдіреді. Бұл ұсақ іздер бейнелі түрде адамның өткінші жағдайларын, бір сәттік өзгерістерін сипаттайды.
Үш тармақ із	«Ақ матаға төккен әлдебір ұсақ өрнектей үш тармақ із жыбырлап, бұның өзінің ізінің бойымен біраз жарысып барған да, кенет жерге батып, көкке сіңгені белгісіз, ғайып бопты» [18, 160-б.].	Бұл өрнектер мен іздер өмірдегі белгісіздік пен өткінші сәттерді, адамның іс-әрекетінің іздері мен нәтижелері туралы ойларды қозғауы мүмкін. Жалпы «із» сөзі метафоралық түрде қолданылып, кейіпкердің ішкі күйін және қоршаған ортаның белгісіз, өзгермелі жағдайларын сипаттайды.
Арбаңдап басқан із	«Тура бойыңды кернеген ыза ашу былайғы кездегі сылбыр ізіне жан бітіріп ақ қарды арбаңдап басқан ізіңді тағы да іздеп таптың» [18, 241-б.].	Мұнда «із» тек физикалық таңба емес, адамның ішкі жан-дүниесінің, оның өмірлік тәжірибесі мен эмоцияларының терең іздерін, өткеннің ықпалын бейнелейтін маңызды метафора ретінде қолданылады.
Реніштің ізі	«Анадайдан күлімсіреп кеп, қолындағы гүл шоғын бұған соншалық әдеппен иіліп ұсынып тұрған мына инабатты жігіттің қазіргі жүзінде әлгінде оны ширықтырған реніштің ізі де қалмапты» [18, 266-б.].	Бұл үзіндіде «із» сөзі қайтадан метафоралық мағынада қолданылған, ол адамның ішкі сезімдері мен психологиялық күйін білдіреді.

Ескерту: Кесте мәліметтері Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының мәтіндік контекстерін авторлық талдау негізінде түзілді.

Ең алдымен, романдағы «із» концептісі кеңістік пен өмірді өзара сабақтастыратын концептуалды метафоралық модель негізінде құрылғанын байқауға болады. Автор танымында АДАМ ӨМІРІ – ЖОЛ, АЛ ӨМІР ТӘЖІРИБЕСІ – ІЗ түріндегі әмбебап когнитивтік модель көркемдік жүйенің тірегіне айналған. Осыған сәйкес кейіпкердің ішкі әлемі, тағдыры, өткен тәжірибесі тікелей «із» арқылы таңбаланады. Мысалы, «шұбаландап жатқан із» тіркесінде физикалық кеңістіктегі ретсіз созылған із адамның өміріндегі тұрақсыздықпен, рухани бейберекеттікпен ұштасады. Мұнда «із» адамның жүріп өткен жолының когнитивтік проекциясы ретінде қабылданады. Демек, нақты қозғалыс кеңістігі адамның психологиялық кеңістігіне ауыстырылған.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Жазушы идиостиліндегі маңызды ерекшеліктің бірі – психологиялық күйді соматикалық белгілер арқылы емес, кеңістіктік таңбалар арқылы беруі. Мәселен, «сілбу із», «сылбыр із» тіркестері адамның көңіл-күйін, әлсіздігін, торығуын тікелей адамның дене қимылынан емес, оның соңында қалған іздің сипаты арқылы танытады. Бұл жерде ІШКІ КҮЙ – ҚОЗҒАЛЫС СИПАТЫ деген концептуалды модель іске қосылады. Автор адамның эмоциясын көз, қабақ, бет әлпеті арқылы емес, кеңістікте қалған таңба арқылы концептуалдап отыр. Мұндай қолданыс – жазушының ерекше когнитивтік стилін танытатын маркер. Себебі дәстүрлі танымда эмоция көбіне физиологиялық реакциямен берілсе, Ә.Нұрпейісов оны кеңістіктегі қозғалыстың ізі арқылы модельдейді.

«Шыбынның ізі» қолданысы автордың сенсорлық синкретизмге негізделген ерекше дүниетанымын аңғартады. Мұнда дыбыс көзбен көруге болатын «із» категориясы арқылы концептуалданған. Яғни есту түйсігі көру түйсігіне ауыстырылып, когнитивтік метафора жасалған. Бұл – СЕЗІМ – ҚОЗҒАЛЫС, ДЫБЫС – ІЗ тәрізді аралас сенсорлық модельдің көрінісі. Автор санадағы бейнені тек бір ғана қабылдау арнасы арқылы емес, бірнеше модальді қабаттарды біріктіру арқылы береді. Мұндай синестезиялық құрылым жазушы идиостилінің когнитивтік күрделілігін танытады.

Ал «егіздің сыңарындай ұқсайтын із» мысалында «із» адамның өмірлік тәжірибесінің ғана емес, оның экзистенциалдық «менінің» таңбасы ретінде көрінеді. Мұнда адам өз ізінен қашып құтыла алмайды деген философиялық ой беріледі. ІЗ – ӨТКЕН ӨМІР, ІЗ – АДАМНЫҢ ЕКІНШІ «МЕНІ», ІЗ – ЖАД категориялары концептуалданады. Әсіресе «көлеңке» мен «іздің» қатар қолданылуы адамның өмірлік әрекеті оның болмысынан ажырамайтын тұрақты феномен екенін көрсетеді. Демек, «із» тек қозғалыстың қалдығы емес, адамның моральдық-рухани жауапкершілігінің символына айналған.

«Түйенің ізін таба алмай қаласың» қолданысында іздің жоғалуы адамның болмыстық өзгерісімен астасады. Мұнда ІЗ – ТҰЛҒАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІК моделі көрінеді. Адам өзінің бұрынғы болмысын жоғалтып, рухани трансформацияға ұшырағанда, оның «ізі» де өшеді. Бұл – жадының, өткеннің, моральдық тұрақтылықтың бұзылуын бейнелейтін когнитивтік құрылым.

Ал «құстың ізі», «үш тармақ із» тәрізді қолданыстар табиғат пен адам санасының тұтастығын көрсетеді. Әсіресе қар бетіндегі ұсақ іздердің «өрнекке» теңелуі дүниені эстетикалық қабылдаудың нәтижесі. Мұнда табиғаттағы ұсақ қозғалыстар адамның ішкі толғанысымен астасып, уақыттың өткіншілігін, болмыстың тұрақсыздығын аңғартады. Автор ізді тек қозғалыстың белгісі емес, ғаламдық өзгерістің микроформасы ретінде таниды. Сондықтан бұл қолданыстарда ІЗ – УАҚЫТ БЕЛГІСІ, ІЗ – ӨТКІНШІЛІК моделі айқын көрінеді.

«Арбаңдап басқан із» мысалында эмоционалдық серпіліс кеңістіктегі қозғалыс динамикасы арқылы көрінеді. Кейіпкердің ішкі ашуы оның ізінің сипатын өзгертеді. Демек, адамның эмоциялық энергиясы кеңістікте материалданады. Бұл – ЭМОЦИЯ – ҚОЗҒАЛЫС КҮШІ когнитивтік моделінің көрінісі.

Соңғы «реніштің ізі» тіркесінде эмоция материалдық таңба ретінде танылады. Реніш физикалық тұрғыдан көрінбейтін психикалық құбылыс болса да, автор оны «із» категориясы арқылы заттандырады. Мұнда АБСТРАКТІ ЭМОЦИЯ – ФИЗИКАЛЫҚ ТАҢБА метафорасы қалыптасқан. Яғни адамның ішкі сезімі сыртқы кеңістікте қалғандай қабылданады.

Жалпы алғанда, романдағы «із» және онымен мағыналас «жол» концептілері жалпы зерттеу базасының 11,1%-ын (10 бірлік) құрай отырып, бірнеше когнитивтік қабаттан тұратын күрделі семантикалық өріс түзеді. Олар:

Із – өмір жолы;

Із – өткен тәжірибе;

Із – ішкі психологиялық күй;

Із – жад;

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Із – тағдыр;
Із – уақыт таңбасы;
Із – рухани жауапкершілік;
Із – болмыстың көрінісі.

Осы арқылы Ә. Нұрпейісовтің идиостилінде «із» сөзі тұрақты лексема деңгейінен шығып, авторлық дүниетанымды ұйымдастырушы концептуалды метафоралық жүйеге айналғаны байқалады. Жазушы кеңістік категориясын адамның психологиялық және философиялық болмысын танудың когнитивтік тетігі ретінде пайдаланады. Соның нәтижесінде «із» концептісі романдағы психологизмді тереңдететін, кейіпкердің жан әлемін астарлап көрсететін маңызды лингвокогнитивтік маркер қызметін атқарады.

Көркем мәтінді талдаудың когнитивтік аспектісі сөздің эстетикалық қуатын сезіну мен түсіну арқылы өзіндік пайымдаулар жасау тұрғысынан үлкен маңызға ие. «Соңғы парыз» романындағы идиостиль – бұл метафоралық бейнелілік арқылы концептуалды мағына жасаудың үздік үлгісі. Осылайша автор табиғат көріністері мен адам психологиясын тығыз байланыстырып, кейіпкерлердің ішкі күйін, тағдырын бейнелейді. Бір ғана «із» сөзін тура және ауыспалы мағынада он түрлі тіркеспен қолдануының өзі жазушының тіл көркемдігін ғана емес, оның жазуындағы табиғаттың бейнесі көбіне философиялық тұрғыдан түсіндірілетіндігін байқауымызға әбден болады. Келтірілген көркем сөздер арқылы автор адамдар арасындағы шиеленістер мен жан жалғастығын көрсетуге тырысады.

Жоғарыда айтылған әдістемелік принциптерге сәйкес, роман мәтінінен іріктелген өзге тілдік фактілер мен көркемдік маркерлер төмендегідей арнайы корпустарға жіктеліп, терең талданады.

Лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, жазушы танымында ТЕҢІЗ – кеңістік, қозғалыс, тағдыр, мінез, өмір күресі секілді абстрактілі ұғымдарды ұйымдастырушы әмбебап концепт, авторлық әлем бейнесінің басты доминантасы болып табылады. Мұнда теңіз тек статикалық табиғат нысаны емес, әрекет етуші субъект ретінде антроморфтандырылады. Бұл бағыттағы метафоралық және теңеулік модельдер жалпы зерттеу корпусының 17,8%-ын, яғни нақты 16 репрезентативті тілдік бірлікті құрап отыр. Жазушы идиостиліндегі «ТЕҢІЗ» концептуалды метафорасының семантикалық өрісі мен қолданылу аясын жүйелеу мақсатында төмендегі кестені ұсынамыз (2-кесте).

2-кесте – Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы «ТЕҢІЗ» концептісінің когнитивтік-бейнелеуіш сипаты

Метафоралық модель	**Мәтіндік контекст (мысал)**	**Концептуалды мағынасы (талдау)**
1	**2**	**3**
Аңыраған ашық теңіз	«Соның аяғы бұл, міне, айдалада, аңыраған ашық теңіз үстінде тұр» [18, 5-б.].	Метафора арқылы автор адамның психологиялық жағдайын, тұрмыстық қиындықтарын суреттеп отыр. Теңіз – кең, ұшы-қиыры жоқ кеңістік болса, «аңырау» сөзі оның тынышсыздығын, құбылмалы күйін білдіреді. Бұл тіркес сол күйдегі белгісіздік пен бос кеңістік әсерін қалыптастыру үшін қолданылған.
Ұлы теңіз ашулы	«Ұлы теңіз ашулы» [18, 13-б.].	Антропоцентризм: теңізге адамға тән мінез-құлықты беру арқылы табиғат пен кейіпкер психологиясының үндесуі.
Көк теңіздің қашағаны	«Сен жазған көк теңіздің қашағанын қуып аулаймын деп, қатын-баланды да ұмыттың» [18, 17-б.].	Орындалмас арманның, нәтижесі жоқ ізденістің символы. Адамның өмірлік мақсаттары мен міндеттері арасындағы қайшылық.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

2-кестенің жалғасы

1	2	3
Теңіздей алқап	«...жарық дүниені алып жатқан теңіздей алқап аспан астына симай далиып кетер еді» [18, 15-б.].	Кеңістік метафорасы қолданылған. Табиғаттың ұлылығы мен адам рухының, ішкі күйінің шексіздігін шендестіру.
Әупірім теңіздің әпербақан толқындары	«...әупірім теңіздің жағаға шапшып арс-арс ұрып жатқан әпербақан толқындарымен жағаласып жүріп...» [18, 37-б.].	Бұл жерде теңіздің суреттелуі, оның келтірген қиындығы мен балықшының өміріне төнген қауіп арқылы оқырманға күшті бейнелер мен эмоциялар беріледі. Теңіз табиғатының қатаңдығы мен балықшының өмірінің күрделілігін түсіндіру үшін лексикалық байлық және бейнелі құралдар шебер қолданылған.
Ұлы теңіз өкіреді	«Сыртта жел ызғиды. Іргеде ұлы теңіз өкіреді» [18, 44-б.].	«Өкіру» сөзі арқылы табиғат апаты мен дыбыстық кеңістік антроморфтандырылып, кейіпкердің ішкі драматизмі күшейтіледі. Диалектілік тұрғыда «өкіру» сөзі әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстанда жиі кездеседі. Бұл өңірлерде «өкіру» сөзі тек қана адам даусы емес, сонымен қатар табиғаттағы құбылыстарды (мысалы, желдің, теңіздің немесе жануарлардың дауысы) сипаттауға да қолданылады. Сондықтан бұл сөз кейбір аймақтық диалектілерге тән ерекшелікті көрсетіп, сол аймақтардың тұрмысын және тілдік ерекшеліктерін айқындайды.
Теңіз қаңсыған астаудай кеуіп қалғанда	«Теңіз қаңсыған астаудай кеуіп қалғанда...» [18, 75-б.].	Экологиялық және рухани дағдарыстың басты символы. Теңіздің тартылуы мен құрғауының тұрмыстық заттық теңеу арқылы концептуалдануы.
Су ашыды, балық құрыды	«Су ашыды», «Балық құрыды», «жеті жыл көктен сыңар жаңбыр тамбай, теңіз өңірінің қылтанағы күйіп кетті» [18, 75-б.].	Арал қасіретінің лексикалық маркерлері. Табиғаттың өлуі мен қоғамның әлеуметтік торығуын баяндайтын қысқа, нақты тіркестер.
Құдықтар түбі көрінді	«Теңіз қайтқалы жер астының суы тартылып, бұрын күрпіп тұратын құдықтар түбі көрініп жатыр» [18, 75-б.].	Құрмалас сөйлемдер жүйесі арқылы табиғаттың жай-күйінің өзгеруін, жақындаған экзистенциалдық қиыншылықтарды көрсету.
Көк теңіз, телегей теңіз, тұйық теңіз, суы тартылған теңіз, долы теңіз, теңіз өңірі, теңіз қайтқалы(7 атрибутивті модель)	Мәтін ішіндегі түрлі контекстік қолданыстар	Жазушының идиостилінде «теңіз» концептісінің түрлі семантикалық-эстетикалық реңктермен құбылып, авторлық концепцияны ашудағы жиілігін дәлелдейді.

Ескерту: Кесте мәліметтері Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының мәтіндік контекстерін авторлық талдау негізінде түзілді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Романдағы «аңыраған ашық теңіз» тіркесінде теңіз адамның ішкі психологиялық әлемімен сабақтастырылған күрделі эмоционалдық кеңістік ретінде көрінеді. «Аңырау» етістігі негізінен адамға немесе тірі тіршілік иесіне қатысты қолданылатын эмоционалды-экспрессивті лексема. Автор осы сөзді теңізге телу арқылы табиғат құбылысын антропоморфтандырып отыр. Нәтижесінде ТЕҢІЗ – ЖАЛҒЫЗДЫҚ, ТЕҢІЗ – БОС КЕҢІСТІК, ТЕҢІЗ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС тәрізді концептуалды модельдер қалыптасады. Кейіпкердің айдаладағы ашық теңіз үстінде тұруы оның өмірлік тірек нүктесінен ажырағанын, рухани тұрақсыз күйге түскенін аңғартады. Мұнда кеңістік адамның ішкі жан дүниесінің когнитивтік проекциясына айналған.

«Ұлы теңіз ашулы» қолданысында теңізге адамға тән мінез бен эмоция беріледі. Бұл – антропоөзектік танымның айқын көрінісі. Автор табиғат пен адам психологиясын біртұтас жүйеде қарастырады. Мұнда ТАБИҒАТ – ТІРІ АҒЗА, ТЕҢІЗ – МІНЕЗ ИЕСІ моделдері концептуалданған. «Ашулы» сын есімі теңіздің физикалық күйін ғана емес, кейіпкердің ішкі эмоционалдық шиеленісін де қатар бейнелейді. Яғни теңіз – кейіпкердің жан әлемінің символдық айнасы. Бұл тәсіл жазушының психологизмді табиғат құбылыстары арқылы тереңдететін идиостилін танытады.

«Көк теңіздің қашағаны» тіркесі лингвокогнитивтік тұрғыдан ерекше мәнге ие. Қазақ танымында «қашаған» – қолға түспейтін, еркіндікті сүйетін, жуасымайтын жануарға қатысты қолданылатын ұғым. Автор осы мәдени-танымдық стереотипті теңізге көшіру арқылы ТЕҢІЗ – ҰСТАТПАС АРМАН, ТЕҢІЗ – ҚУҒЫНДАҒЫ МАҚСАТ концептілерін жасайды. Бұл жерде теңіз тек табиғи кеңістік емес, адамның өмір бойы қол жеткізе алмайтын аңсары мен орындалмас үмітінің символына айналған. Кейіпкердің «қашағанды қууы» – оның өмірлік мағына іздеуінің когнитивтік моделі. Сонымен бірге бұл қолданыс адамның отбасы мен әлеуметтік жауапкершілігі және жеке арманы арасындағы қайшылықты көрсетеді. Яғни АРМАН – ҚҰҒЫН, ӨМІР – ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС метафоралары қалыптасады.

«Теңіздей алқап» тіркесінде кеңістік концептісі ерекше көрінеді. Мұнда автор теңізді өлшемдік-кеңістік модель ретінде пайдаланып отыр. Теңіздің шексіздігі мен алқаптың кеңдігі өзара ұқсастық негізінде концептуалданған. Бұл – КЕҢІСТІК – ШЕКСІЗДІК когнитивтік моделі. Сонымен қатар «аспан астына симай далиып кетер еді» деген тіркес табиғаттың физикалық кеңдігін ғана емес, адамның ішкі рухани әлемінің де шексіздігін меңзейді. Яғни кеңістік категориясы адамның эмоционалдық және танымдық мүмкіндіктерінің метафоралық репрезентациясына айналған.

Ал «әупірім теңіз» тіркесінде теңіз қатал тіршілік кеңістігі ретінде сипатталады. Мұндағы «әупірім» сөзі адамның жанкешті әрекетімен, қауіп-қатермен, зор қиындықпен байланысты эмоционалдық реңкке ие. Сондықтан теңіз – тіршілік үшін күрес алаңы ретінде көрінеді. Мұнда ТЕҢІЗ – ҚАУІП, ТЕҢІЗ – ТАҒДЫР СЫНАҒЫ, ТЕҢІЗ – ТІРШІЛІК КҮРЕСІ секілді концептуалды құрылымдар қалыптасады. Толқындардың «арс-арс ұруы» да теңіздің агрессивті, тірі күш ретінде қабылдануына негіз болады. Бұл – динамикалық метафора.

«Теңіз қаңсыған астаудай кеуіп қалғанда» [18, 75-б.], «*Су ашыды», «Балық құрыды», «Жеті жыл көктен сыңар жаңбыр тамбай, теңіз өңірінің қылтанағы күйіп кетті»* [18, 75-б.] мысалдарында теңіздің ауытқуы, оның тартылуы, оның құрғауы астауға теңестіріліп бейнеленген. Бұл теңеу Арал өңірінің экологиялық трагедиясын ғана емес, адамның ішкі күйзелісін, қоғамның рухани дағдарысын танытады. *«Теңіз қайтқалы жер астының суы тартылып, бұрын күрпіп тұратын құдықтар түбі көрініп жатыр»* [18, 75-б.] деген күрделі құрмалас сөйлемдер жүйесі арқылы автор жақындаған әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтарды өзіндік тілдік шеберлігімен көрнекілейді.

Жалпы алғанда, романдағы «Теңіз» концептісі жалпы зерттеу базасының 17,8%-ын (16 бірлік) құрай отырып, бірнеше когнитивтік қабаттан тұратын күрделі семантикалық өріс құрайды.

Теңіз – өмір кеңістігі;

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Теңіз – тағдыр;
Теңіз – психологиялық күй;
Теңіз – жалғыздық;
Теңіз – арман;
Теңіз – қауіп;
Теңіз – тіршілік күресі;
Теңіз – шексіздік;
Теңіз – табиғат пен адам санасының бірлігі.

Осы арқылы Ә. Нұрпейісов теңіз образын тек пейзаждық деталь ретінде емес, кейіпкердің ішкі әлемін, рухани күйзелісін, экзистенциалдық ізденісін ашатын терең концептуалды-когнитивтік модель дәрежесіне көтерген. Жазушы идиостилінде теңіз – адам санасының, тағдырдың және өмірлік драманың символдық кеңістігі ретінде көркемдік-танымдық қызмет атқарады.

Ә. Нұрпейісовтің идиостиліндегі келесі бір маңызды қыр – кейіпкердің ішкі психологиялық күйін қоршаған ортамен шендестіру. Барлығына мәлім, Нұрпейісов Қызылорда облысы Арал өңірінің тумасы және автордың сөзқолданысында диалектілік тіркестер мен жергілікті этномаркерлер көптеп кездеседі. Бұл бағыттағы лингвистикалық модельдер жалпы зерттеу корпусының 13,3%-ын (12 нақты бірлік) құрайды. Жазушы идиостиліндегі бұл бірліктерді мағыналық тұрғыдан төмендегідей жүйелейміз:

Тұрмыстық тозу мен тауқымет маркерлері: «талқыдай», *«ақ жем болған тұмсық»* (2 бірлік). Мұнда *талқыдай* сөзі қазақ тілінде көбінесе тозған, жартылай бүлінген, жақсы күйде емес деген мағыналарды, ал *ақ жем болған тұмсық деген тіркес балықшылық тұрмысқа, тұз бен су әсерінен мүжілген күйге қатысты* детальды білдіреді.

Климаттық-кеңістіктік диалектілік тіркестер: «қапырық ауа», «қапырық түн», «қапырық бөлме», «қапырық үй», «қапырық кабинет», «қапырық жағалау» және «Теңіз жағасының түні – қапырық» [18, 177-б.] контекстікқолданысы (7 бірлік). Бұл аймақтық лексемалар тар кеңістік пен экзистенциалдық қыспақ метафорасын тудырады.

Өңірлік фразеологиялық орамдар: «тірліктің әуселесі», «боқ дүниенің әуселесі» және «әуселесі белгілі» қолданыстары (3 бірлік) «...бұның өзіне қалғандағы тірліктің әуселесі қандай боларын көрді де..., Сосын тағы да ішінен: «боқ дүниенің әуселесі белгілі еді ғой» деді [18, 246-б.]. Мұндағы тірліктің әуселесі деген тіркес - қазақтың халық ауыз әдебиетінде, әсіресе Оңтүстік Қазақстанда көп айтылады. Бұл сөз тіркесі қазақ тілінде тіршіліктің, өмірдің, күнкөрістің ерекшеліктері, мәні мен құпиясы деген мағынада қолданылады. «Әуселе» сөзі қазақ тілінде жасалуы, сипаты, өзгешелігі, мәні деген мағынаны білдіреді.

Тілдік тұрғыдан алғанда, автор осындай аймақтық маркерлерді пайдалана отырып, күйзелген қаланың, қатал өңірдің жағдайын әсерлі сипаттайды.

Жазушының авторлық қолтаңбасында кездесетін қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына негізделген теңеулер мен портреттік сипаттамалар шығарманың көркемдік қуатын арттырып, оның психологиялық тереңдігін айқындайды. Бұл бағыттағы бейнелі орамдар жалпы зерттеу базасының 21,1%-ын, яғни нақты 19 репрезентативті тілдік бірлікті құрап отыр. Автор идиостиілндегі бұл көркемдік маркерлерді мағыналық құрылымына қарай төмендегідей нақты тізіммен жүйелейміз:

Ұлттық-философиялық танымдық метафоралар мен теңеулер (5 бірлік):

«Сарылдаған мұздай су» - суреткер адамға тән физикалық және психологиялық күйді үйлестіре отырып, сананың тазаруын, жаңа бағытқа бет алуын когнитивтік тұрғыдан өте шебер бейнелейді.

«Тас төбеге келген өрттей ыстық күн», «қиқы-жиқы көше», «аңызақ аптап», «қайнап тұрған аспан» тіркестері Арал өңірінің қатал табиғатын ғана емес, кейіпкердің ішкі дүниесіндегі қыспақ пен күйзелісті танытатын метафоралық қызметті атқарып тұр.

Арал қасіретін бейнелейтін когнитивтік модельдер (5 бірлік):

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Отқа қақтаған сары алтындай сап-сары күн [18, 48-б.] деген сөз тіркесінде *–дай* жұрнағы жалғану арқылы теңеу қызметін атқарып тұр. Мұнда күннің түсі сары алтынмен салыстырылады, яғни күннің сәулесі мен түсі өте жарқын әрі көз тартып тұр деп сипатталады. Бұл салыстыру күннің керемет сұлулығы мен жарықтығын бейнелейді;

Көзгелдектегі судай [18, 85-б.] - теңіз мен су арасындағы метафора, табиғаттың тұйықталып бара жатқан күйін көрсетеді. Бұл сөздерде су мен теңіздің тыныштықпен байланысы бар;

Екі емшектей [18, 85-б.] – екі дария аузынан қағылғалы - адам мен табиғаттың бірлігін білдіретін метафора. Мұнда теңіздің екі дариядан қоректенуі бейнеленген;

Көзгелдектей екі шалшық [11, 86-б.] – шалшықтар – бұл су бетінің үстінде болатын уақытша суқоймалар. Олар теңіздің құрып кетуі мүмкіндігін көрсетіп, табиғаттың көмекке мұқтаждығын білдіреді;

Ақтық дем алқымға таялған үмітсіз науқас [18, 85-б.] – бұл гипербола табиғаттың тағдырының қиындап, өлгенге таяу екенін көрсету үшін пайдаланылады. Науқас метафорасы теңізге қатысты қолданылып, оның ауыр күйін бейнелейді.

Дәстүрлі мәдени-діни стереотиптік маркерлер (2 бірлік):

Бақсы, балгер, құшнаштай бал ашқан сәуегейлер;...кітап ашқан ақ етек ишандай [18, 85-б.] – бұл тіркестердің әрқайсысында қазақтың халықтық мәдениетіндегі дәстүрлі сипаттамалар жатыр. Бұлар халықтың сенімдеріне, ғұрыптарына тән элементтер ретінде көрінеді. Мұндағы *құшнаш* деген сөздің өзі «көз тиюден сақтау» немесе «қорғаушы» мағынасында қолданылуы мүмкін. Автор сәуегейлердің сөзіне сену-сенбесін құшнаш сөзіне –тай жұрнағын жалғау арқылы көрсетеді және сонымен қоса *ақ етек ишандай* деген метафоралық теңеу арқылы да осыны әрі қарай өрбітеді. «Бақсы», «балгер», «сәуегей» сөздері қазақтың ежелгі дүниетанымындағы табиғаттың қияметі мен болашағын болжайтын адамдар болып саналады және мұнда синонимдік сөздер қатарын көрсетеді.

Анималистік және тұрмыстық теңеулер мен портреттік детальдар (7 бірлік):

«Күйлеген қаншықтың құйрығындай», «атан түйе көтермейтін ауыр бейнет», «қара құрттай киік», «қылдай қиянат» [18, 169-б.]*, «ашқарақ күшіктей өріп кеткен ой»* [18, 109-б.] сияқты теңеулер мен бейнелі орамдар шығарманың көркемдік қуатын арттырып қана қоймай, оның этнографиялық және психологиялық тереңдігін айқындайды.

«Мысық табандап» [18, 149-б.]*, «ісі өнбейтін жаман қатындай»* [18, 193-б.] тілдік орамдары суреттеліп отырған оқиғаның динамикасын, қимыл-қозғалыстың сипатын оқырман санасында көрнекі түрде сомдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, романда ұлттық танымға негізделген кейіпкер келбетін айқындайтын *«сабаудай ұзын кірпік», «шегір көз»* [18, 169-б.]*, «алақандай ала көз»* [18, 170-б.]*, «кілмік көз»* [18, 185-б.]*, «сұғанақ көз»* [18, 194-б.] сияқты портреттік сипаттамалар мен *«ит талағандай»* [18, 333-б.]*, «құйрығы құрт түскендей»* [18, 170-б.]*, «үйездеген жылқыдай»* [18, 174-б.]*, «жүндеген түйедей»* [18, 182-б.] секілді ұлттық танымға негізделген теңеулер, *«кебеждей қарын»* [18, 170-б.], *«аламан тышқанның құлағындай»* [18, 187-б.]*, «тертедей ұзын аяқ»* [18, 154-б.] сияқты халықтық бояуы теңдессіз орамдар осы корпустың көркемдік-эстетикалық қуатын арттырып, авторлық концепцияны толықтырып тұр.

Ә. Нұрпейсіов романында динамикалық қозғалысты, дыбыстық және бейнелік әлемді модельдеуде қос сөздер мен еліктеуіш лексемалар жүйесі маңызды рөл атқарады. Бұл топ жалпы зерттеу базасының 36,7%-ын, яғни нақты 33 репрезентивті тілдік бірлікті құрайды. Роман мәтінінен авторлық идиостильді айқындау үшін іріктелген негізгі лексемалардың құрылымдық-семантикалық сипатын кесте арқылы нақтылаймыз (3-кесте).

Корпустың жалпы жүйесін толықтыратын қалған 13 тілдік бірлік мәтін ішіндегі өзге де стильдік реңктерді айқындайды: *бүлк-бүлк* [18, 10-б.]*, дыр-дыр, құнжың-құнжың (бір нәрсені тез-тез, орынсыз етіп жасау немесе шұқылау, ләм-мим* [18, 18-б.]*, қыр-қыр* [18, 201-б.]*, былқылдап-сылқылдап, салдырлап-күлдірлеп* [18, 19-б.]*, дар-дар, үзе-мүзе, ту-ту, пыр-*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

пыр, әпі-шәпі (өте ұсақ, бейберекет әрекеттер), азан-қазан, [18, 113-б.]*, дүңк-дүңк* [т.б. беттерінен алынды]. Осы лексемалар бұл корпустың мәтін ішіндегі қолданыс жиілігін арттырып, оқырманға эмоционалды әсер етуді мақсат тұтады. Кейіпкерлердің табиғатпен байланысы, күдік пен үміт араласа отырып, белгілі бір әлеуметтік-мәдени проблемаларды көрсетеді. Оқырман Арал теңізінің жай-күйін, балықшылар өмірін осындай тілдік көркемдегіш-бейнелеуіш құралдар арқылы өздері бастан кешкен секілді сезіне алады.

3-кесте – Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің концептуалды-семантикалық сипаты

Тілдік топтар	Нақты тілдік бірліктер (20 лексема)	Когнитивтік-эстетикалық қызметі
Бейнелеуіш қос сөздер (10 бірлік)	*ығы-жығы* [18, 193-б.]*, апалақ-құпалақ (тез әрі шулы қимыл-қозғалыс жасау)* [18, 7-б.]*, алау-далау (әбігер, шұғыл қозғалыс)* [18, 13-б.]*, апыл-ғұпыл (асығыс, тіпті шаршап-шалдығып жүріп-тұру)* [18, 14-б.]*, ырым-жырым* [18, 16-б.]*, бөлек-салақ (кезексіз, ретсіз орын алған жағдай), алқам-салқам (басқалардан бөлектенген, тәртіпсіз іс-әрекет,* [18, 19-б.]*, ұйқы-тұйқы, опыр-топыр (ешқандай ретсіз бір нәрселердің шұғыл қозғалысы)* [18, 113-б.]*, ебіл-себіл (шашылып кеткен, бытыраған нәрсе).*	Психологиялық әбігерді, шұғыл және ретсіз қимыл-қозғалыстарды, кейіпкерлердің ішкі хаосы мен мазасыздығын оқырман санасында көрнекі түрде сомдау.
Дыбыстық еліктеуіштер (10 бірлік)	*кеңк-кеңк* [18, 9-б.]*, жырқ-жырқ* [18, 6-б.]*, қарқ-қарқ* [18, 10-б.]*, сылқ-сылқ* [18, 11-б.]*, селк-селк* [18, 84-б.]*, дүрс-дүрс* [18, 213-б.]*, сарт-сұрт* [18, 19-б.]*, бұрқ-бұрқ, мырс-мырс, шық-шық* [18, 113-б.].	Кейіпкерлердің физиологиялық және эмоционалдық реакцияларын табиғат пен тұрмыстың акустикалық кеңістігін динамикалық түрде бейнелеу.

Түйіндей келгенде, Ә. Нұрпейісовтің бұл көріктеуіш-бейнелеуіш тәсілдері – қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін пайдалана отырып, адам жанының тереңдігіне, табиғат пен қоғамдық өмірдің өзара әрекеттесуіне үңілудің басты жолы.

Мақаланың ғылыми тұжырымын былайша түсіндіреміз: Ә. Нұрпейісовтің идиостиліндегі концептуалды метафоралар жүйесі автордың дүниетанымдық моделін, ұлттық таным мен экзистенциалдық болмысты сабақтастыратын күрделі когнитивтік құрылым ретінде танылады. Жазушының көркемдік әлемінде метафора тек эстетикалық бейнелеу құралы емес, адамның ішкі психологиялық күйін, өмірлік тәжірибесін, рухани дағдарысын және табиғатпен байланысын концептуалдайтын танымдық механизм қызметін атқарады. Автор идиостилінде «ІЗ», «ТЕҢІЗ», «ЖОЛ» секілді концептілер кеңістік, қозғалыс, уақыт, тағдыр, жалғыздық және тіршілік күресі категорияларымен сабақтасып, концептуалды метафоралардың тұтас жүйесін құрайды. Соның нәтижесінде Ә.Нұрпейісовтің көркемдік дискурсында адам болмысы кеңістік пен табиғат құбылыстары арқылы модельденіп, психологизмнің терең когнитивтік сипаты қалыптасады.

Қорытынды

«Соңғы парыз» романындағы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өзекті тілдік фактілер мен көркемдік маркерлерді лингвокогнитивтік және стилистикалық тұрғыдан кешенді талдау нәтижесінде авторлық әлем бейнесінің өзіндік концептуалды моделі айқындалды. Роман мәтінінен іріктелген жиынтығы 90 репрезентативті тілдік бірлік зерттеу барысында өзара жүйелі 5 негізгі корпусқа жіктеліп, олардың мәтін ішіндегі когнитивтік-прагматикалық қызметі мен пайыздық өлшемі есептелді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

«ІЗ» және «ЖОЛ» концептуалды метафораларының корпусы (11,1%/10 бірлік) жазушы ойтанымында горизонтальді құрылымға салынған үздіксіз қозғалыста болатын кеңістік таңбасы ретінде зерттелді. Бұл мәдени код «ІЗ – ӨМІР ЖОЛЫ» концептуалды модельдерімен жүйеленіп, кейіпкерлердің тағдырлық соқпақтарын бейнелейді.

Авторлық әлем бейнесінің басты доминантасы болып табылатын «ТЕҢІЗ» концептісі (17,8%/16 бірлік) теңіздің статикалық табиғат нысаны емес, әрекет етуші субъект ретінде антроморфтандырылуын айқындайды. Мұнда «ТЕҢІЗ - ТАҒДЫР», «ТЕҢІЗ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС» модельдері кейіпкердің ішкі жан дүниесінің когнитивтік проекциясына айналған.

Этномаркерлі портреттік-диалектілік модельдер корпусы (13,3%/12 бірлік) Арал өңірінің тұрмыстық тауқыметі мен қатал климаттық қыспағын танытады. «Әуселе», «қапырық», «талқыдай» сияқты лексемалар мен жергілікті диалектілер романдағы оқиғалардың шынайылығын арттырып, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен ақыл-ой ерекшеліктерін даралай түседі. Мұндай сөзқолданыстар автордың ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды суреттеудегі терең біліктілігін көрсетеді.

Ұлттық танымдық концептуалды теңеулер (21,1%/19 бірлік) қазақ халқының дәстүрлі тұрмысы мен мифопоэтикалық танымына негізделе отырып, «ТАБИҒАТ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ АЙНАСЫ» концептуалды метафорасы аясында Арал қасіретінің экологиялық және әлеуметтік жай-күйін тереңдете түседі.

Экспрессивті-динамикалық еліктеуіштер мен бейнелеуіштер (36,7%/33 бірлік) шығармадағы динамикалық қозғалысты, дыбыстық және бейнелік әлемді модельдейді. Мәселен, «құнжың-құнжың», «жырқ-жырқ», «қарқ-қарқ» сияқты сөздер оқиғаның қарқынын, көңіл-күйдің құбылуын және адам мен табиғаттың егіздігін терең жеткізеді. Бұл – жазушы стиліндегі ырғақтылықтың айқын көрінісі.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының басты ерекшелігі – қазақ тілінің бай лексикалық қорын көркемдік мақсатта шебер пайдалануында жатыр. Зерттеу барысында анықталғандай, жазушының авторлық қолтаңбасы тілдің көпқабаттылығы мен бейнелеуіш тәсілдердің өзара үйлесімі арқылы ерекшеленеді. Автор тілдік құралдарды жай ғана суреттеу үшін емес, оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлату үшін жұмсайды. Романдағы көркемдегіш құралдар, әсіресе метафоралар мен теңеулер кейіпкерлердің психологиясын, табиғат көріністерін және өмірдің философиялық мәнін ашуға қызмет етеді. Жазушы адамның ішкі сезімін сыртқы әлеммен байланыстыруда дыбыстық бейнелеулер - еліктеуіш сөздерді өте ұтымды қолданған. Сондай-ақ, шығарманың тілдік матауында қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетіне тән аймақтық сөздер мен ауызекі сөйлеу элементтері маңызды рөл атқарады.

Ә.Нұрпейісовтің идиостиліндегі концептуалды метафоралар алғаш рет лингвокогнитивтік аспектіде кешенді түрде қарастырылып, олардың авторлық дүниетанымды репрезентациялаушы когнитивтік модель екендігі анықталды. Жазушы шығармаларындағы метафоралардың тек көркемдік-стилистикалық құрал емес, кейіпкердің психологиялық күйін, рухани тәжірибесін және экзистенциалдық болмысын концептуалдаушы танымдық құрылым қызметін атқаратыны дәлелденді.

Түйіндей келгенде, Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы – тіл мен стильдің бірегей бірлігін танытатын туынды. Жазушы қазақ тілінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, адам жанының тереңдігіне, қоғамдық өмірдің күрделілігіне үңіледі. Шығармадағы символика, шендестіру және көріктеуіш-бейнелеуіш құралдардың жиынтығы автордың көркемдік әлемінің эстетикалық және философиялық мәнін толық айқындап тұр. Ә.Нұрпейісовтің концептуалды метафоралар жүйесінде ұлттық дүниетаным, мифопоэтикалық таным және антропоөзектік қабылдау сабақтасып, қазақ көркем ойлауының когнитивтік моделін танытатыны ғылыми тұрғыдан негізделді.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP 26100789 «Қазақ тілінің өміршеңдігі: жазушы тілінің тезаурусын әзірлеу және көркемсөздің семантикалық трансформациясын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу» (2025-2027) гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 232 б.
2. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – Москва: Гослитиздат, 1959. – 654 с.
3. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. – Москва: Учпедгиз, 1957. – 188 с.
4. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. – Ленинград: Просвещение, 1972. – 271 с.
5. Болдырев Н.Н. Когнитивные исследования языка. Вып. IV: Концептуальные метафоры в языке и тексте. – М.-Тамбов: ИЯ РАН, ТГУ, 2009. – 480 с.
6. Semino E. Language and World Creation in Poems and Other Texts. – London: Longman, 1997. – 233 p.
7. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем / Пер. с англ. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 424 с.
8. Болотнова Н.С. Коммуникативная стилистика текста: словарь-тезаурус. – Москва: Флинта, 2018. – 384 с.
9. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 96 б.
10. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 186 б.
11. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем текстi лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б.
12. Rakhimova A.R., Nigmatullina A.M. Methodology for Teaching Students the Analysis of Turkish Fiction Texts // International Journal of Higher Education. – 2019. – Vol. 8, №7. – P. 13-20.
13. Parlindungan Pardede. Using Fiction to Promote Students' Critical Thinking // Journal of English Teaching. – 2019. – Volume 5 (3). – P. 156-168. http://dx.doi.org/10.33541/jet.v5i3.1309
14. Каримова Б., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Көркем мәтіннің гендерлік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 89–100. https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08
15. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
16. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1992. – 267 б.
17. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 208 б.
18. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз: Роман. – Алматы: Жазушы, 1998. – 464 б.

REFERENCES

1. Syzdyq R. Sozder soileidi [Words speak]. – Almaty: Sanat, 1994. – 232 b. [in Kazakh]
2. Vinogradov V.V. O iazyke hudozhestvennoi literatury [About the language of fiction]. – Moskva: Goslitizdat, 1959. – 654 s. [in Russian]
3. Sherba L.V. Izbrannye raboty po russkomu iazyku [Selected works on the Russian language]. – Moskva: Uchpedgiz, 1957. – 188 s. [in Russian]
4. Lotman Iu.M. Analiz poeticheskogo teksta [Analysis of the poetic text]. – Leningrad: Prosveshenie, 1972. – 271 s. [in Russian]
5. Boldyrev N.N. Kognitivnye issledovania iazyka. Vyp. IV: Konceptualnye metafory v iazyke i tekste [Cognitive language studies. Issue IV: Conceptual metaphors in language and text]. – M.-Tambov: IIa RAN, TGU, 2009. – 480 s. [in Russian]
6. Semino E. Language and World Creation in Poems and Other Texts. – London: Longman, 1997. – 233 p.
7. Lakoff Dzh., Dzhonson M. Metafory, kotorymi my zhivem [The metaphors we live by] / Per. s angl. – Moskva: Editorial URSS, 2004. – 424 s. [in Russian]
8. Bolotnova N.S. Kommunikativnaia stilistika teksta: slovar-tezaurus [Communicative stylistics of the text: thesaurus dictionary]. – Moskva: Flinta, 2018. – 384 s. [in Russian]

9. Qonyrov T. Qazaq teneuleri [Kazakh equivalent]. – Almaty: Mektep, 1978. – 96 b. [in Kazakh]
10. Esembekov T.O. Korkem matin teoriasy: oqu quraly [Literary text theory: a textbook]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 186 b. [in Kazakh]
11. Syzdyqova R., Shalabaev B. Korkem teksti lingvistikalyq taldau [Linguistic analysis of the artistic text]. – Almaty: Mektep, 1989. – 128 b. [in Kazakh]
12. Rakhimova A.R., Nigmatullina A.M. Methodology for Teaching Students the Analysis of Turkish Fiction Texts // International Journal of Higher Education. – 2019. – Vol. 8, №7. – P. 13-20.
13. Parlindungan Pardede. Using Fiction to Promote Students' Critical Thinking // Journal of English Teaching. – 2019. – Volume 5 (3). – P. 156-168. http://dx.doi.org/10.33541/jet.v5i3.1309
14. Karimova B., Quantaiuly N., Tolepbergen B. Korkem matinnin genderlik erekshelikteri [Gender features of a literary text] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 89–100. https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08 [in Kazakh]
15. Zhumagaliev Q. Adebiet teoriasy [Literary theory]. – Almaty: Mektep, 1969. – 243 b. [in Kazakh]
16. Qabdolov Z. Soz oneri [The art of the word]. – Almaty: Sanat, 1992. – 267 b. [in Kazakh]
17. Hasanov B. Qazaq tilinde sozderdin metaforaly qoldanyluy [Metaphorical use of words in the Kazakh language]. – Almaty: Mektep, 1966. – 208 b. [in Kazakh]
18. Nurpeiisov A. Songy paryz: Roman [The last duty: novel]. – Almaty: Zhazushy, 1998. – 464 b. [in Kazakh]

Linguocognitive Essence of Conceptual Metaphors in A. Nurpeisov's Idiostyle

Abstract. The article investigates the idiostylic features of Abdizhamil Nurpeisov, a prominent representative of modern Kazakh literature, from a linguocognitive perspective based on the novel «The Last Duty». The purpose of the study is to determine the semantic and cognitive nature of metaphorical models in the writer's idiostyle. In this regard, the linguocognitive interpretation of the concepts «Trail», «Sea», «Way» and the author's descriptive tools in the novel are analyzed. Linguocognitive, stylistic-statistical (quantitative counting method), conceptual, and linguostylistic methods of analysis were used in the study. The theoretical part examines the scientific foundations of the concept of idiostyle and identifies the features of the individual author's style. During the analysis, the writer's figurative word usage, conceptual metaphors, methods of personification, association, and symbolization are examined in terms of their function in revealing the psychology of the characters. From the linguistic material collected from the text of the novel, repeating, monotonous structures were filtered out, and 90 main representative language units vividly reflecting the author's style were selected for quantitative-qualitative analysis. During the stylistic-statistical analysis, it was found that 36.7% are expressive-dynamic onomatopoeic and figurative words, 21.1% are conceptual comparisons and portrait phrases based on national cognition, 17.8% represent the concept «Sea», which is the main dominant of the author's world picture, 13.3% are ethno-marked portrait-dialect models, and 11.1% comprise the metaphorical structures of the concepts «Trail» and «Way». As a result of the study, it is proved that through conceptual metaphors, A.Nurpeisov deeply reflects the philosophical connection between man and nature, forming an independent artistic system that deepens psychologism. The results of the study will serve as a basis for creating the writer's authorial lexicography and recognizing his idiostyle. The relevance of the article is determined by the need to identify the writer's worldview, the system of authorial concepts, and the features of the formation of cognitive models in a literary text through a linguocognitive study of the idiostyle.

Keywords: idiostyle, authorial lexicography, conceptual metaphor, cognitive model, concept «Trail», concept «Sea», concept «Way», the novel «The Last Duty».

Лингвокогнитивная значимость концептуальных метафор в идиостиле А. Нурпеисова

Аннотация. В статье на материале романа «Последний долг» в лингвокогнитивном аспекте исследуются идиостилистические особенности выдающегося представителя современной казахской литературы Абдижамила Нурпеисова. Цель исследования – определение семантической и когнитивной природы метафорических моделей в идиостиле писателя. В связи с этим анализируется лингвокогнитивная интерпретация концептов «След», «Море», «Путь» и авторских средств описания

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

в романе. В исследовании использовались лингвокогнитивный, стилистико-статистический (метод количественного подсчета), концептуальный и лингвостилистический методы анализа. В теоретической части рассматриваются научные основы понятия идиостиля, определяются особенности индивидуально-авторского стиля. В ходе анализа образные словоупотребления, концептуальные метафоры, методы персонификации, ассоциации и символизации писателя рассматриваются с точки зрения их функции в раскрытии психологии персонажей. Из языкового материала, собранного из текста романа, были отфильтрованы повторяющиеся, однообразные структуры, и для количественно-качественного анализа выделено 90 основных репрезентативных языковых единиц, ярко отражающих авторский почерк. В ходе стилистико-статистического отбора установлено, что 36,7% составляют экспрессивно-динамические звукоподражательные и образные слова, 21,1% – концептуальные сравнения и портретные обороты, основанные на национальном познании, 17,8% – концепт «Море», являющийся главной доминантой авторской картины мира, 13,3% – этномаркированные портретно-диалектные модели, а 11,1% – метафорические структуры концептов «След» и «Путь». В результате исследования доказано, что А. Нурпеисов через концептуальные метафоры глубоко отражает философскую связь между человеком и природой, сформировав самостоятельную художественную систему, углубляющую психологизм. Результаты исследования послужат основой для создания авторской лексикографии писателя и познания его идиостиля. Актуальность статьи определяется необходимостью выявления мировоззрения писателя, системы авторских концептов и особенностей формирования когнитивных моделей в художественном тексте посредством лингвокогнитивного исследования идиостиля.

Ключевые слова: идиостиль, авторская лексикография, концептуальная метафора, когнитивная модель, концепт «След», концепт «Море», концепт «Путь», роман «Последний долг».

Авторлар туралы мәлімет

Орынбасар Т.О. *– корреспондент-автор, PhD докторант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, e-mail: t_orynbasar@mail.ru, Қазақстан, Қызылорда қ.*

Амирбекова А.Б. *– филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, e-mail: marghan01@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.*

Төлебаева А.Т. *– аға оқытушы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, e-mail: aidyn42@mail.ru, Қазақстан, Қызылорда қ.*

Information about the authors

Orynbasar T.O. *– The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Korkyt Ata Kyzylorda University, e-mail: t_orynbasar@mail.ru, Kazakhstan, Kyzylorda.*

Amirbekova A.B. *– Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, e-mail: marghan01@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.*

Tolebayeva A.T. *– Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, e-mail: aidyn42@mail.ru, Kazakhstan, Kyzylorda.*

Сведения об авторах

Орынбасар Т.О. *– автор-корреспондент, PhD докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, e-mail: t_orynbasar@mail.ru, Казахстан, г. Кызылорда.*

Амирбекова А.Б. *– кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, e-mail: marghan01@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.*

Тулебаева А.Т. *– старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, e-mail: aidyn42@mail.ru, Казахстан, г. Кызылорда.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ӘОЖ 81’11; МҒТАР 16.21.43
https://doi.org/10.47526/3107-3085.346

А.Т. КАРАБАЕВ
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
e-mail: askhat.karabaev@mail.ru

ҚАЖЫМ БАСЫМОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СИНТАКСИСІ МЕН ПУНКТУАЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақала қазақ тіл білімі тарихындағы синтаксис пен пунктуация теорияларының қалыптасуын, сондай-ақ ұлттық тілдік дидактиканың және оқыту әдістемесінің даму жолдарын тереңірек зерттеуге арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, білікті әдіскер-педагог, профессор Қажым Аманғалиұлы Басымовтың (1896–1939) қазақ тілінің синтаксисі мен пунктуациясына, сондай-ақ орфографиясы мен терминологиясын жүйелеуге қосқан ғылыми үлесін кешенді түрде талдау. Зерттеу әдіснамасы ғалымның 1930-жылдардағы іргелі ғылыми-әдістемелік еңбектеріне, оның ішінде «Ауыл мұғалімі» және «Халық мұғалімі» журналдарында жарияланған маңызды мақалаларына жүргізілген контент-анализ, тарихи-салыстырмалы және мәтіннамалық талдауларға негізделген. Зерттеу барысында Қажым Басымовтың синтаксисті оқытуға жалаң формальды емес, функционалдық-прагматикалық тәсілді алғашқылардың бірі болып енгізгені нақты анықталды. Оның сөйлем мүшелерін, әсіресе күрделі пысықтауыш санаттарын мағыналық топтарға жіктеудегі жаңашылдығы, сондай-ақ ауызекі сөйлеуге тән «толымсыз сөйлемдер» ұғымын ғылыми айналымға енгізуі нақты лингвистикалық мысалдармен дәлелденді. Бұған қоса, тыныс белгілерін қоюдағы интонациялық-логикалық принципі жан-жақты қарастырылып, оның Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов сынды ізашарлардың еңбектерімен тарихи сабақтастығы айқын көрсетілді. Қорытындылай келе, ғалымның құрылымдық-функционалдық тұжырымдары қазақ тілін оқыту әдістемесінің және қазіргі коммуникативтік синтаксистің дамуына өте мықты іргетас болғаны ғылыми тұрғыдан толық негізделді. Бұл зерттеу ұлттық лингвистика тарихындағы ғалым мұрасының өзектілігін қайта жаңғыртады.

Кілт сөздер: қазақ тіл білімінің тарихы, Қажым Басымов, функционалдық синтаксис, интонациялық-логикалық принцип, пунктуация, тілдік дидактика.

Кіріспе

Қазақ тілін оқытудың әдістемесі ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, әдіскер-ғалым – профессор Басымов Қажым Аманғалиұлы [1, 561-б.]. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары ұлт зиялыларының басты назарында болған ағарту ісін қолға алған әдіскер-ғалым тіл білімі мен білім беру саласындағы реформаларға белсене қатысқан. Қажым Басымов – тіл білімінің бірнеше саласын, атап айтқанда, синтаксис, пунктуация, орфография,

**** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Карабаев А.Т. Қажым Басымовтың қазақ тілінің синтаксисі мен пунктуациясына қатысты ой-тұжырымдары // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 133-145. https://doi.org/10.47526/3107-3085.346
****Cite us correctly:***
Karabaev A.T. Qazhym Basymovtyn qazaq tilinin sintaksisi men punktuaciasyna qatysty oi-tuzhyrymdary [Kazym Basimov's Thoughts on Syntax and Punctuation of the Kazakh Language] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 133-145. https://doi.org/10.47526/3107-3085.346
Мақаланың редакцияға түскен күні 25.06.2025 / қабылданған күні 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

терминология және қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеген әдіскер-ғалым және педагог. Ол өз заманы үшін маңызды әрі бүгінгі педагогикалық практикада да өзектілігін жоймаған құнды еңбектер жазды. Оның ғылыми ізденістері ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде өтіп келе жатыр.

Бұл зерттеудің өзектілігі Қажым Басымовтың бай ғылыми мұрасының қазіргі қазақ тіл білімі мен тілді оқыту әдістемесі үшін зор маңыздылығымен айқындалады. Оның еңбектері жазыла бастаған кезең 1920-1930 жылдар аралығын қамтиды және де ол қазақ қоғамындағы ауқымды тарихи-әлеуметтік өзгерістерге толы кезең еді. Ол кезеңде жаппай сауатсыздықты жою, қазақ тілінде жаңа оқулықтар мен әдістемелік құралдар шығару, латын графикасына көшу сияқты міндеттер басымдыққа ие болды [2]. Қоғамдық-мәдени өзгерістердің дәл осы кезеңі қазақ тілін зерттеуде жаңа бағыттардың пайда болуына қолайлы жағдай туғызды. Қажым Басымовтың ғылыми-педагогикалық қызметі тікелей осы ұлттық міндеттерді шешуге бағытталды. Оның еңбектері академиялық шеңбермен шектелмей, сол кездегі қоғамның практикалық қажеттіліктерімен тығыз байланыста болды. Ғалым мақалаларының «Ауыл мұғалімі» мен «Халық мұғалімі» сияқты басылымдарда жариялануы негізінен мұғалімдерге арналғандығын көрсетсе, екінші жағынан бұл олардың теориялық құндылығымен қатар қолданбалылық маңыздылығын да көрсетеді. Осылайша Қажым Басымовтың еңбектері жай ғана академиялық ізденіс емес, қазақ тарихындағы ұлтты қалыптастыру, мәдениетті дамыту, сауаттылықты арттыру сынды түбегейлі өзгерістер кезеңіндегі шұғыл әлеуметтік білім беру талаптарына тікелей прагматикалық жауап болды. Бұл кезеңдегі қарқынды өзгерістер оның зерттеу бағыттарын айқындады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Қажым Басымовтың синтаксис, пунктуация, орфография және қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларына қосқан елеулі үлесін жүйелі түрде талдау, сондай-ақ оның ғылыми-педагогикалық мұрасының қазіргі қазақ тіл білімі мен білім беру жүйесіндегі орнын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін Қажым Басымовтың 1930-1939 жылдары жарияланған негізгі ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектеріне талдау жасау, оның лингвистикалық және әдістемелік көзқарастарын зерттеу, ғалымның идеяларын сол кезеңдегі басқа тілші-ғалымдардың тұжырымдарымен салыстыру сияқты міндеттер айқындалды. Зерттеу нысаны Қажым Басымовтың кең ауқымды ғылыми-әдістемелік мұрасы болып табылады. Оның еңбектерінің қазіргі педагогикалық практикада да өзектілігін сақтауы оның жасаған іргелі қағидаларының уақыт сынынан өткендігін, берік әрі түбегейлі дұрыс болғандығын көрсетеді. Бұл оның мұрасының тек тарихи ғана емес, сонымен бірге қазіргі қазақ тіл білімі мен білім беру саласындағы мәселелер үшін де құнды дереккөздер екендігін білдіреді.

XX ғасырдың басы қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасу кезеңі болды. Бұл уақытта ұлттық тілдің құрылымын зерттеу, оның нормаларын белгілеу және оқыту әдістемесін әзірлеу міндеттері өзекті болды. Осы бағыттың негізін қалаушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды, оның «Тіл-құрал» еңбегі тек оқу құралы ғана емес, қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми грамматика, қазақ тілінің ғылыми сипаттамасын жүйелі түрде берген фундаменталды еңбек ретінде үлкен тарихи маңызға ие [3; 4]. Бұл еңбекте сөйлем мүшелері оқушылардың грамматикалық категорияларды қабылдауын жеңілдететін практикалық тұрғыдан қарастырылды. Алайда бұл еңбектер негізінен сипаттамалық-ағартушылық сипатта болды, тұтас дидактикалық жүйені құраған жоқ. Грамматикалық категориялар мен орфографиялық нормаларды анықтау арқылы қазақ тілін жүйелеуге ғалымдар Құдайберген Жұбанов, Телжан Шонанов, сондай-ақ қазақ фонетикасы мен орфографиясының негізін салушылардың бірі Әлімхан Жүнісбек елеулі үлес қосты [41, 423-б.].

Тіл білімі саласындағы маңызды еңбектердің қатарында Қажым Басымовтың ғылыми-педагогикалық мұрасы ерекшеленеді. Ол алдыңғы зерттеушілердің идеяларын дамыта отырып, синтаксистік және пунктуациялық категорияларды оқыту әдістемесімен жүйелі

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

түрде ұштастыра білді [5, 48-б]. Оның «Сөйлем мүшелері туралы» (1938), «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» (1939), «Пысықтауыш» (1939), «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» (1939) сияқты бірнеше еңбектері синтаксистік ұғымдарды теориялық негіздеуге ғана емес, сонымен қатар оларды білім беру практикасында да қолдануға бағытталды [6, 18-б.; 7, 32-б.; 8, 42-б.; 9, 16-б.]. Қажым Басымов ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мен профессор Құдайберген Жұбановтың идеяларын жалғастыра отырып, синтаксистік және пунктуациялық құбылыстарды педагогикалық тұрғыдан түсіндіру қажеттілігін атап өтті [10, 25-б.; 11, 105-б.]. Ол грамматиканың функционалдық мақсатын айқын көрсетті, оны зерттеуді жазбаша және ауызша сөйлеуді дамыту міндеттерімен байланыстырды. Осылайша, Қажым Басымовтың теориялық ізденістерді мұғалімдер мен оқушыларға қолжетімді және түсінікті практикалық әдістемелік құралдарға айналдырып, қазақ тіл білімінің «сипаттамалық-ағартушылық» кезеңнен «жүйелілік-дидактикалық» кезеңге өтуінде маңызды роль атқарды [12, 115-б.]. Бұл жай ғана жаңа фактілерді атап өту емес, жүйелеу мен теориялық интеграцияның жаңа деңгейіне көтерілуін білдірді.

Қажым Басымовтың мұрасы кейінгі зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланады. Мысалы, профессор Шамғали Сарыбаев ғалымның отбасылық мұрағатынан түпнұсқа қолжазбаларды, атап айтқанда, «Жұрнақтар» атты еңбегін тауып, оның ғылыми мұрасының қайта жаңғыруына ықпал етті [13, 22-б.]. Белгілі ғалым Төлеубай Қордабаев өзінің «Қазақ тіл білімінің қалыптасу және даму жолдары» атты еңбегінде Қажым Басымовты қазақ синтаксистік мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде қарастырады [14, 55-б.]. Иманбай Ұйықбаевтың пікірінше, Қажым Басымовтың еңбектерін «мұзтаумен» салыстыруға болады, оның едәуір бөлігі әлі толық зерттелмеген және оның ғылыми білімін жіктеуді, құрылымдауды және ғылыми ортада талдау, іздеу және пайдалану үшін қолжетімділікті қамтамасыз ететіндіктен де одан әрі терең зерттеуді және жүйелеуді қажет етеді [15, 34-б.]. Бұл «мұзтау» метафорасы ізденушілерді ғалым мұраларын зерттеуге ғана үндеу ғана емес, сонымен қатар Қажым Басымовтың кейбір белгілі еңбектері тек «көрінетін бөлігі» ғана болуы мүмкін екендігін меңзейді. Бұл ғалымның талданбаған немесе ашылмаған еңбектерінің әлеуеті молдығын көрсетеді [15, 35-б.].

Төмендегі кестеде Қажым Басымовтың ғылыми жаңашылдығы мен ерекшелігі, оны замандас ғалымдардың еңбектерімен салыстыра отырып айқын көрсету мақсатында қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің синтаксис, пунктуация және оқыту әдістемесіне қатысты көзқарастарының салыстырмалы сипаттамасы берілген. Бұл 1-кесте әр ғалымның нақты үлесін жүйелі түрде көруге және Қажым Басымовтың еңбектерінің маңызын түсінуімізге көмектеседі [5, 50-б.; 6, 20-б.; 7, 35-б.; 8, 45-б.; 9, 18-б.; 10, 26-б.].

1-кесте - Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің синтаксис, пунктуация және оқыту әдістемесіне көзқарастарының салыстырмалы сипаттамасы

Критерий	А. Байтұрсынұлы	Қ. Жұбанов	Т. Шонанұлы	Қ. Басымов
Синтаксиске көзқарасы	Практикаға бағытталған	Құрылымдық, теориялық	Сипаттамалы-қолданбалы	Құрылымдық-функционалдық
Пунктуацияға көзқарасы	Шектеулі	Орфография аясында	Мысалдармен негіздеу	Интонациялық-логикалық
Оқыту әдістемесі	Қарапайым жаттығулар	Жекелеген ұсыныстар	Жартылай ескертпелер	Жүйелі дидактикалық модель
Оқу бағдарламаларына әсері	Жанама	Концептуалды	Жартылай	Тікелей қатысу және редакциялау

Ескерту: автормен құрастырылған [16; 17; 18; 19, 120-б.]

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Бұл кесте Қажым Басымовтың синтаксис пен пунктуацияға қосқан үлесін нақтылайды. Кестеде Басымовтың ғылыми әдістері мен жаңашыл көзқарастары және ізашарларымен салыстырыла отырып, ғалымның еңбектерінің ерекшелігі мен маңыздылығы жақсы көрсетіледі.

Қажым Басымовтың ұсынған тәсілдерінің басқа ғалымдардың ұсынған тәсілдерімен салыстырғандағы артықшылықтары:

– Синтаксиске тереңірек және заманауи көзқарас. Егер Ахмет Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов және Т. Шонановтарда синтаксис негізінен практикалық, теориялық немесе сипаттамалық тұрғыдан қарастырылса, Қажым Басымов құрылымдық-функционалдық тәсілді қолданады, бұл тілдегі синтаксистік бірліктердің құрылымын ғана емес, сонымен қатар қызметтерін де ашуға мүмкіндік беріп, синтаксистік жүйені неғұрлым тұтас түсінуді қамтамасыз етеді [16; 17; 18; 19, 120-б.].

– Пунктуацияға инновациялық көзқарас. Басқа ғалымдардағы шектеулі немесе фрагменттік тәсілден айырмашылығы Қажым Басымов интонациялық-логикалық әдісті пайдаланады, бұл сөйлеудің мағыналық және интонациялық құрылымын түсіну арқылы пунктуацияны саналы түрде меңгеруге ықпал етеді.

– Оқыту әдістемесінің жүйелілігі. Алдыңғылардың әдістемелері жаттығулар, жекелеген ұсынымдар немесе жеке жазбалар түрінде ұсынылса, Қажым Басымов жүйелі дидактикалық модельді ұсынады, бұл бірізді және тиімді оқытуды қамтамасыз етеді.

– Оқу бағдарламаларына тікелей ықпалы. Қажым Басымов оқу бағдарламаларын әзірлеуге және редакциялауға тікелей қатысты, бұл оның тәсілінің практикалық бағытталғанын және білім беру жүйесіне бейімделгендігін көрсетеді, ал басқа ғалымдардың ықпалы жанама немесе ішінара болды.

Осылайша, Қажым Басымовтың тәсілдері жүйелілігімен, функционалдығымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді, бұл оларды мектеп бағдарламалары аясында синтаксис пен пунктуацияны оқыту үшін неғұрлым тиімді етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қ. Басымовтың синтаксис пен пунктуацияға қосқан үлесі алғаш рет функционалдық-прагматикалық тұрғыдан кешенді талданып, нақты тілдік мысалдармен негізделді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеу Қажым Басымовтың 1930 жылдан 1939 жылға дейінгі кезеңде жазылған еңбектері негізінде, оның қазақ тілінің синтаксистік және пунктуациялық нормаларының қалыптасуына қосқан үлесін талдау және жүйелеу мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысында әртүрлі ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Қажым Басымовтың ғылыми-педагогикалық қызметінің көпқырлылығын ескере отырып, оның мұрасын толық ашу үшін дәл осындай кешенді әдіснамалық тәсілді пайдалану қажет болды. Ол тек теоретик қана емес, сонымен қатар практик-әдіскер, сондай-ақ сол кездегі тіл реформаларына белсене қатысқан қоғам қайраткері болғандықтан, оның мұрасы лингвистикалық теорияны, оқыту әдістемесін және тарихи контексті қамтиды. Сондықтан оның еңбектерін толыққанды түсіну үшін бір әдіс жеткіліксіз. Бұл көпқырлы әдіснамалық тәсіл ғалымның мұрасының тереңдігі мен ауқымын түсіну үшін маңызды.

Текстологиялық әдіс Қажым Басымовтың 1938-1939 жылдары жарияланған «Сөйлем мүшелері туралы», «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері», «Пысықтауыш», «Құрмалас сөйлемдерге қойылатын үтір белгілері», «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» сияқты негізгі мақалаларын талдау арқылы қолданылды. Бұл әдіс грамматикалық құрылымдарды сипаттауда автордың нақты тұжырымдамаларын, оның терминологиясын және жүйелеудің ішкі логикасын анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, 1939 жылы жазылған «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» атты мақаласында ол алғаш рет «толымсыз сөйлемдер» терминін енгізіп, оны ауызекі сөйлеу тілі мысалдарымен түсіндіреді, бұл автордың жаңашыл көзқарасын көрсетеді [8, 44-б.]. «Толымсыз сөйлемдер» күнделікті

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

сөйлеуде жиі кездеседі, бірақ формальды грамматика үшін қиындық тудыруы мүмкін. Оларды қарастырып, «ауызекі сөйлеумен» байланыстыру арқылы тілдің вариациясы мен контексін түсінгенін көрсетті.

Контент-талдау әдісі мәтіндік материалдарды құрылымдық-семантикалық талдау, сөйлем мүшелеріне, сөйлем түрлеріне және тыныс белгілеріне қатысты анықтамалар мен ережелерді жүйелеу үшін пайдаланылды. Бұл әдіс Қажым Басымовтың теориялық және практикалық жетістіктерін жалпылауға және олардың еңбектеріндегі жиілігі мен жүйелілігін бағалауға мүмкіндік берді.

Тікелей аударма мәтіннің мазмұнын өзгертпестен, сөзбе-сөз аударуды білдіреді. Бұл әдіс мәтіндегі мәдени элементтердің түпнұсқалық мағынасын сақтауға көмектеседі.

Мысал 1:

Түпнұсқа: «第二章第44页：三月扶犁，四月播种，五月割麦，六月栽瓜，七月锄豆，八月杀麻，九月掐谷，十月翻地» [9, 44-б.].

Аударма нұсқа: « Наурызда соқа айдасам, сәуірде тұқым себемін, мамырда бидай орып, маусымда қауын саламын, шілдеде бұршақ шөптесем, тамызда кендір сыдырамын, қыркүйекте егін жисам, қазанда егінге шығамын » [21, 44-б.].

Бұл мәтінде қытай ауыл шаруашылығының кезеңдері табиғи түрде қазақ тілінде жеткізілген. Аудармада бастапқы мәтіннің мағынасы мен ырғақтылығы толық сақталған. Мо Янь өзінің романында ауыл шаруашылығы көріністерін қарапайым да ұғынықты бейнелеген. Аудармашы түпнұсқа мәтіннің сөз әрлеу әдісін сақтайды және «... мен жасадым» Сөйлем құрылымын қолданып, ауыл шаруашылығындағы көріністерді

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

бейнелейді. Қазақ тіліндегі тіл дағыдысына да көбірек сәйкес келеді және аударма табиғи әрі жетік болады. Қытайдың ауылдық жерінде адамдар 24 амалға сәйкес егін егумен, егін жинаумен және басқа да ауыл шаруашылығы қызметімен айналысады. Әрбір амалдың өзіндік бірегей мағынасы мен мәдени коннотациясы бар, мысалы «Личунь» көктемнің басталуын білдіреді, ал «Қысқы күн тоқырауы» күн шуағының біртіндеп ұлғаюын және ауа райының жылынуын білдіреді. Ауыл шаруашылығы қызметі мен 24 амалдың үйлесімі қытайлықтардың қайтпас қайсарлығы мен табиғатпен қарым-қатынасқа тәуелділігін көрсетеді [10, 135-б.]. Сондықтан аудармашы аудармадағы шаруа мен жер арасындағы ажырамас эмоциялық байланысты одан ары ерекше атап өтіп, оқырманға өндірістік өркениеттегі айырмашылықтар мен қытай ауыл шаруашылығы әдеттерін тереңдей түсінуге комектеседі.

Мысал 2:

Түпнұсқа: «第四章第102页：白刀子进，红刀子出» [9, 102-б.].

Аударма нұсқа: «ақ пышақ жалаңдап кіріп, қан жоса боп шығып жатыр» [21, 102-б.].

Бұл сөйлем романда жазылған шошқаның сойылған көрінісін сипаттайды. Жоғарғы бөлігінде ақ пышақ, төменгі бөлігінде қызыл пышақ қолданылады [11, 123-б.]. Сондықтан пышақтың түсі ерекше маңызды және сою процесінің әр түрлі сатыларын білдіреді. Аудармашы ақ пышақ пен қызыл пышақты «ақ пышақ» деп тікелей аударған, ол бастапқы шығарманың мәдени мәнін толық сақтай алмаған, сондай-ақ бастапқы шығарманың контексі мен бейнелемекші болған мәдени көріністеріне жақындаған жоқ. Бастапқы мәтіндегі «进» және «出» деген сөздерді, Аудармашы шылау сөздерін қарама-қарсы пайдалана отырып «кіру» және «шығу» деп аудару арқылы екі түрлі түстегі пышақтың қолданылатындығын ашалап аудармаған, «ақ пышақ жалаңдап кіріп, қан жоса боп шығып жатыр» деп аударған. Аударманың бұл әдісі бастапқы шығарманың контексіне жақын емес, қытай тілін білмейтін немесе қытай мәдениетімен таныс емес оқырмандар жөнінен алғанда, жаңсақтық тудырады. Аудармада мәдени сөздердің семантикалық мәндерының екінші бір тілде бейнеленуі күңгірт. Себебі түстердің мағынасы мен символизмі әр түрлі мәдениеттерде әр түрлі болады. Шығыс мәдениетінде қызыл түсті бақытты, қуанышты, құштарлықты білдіреді және фестивальдарды, тойларды, басқа да жағдайларды тойлау үшін кеңінен қолданылады [12, 47-б.]. Екінші жағынан, ақ түс өлімді, қайғы-қасірет пен жаңсақтықты білдіреді, ал Орта Азия мәдениеттерінде қызыл түстің символы әлдеқайда күрделі [13, 43-б.]. Қызыл түс өміршеңдіктің, құштарлықтың символы болып саналады, бірақ ол зорлық-зомбылыққа, соғысқа, қан төгіске, қауіп-қатерге, т.б. кері жақтарынада қаратылады. Ақ түс кінәсіздікті, тазалықты білдіреді [14, 153-б.].Осылайша, романда бейнеленген қызу мерекелік орындарда қуаныш пен құттықтауды білдіру үшін қызыл да қолданылады. Бұл халық мәдениетін аударғанда аудармашы екі түсті, ақ және қызыл түсті көрсету үшін «ақ» пен «қызыл» -ды пайдалануға тура келеді. Бұл оқырмандарға түрлі мәдениеттердегі түстердің символын және шығармада айтылған мәдени түсініктерді жақсы түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, тікелей аударма мәдени алмасу мен мәдениетаралық түсіністік үшін аса маңызды, себебі ол адамдарға басқа мәдениеттерді жақсы түсінуге және құрметтеуге, мәдени қарым-қатынас пен түсіністікті насихаттауға көмектеседі [15, 176-б.].

2. Мағыналық аударма

Мағыналық аудармада түпнұсқаның дәл мағынасын сақтай отырып, мәтіннің оқырманға түсінікті және табиғи естілуі қамтамасыз етіледі.

Мысал 3:

Түпнұсқа: «第五十二章第1397页：蓝开放和西门欢，则对面坐在棺材前面的两个小方凳上，就着一个瓦盆，烧化纸钱» [9, 1397-б.].

Аударма нұсқа: «Лән Кайфаң мен Си Мын Хуан табыт алдына кішкене орындықтарын қойып, қыш түбек ішіне қағаз өртеді» [21, 1397-б.].

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Қытайша «纸钱» сөзін аударған кезде, аудармашы мағыналық аударма әдісін қолданып «қағаз» деп аударады. Себебі тікелей «қағаз ақша» деп аударылса, оқырман шын ақшаны өртеп жатыр деп түсінуі мүмкін. Керісінше, «қағаз» түпнұсқа мәтіннің мағынасын дәлірек жеткізе алады, ол адамдардың қайғы-қасіреттерін білдіру мақсатымен қайтыс болған адамға өртейтін қағаздан жасалған ақшаға жатады. Сонымен қатар, қытайдың жерлеу мәдениетінде құдайларға ғибадат ету мен құрметтеу салты бар, ал «纸钱» - ды, «қағаз» деп аудару оқырмандарға қытайдың жерлеу мәдениеті мен халықтық наным-сенімдерін жақсы түсінуіне көмектесе алады. Мағыналық аударма әдісі бастапқы мәтіннің мағынасын жеткізіп қана қоймай, қытай мәдениеті мен құндылықтарын оқырманға жеткізеді.

Мысал 4:

Түпнұсқа: «第二章第50页：民国三十五年春天被我收了房» [9, 50-б.].

Аударма нұсқа: «Миңгоның (қытайша дәуір аты) 35-жылы мен оны кіші әйелдікке алғанмын» [21, 50-б.]. Бастапқы мәтіндегі «收房» сөзі іс жүзінде қытайдың дәстүрлі некелік салты болып табылады. Бірақ қытай мәдениетімен таныс емес оқырмандар үшін бұл түсініспеушілікке әкелуі мүмкін. Сондықтан аудармада «收房» мәдени факторы аударылмаса да, ол мәдени фактордың мағынасын тікелей түсіндіріп, «кіші әйелдікке алғамын» деп аударады. Оқырманның түпнұсқа мәтінінің мағынасын жақсы түсінуіне көмектесеу үшін бастапқы мәтіндегі мәдени коннотация дәстүрлі үйлену салт-дәстүрін аудару барысында бастапқы мәтінның стилі мен сипаттамасын сақтап бейнелеген [16, 180-б.].

3. Фонетикалық аударма (транслитерация)

Қытай дәстүріндегі есімдер мен жер атауларының дыбысталуы қазақ оқырмандарына бейімделіп, транслитерация арқылы берілген.

Мысал 5:

Түпнұсқа: «第四章第98页：叮叮当当，铿铿锵锵，火花迸溅，声震四壁，让我西门驴之心，为之迷狂» [9, 98-б.].

Аударма нұсқа: «дүкен ішін сарт та сұрт, шың да шың дауысқа толтырды, қызған темірден шытырлап қызыл ұшқын шашырап жатыр. Осыларды көргенде Си Мың есек болған байғұс басым желігіп-ақ кетті» [21, 99-б.].

Бұл аудармада қытай тіліндегі атаудың дыбыстық ерекшеліктері қазақ тіліне бейімделіп, оқырманға түсінікті болатындай етіп өзгертілген. Бұл тәсіл оқырманға бастапқы атаудың қытай мәдениетіне тән екенін сезінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық нормаларына сәйкес келеді.

Мо Янның «Өмір мен өлім азабы» романында Қытай қоғамының дәстүрлі нанымдары мен мәдени түсініктері реалистік және мифологиялық стильде қатар беріледі. Бұл мәдени кодтарды қазақ тіліне аудару барысында аудармашы семантикалық және прагматикалық шешімдер қабылдауға мәжбүр болған.

Бірінші кезекте, реинкарнация (жанның қайта тууы) концептісі аудармада ерекше орын алады. Қытай мәдениетінде бұл ұғым адам рухының мәңгілігі мен кармалық себеп-салдар заңдылығын білдіреді. Қазақ тіліне аударғанда «жаны қайта оралды», «рухы қайта тірілді» сияқты тіркестер қолданылып, философиялық астар сақталғанымен, ұлттық дүниетанымға бейімделген. Екінші, құрбандық пен ата-баба рухына табыну бейнелері түпнұсқада ерекше эмоциялық реңкке ие. Қазақ мәдениетінде де ата-бабаға тағзым ету дәстүрі бар, бірақ рәсімдік формалары өзгеше. Аудармашы мұны «ата-баба рухына сиынды» деп бейімдеп жеткізген. Бұл – тура мағынаны сақтап қана қоймай, мәдени сәйкестікке қол жеткізудің мысалы. Үшінші, ауыл өмірі мен шаруашылыққа байланысты ұғымдар. Мысалы, қытай тіліндегі «田神» (егін құдайы) сөзі аудармада «егін иесі» деп берілген. Бұл термин қазақтың «жер-ананы қадірлеу» ұғымына жақын келеді және мәдени интерпретацияны дұрыс сақтаған. Сондай-ақ романдағы диалогтық құрылымдарда халықтық мақал-мәтелдер мен астарлы

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

сөйлеу көп. Аудармашы кейбірін баламалы қазақ мақалдарымен алмастырған, бұл әдіс функционалдық эквиваленттілік қағидасына сай келеді.

Аудармашының басты мақсаты – түпнұсқаның мәдени реңін сақтап, қазақ оқырманына табиғи әрі түсінікті мәтін ұсыну екені айқындалады.

Нақтылап айтқанда, салыстырмалы талдау нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

Біріншіден, Мәдени коннотациялар аудармада тура емес, бейімделген формада берілген. Бұл тәсіл аударма мәтінін қабылдауды жеңілдетіп, мәдени тосқауылды азайтады. Екіншіден, Қытай мәдени ұғымдары қазақ дүниетанымына жақын баламалар арқылы жеткізілген. Мысалы, «рух», «құрбандық», «жер иесі» сияқты түсініктер қазақ мәдениетіне сай сөздермен бейнеленген. Үшіншіден, Аудармада прагматикалық бейімдеу әдісі басым. Бұл – мәдениетаралық коммуникацияны сақтау үшін орынды тәсіл. Төртіншіден, Аудармашы ұлттық эквиваленттерді қолдану арқылы мәдени сәйкестендіру стратегиясын ұстанған. Бұл түпнұсқа рухын жоғалтпай, қазақ тілінің табиғи жүйесіне үйлесімділік әкелген. Бесіншіден, Теориялық тұрғыда зерттеу, Нида, Катфорд және Вермеердің «мәдени эквиваленттік теориясымен» үйлеседі. Яғни, аудармада негізгі мақсат – мағынаны емес, мәдени әсер мен контекстті сақтау екені айқындалды.

Қорытынды

«Өмір мен Өлім азабы» кітабын қазақшаға аудару барысында қолданылған стратегиялар мәтінның көркемдігі мен мағынасын сақтау, сондай-ақ оқырманға түпнұсқадағы мәдени элементтерді түсінікті түрде жеткізу мақсатында әртүрлі әдістерді біріктіреді. Бұл тәсілдер қазақ оқырмандарының қытай мәдениетін тереңірек түсінуіне мүмкіндік беріп, мәдениаралық диалогты нығайтуға ықпал етеді. Мо Яньнің «Өмір мен Өлім азабы» романы – қытай мәдениетінің күрделі философиялық және рухани жүйесін көркем тілмен бейнелейтін шығарма [17, 97-б.]. Бұл туындының қазақ тіліне аударылуы – тек тілдік емес, мәдени деңгейдегі жауапты процесс. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей: Қытай мәдениетіне тән символдар мен ұғымдар қазақша аудармада көбіне бейімдеу мен түсіндірмелі тәсіл арқылы жеткізіледі; Кейбір ұғымдардың философиялық тереңдігі қысқарып кетеді, сондықтан ғылыми аудармада түсіндірме әдісін кең қолдану қажет; Мәдени коннотацияларды сақтау үшін аудармашы тек тіл маманы емес, екі мәдениетті терең түсінетін зерттеуші болуы керек. Роман аудармасына талдау жасау арқылы аудармашының негізінен мәдениетке үйлесуді аударма әдісі ретінде қолданып, мәдениеттің көшуін қосымша алған [18, 177-б.]. Мәдениеттің ауысуы мен мәдениеттің ассимилиациялануы әдетте мәдениетке үйлесу әдісіне қолданылады [19, 85-б.]. Түпнұсқаның мағынасын дұрыс жеткізгеннен кейін, аударманың сапалы болуы үшін, аударушы болмашы өзгеріс жасайды, мысалы, сөз тәртібін реттеу, осы барыста ең көп қолданылатын аударма әдісі дыбыстық аудару, тіке аудару және түсіндірме, мұндағы мақсат түп нұсқадағы қытай мәдениет информациясын мүмкіндігінше сақтап, оқырмандардың қытай мәдениетін шынайы сезінуіне мүмкіндік жасау [20, 124-б.]. Романды қазақ тіліне аудару барысында, аудармашы мәдениетті көшіру, аудару әдісін қолданғанда негізінен қысқарту әдісін қолданады. Бұдан сырт, автордың жеке қабілеті шекті болғандықтан, зерттеуде әлі де көптеген жетерсіздіктер өмір сүріп отыр. ең әуелі, аударма мысалдарына талдау жасау жан-жақтылы және егжей-тегжейлі емес, зерттеу материалын әліде жан-жақтылы зерттеп, сапасын жоғарылатуға мүмкіндік бар; онан қалса, өзінің ұлттық мәдениет жағындағы білімдері кемшіл болғандықтан, аударма мысалдарына талдау жасау дұрыс болмауы мүмкін және де аударма теориясын түсіндіруі терең емес, кемшіл. Осылай бола тұрса да, бұл мақала әдеби аудармаларға теориялық және практикалық жақтан белгілі үлгілік рөл атқарады. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейтіп, Мо Янь шығармашылығындағы мәдени кодтарды жүйелі түрде салыстырмалы талдау өзекті болады.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 章奕奕.狂欢化下《生死疲劳》中人与动物的关系 // 文学教育(上). – 2023. – №4. – 页. 39-41.
2. 王振平,冯旭冉.《生死疲劳》人物形象前景化表达的翻译研究 // 齐齐哈尔大学学报 (哲 学社会科学版). – 2023. – №2. – 页. 116-120.
3. 池清丽. 文化翻译策略多样性及多译互补研究. – 上海: 上海外国语大学, 2007.
4. 王秉钦. 文化翻译理论与实践（第2版）. – 天津: 南开大学出版社, 2007. – 270 页.
5. 蔡平. 文化翻译研究. – 长沙: 湖南师范大学, 2008.
6. 裘毛如. 文化与翻译 // 外语(上海外国语大学学报). – 1998. – №2. – 页 20–23.
7. 王秉钦. 文化翻译. – 天津: 南开大学出版社, 1995. – 350 页.
8. 王如辉. 基于语料库的翻译共性研究—以《生死疲劳》英译本为例 // 当代中国文学研究丛刊. – 2020. – №9. – 页. 181–193.
9. 莫言. 生死疲劳. – 杭州: 浙江文艺出版社, 2017. – 1514 页.
10. 尚维龙. 葛浩文翻译思想的主体性研究. – 上海: 上海交通大学, 2017.
11. 崔康丽, 刘颖. 生死疲劳》中的翻译补偿策略 // 河北联合大学学报(社会科学版). – 2015. – №4. – 页. 120–126.
12. 汪笑纯. 关联理论指导下《生死疲劳》中的民族特色文化英译研究 // 文化创新比较研究. – 2022. – №6 (26). – 页. 46-49.
13. 徐子晏. 浅谈《生死疲劳》葛浩文译本中民俗文化的翻译策略 // 英语广场. – 2022. – №22. – 页. 42-44.
14. 陈筱婷, 吴涛. 葛浩文英译莫言《生死疲劳》被动意义句式研究—生态翻译学视角 // 汉字文化. – 2022. – №20. – 页. 152-154.
15. 李梓铭. 副文本视域下莫言《生死疲劳》英译本农民蓝脸形象重构研究 // 文艺争鸣. – 2023. – №1. – 页. 174-179.
16. 曹锦秀.《生死疲劳》英译本中的形象变异 // 名作欣赏. – 2022. – №32. – 页. 179-181.
17. 石春让, 石岩. 葛浩文译《生死疲劳》中谚语的文化建构 // 外语. – 2019. – №1. – 页. 94-99.
18. 苗建伟. 葛浩文翻译观分析—以《生死疲劳》英译本为例 // 湖北民族学院学报(哲学社会科学版). – 2015. – №1. – 页. 176-179.
19. 王德领. 莫言与魔幻现实主义 // 阿斯塔纳大学学报(社会科学版). – 2013. – №1. – 页. 80-86.
20. 裘毛如. 文化与翻译. – 北京: 中国对外翻译出版公司, 2000. – 250 页.
21. Мо Ян. Өмір мен өлім азабы / ауд. Ж. Мұхамедханұлы, Д. Әлмақынұлы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 736 б.

REFERENCES

1. Zhang Yiyi. Kuanghuanhua xia Shengsi pilao zhong ren yu dongwu de guanxi [The relationship between humans and animals in “The pain of life and death” under carnival] // Wenxue jiaoyu (shang). – 2023. – №4. – P. 39-41. [in China]
2. Wang Zhenping, Feng Xuran. Shengsi pilao renwu xingxiang qianjinghua biaoda de fanyiyanjiu [Translation research on the Foreground Expression of the Character Image of “The pain of life and death”] // Qiqihaer daxue xuebao (zhexue shehui kexue ban). – 2023. – №2. – P. 116-120. [in China]
3. Chi Qingli. Wenhua fanyi celüe duoyangxing ji duoyi hubu yanjiu [Research on the Diversity of Cultural Translation Strategies and the complementarity of Multiple Translations]. – Shanghai: Shanghai Waiguoyu Daxue, 2007. [in China]
4. Wang Bingqin. Wenhua fanyi lilun yu Shijian [Cultural translation Theory and practice]. (di 2 ban). – Tianjin: Nankai Daxue Chubanshe, 2007. – 270 p. [in China]
5. Cai Ping. Wenhua fanyi yanjiu [Cultural Translation Research]. – Changsha: Hunan Shifan Daxue, 2008. [in China]
6. Qiu Maoru. Wenhua yu fanyi // Waiguo yu (Shanghai Waiguoyu Daxue xuebao). – 1998. – №2. – P. 20-23. [in China]
7. Wa ng Bingqin. Wenhua fanyi [Cultural translation]. – Tianjin: Nankai Daxue Chubanshe, 1995. – 350 p. [in China]

8. Wang Ruhui. Jiyu yuliaoku de fanyi gongxing yanjiu – yi Shengsi pilao yingyiben wei li [Research on the Commonality of Translation based on Corpus – Taking the English translation of “The pain of life and death” as an example] // Dangdai Zhongguo wenxue yanjiu congkan. – 2020. – №9. – Б. 181-193. [in China]
9. Mo Yan. Shengsi pilao [The pain of life and death]. – Hangzhou: Zhejiang Wenyi Chubanshe, 2017. – 1514 p. [in China]
10. Shang Weilong. Ge Haowen fanyi sixiang de zhutixing yanjiu [Research on the Subjectivity of Ge Haowen's Translation Thought]. – Shanghai: Shanghai Jiaotong Daxue, 2017. [in China]
11. Cui Kangli, Liu Ying. Shengsi pilao zhong de fanyi buchang celüe [Translation Compensation Strategy in “The pain of life and death”] // Hebei LianheDaxuexuebao (shehui kexue ban). – 2015. – №4. – P. 120-126. [in China]
12. Wang Xiaochun. Guanlian lilun zhidao xia Shengsi pilao zhong minzu tese wenhua yingyi yanjiu [Research on the English Translation of National Characteristic Culture in “The pain of life and death” under the guidance of correlation Theory] // Wenhua chuangxin bijiao yanjiu. – 2022. – №6(26). – P. 46-49. [in China]
13. Xu Ziyan. Qiantan Shengsi pilao Ge Haowen yiben zhong minsu wenhua de fanyi celüe [A brief discussion on the translation strategy of folk culture in Ge Haowen's translation of “The pain of life and death”] // Yingyu Guangchang. – 2022. – №22. – Б. 42-44. [in China]
14. Chen Xiaoting, Wu Tao. Ge Haowen yingyi Mo Yan Shengsi pilao beidong yiyi jushi yanjiu – shengtai fanyixue shijiao [Ge Haowen's English Translation of Mo Yan's “The pain of life and death” Passive Meaning Sentence Pattern Research – Ecological Translation Perspective] // Hanzi Wenhua. – 2022. – №20. – P. 152-154. [in China]
15. Li Ziming. Futext shiyu xia Mo Yan Shengsi pilao yingyiben nongmin Lanlian xingxiang zhonggou yanjiu [Research on the reconstruction of the image of the farmer's blue Face in the English translation of Mo Yan's “The pain of life and death” under the sub-text perspective] // Wenyi Zhengming. – 2023. – №1. – P. 174-179. [in China]
16. Cao Jinxiu. Shengsi pilao yingyiben zhong de xingxiang bianyi [Image variation in the English translation of “The pain of life and death”] // Mingzuo Xinshang. – 2022. – №32. – P. 179-181. [in China]
17. Shi Chunrang, Shi Yan. Ge Haowen yi Shengsi pilao zhong yanyu de wenhua jiangou [The cultural Construction of Proverbs in Ge Haowen's translation of “The pain of life and death”] // Waiguoyu. – 2019. – №1. – P. 94-99. [in China]
18. Miao Jianwei. Ge Haowen fanyi guan fenxi – yi Shengsi pilao yingyiben wei li [Analysis of Ge Haowen's Translation View—Taking the English translation of “The pain of life and death” as an example] // Hubei Minzu Xueyuan Xuebao (zhexue shehui kexue ban). – 2015. – №1. – Б. 176-179. [in China]
19. Wang Deling. Mo Yan yu mohui xianshi zhuyi // Astana Daxue Xuebao (shehui kexueban). – 2013. – №1. – P. 80-86. [in China]
20. Qiu Maoru. Wenhua yu fanyi [Culture and Translation]. – Beijing: Zhongguo Duiwai Fanyi Chuban Gongsi, 2000. – 250 p. [in China]
21. Mo Yan. Omir men olim azaby [The pain of life and death] / aud.: Zh.Mukhametkhanuly, D.Almakynuly. – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 736 b. [in Kazakh]

Features of Translation into Kazakh of Cultural Connotations in Mo Yan's Novel “The Pain of Life and Death”

Abstract. Translation is not only the mutual dissemination of different linguistic symbols, but also the exchange of relationships and cultures. China and Kazakhstan have different historical origins, cultural traditions, and language customs, so overcoming the obstacles caused by cultural differences has become a thinking task for translators and scholars.

This article analyzes the process of translating a novel into the Kazakh language, studying the peculiarities of cultural elements in translation, and providing a deeper understanding of them. Regarding the scientific and practical significance of the work, the article is based on the theory of cultural translation, analyzing the translation tactics and methods used by translators when translating cultural elements,

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

organizing and summarizing them, and incorporating new research findings to promote the further development of this theory. Additionally, it provides materials that can serve as models for future researchers to better grasp theoretical knowledge. Moreover, through extensive analysis of the original text and the translation, it reinforces the foundation of language and culture, aiding in the accurate translation of literary works in both Chinese and Kazakh.

The research methods used in the proposed article include a descriptive method for analyzing the peculiarities of "folk culture" in the Chinese novel "生死疲劳" (Life and Death Struggles); comparative analysis method for examining the translation tactics and methods of folk traditions in Mo Yan's Chinese novel "生死疲劳" and its Kazakh translation "Өмір мен Өлім азабы" (The Torment of Life and Death); and the classification method for analyzing folk culture based on regional differences.

This article has considerable theoretical and practical significance. There are still many opportunities to study the cultural factors in literature and the translation of cultural elements in literary works within the country. Few articles have explored the meaning and translation of cultural connotations in literary works. Additionally, this research article will guide future research papers, clarify the author's research direction, and facilitate a better understanding of the application methods and pathways of theory in practice.

Keywords: translation, Mo Yan, Chinese culture, cultural connotation, semantics.

Особенности перевода на казахский язык культурных коннотаций в романе Мо Янь «Боль жизни и смерти»

Аннотация. Перевод – это не только взаимное распространение различных языковых символов, но и обмен культурами и ценностями. Китай и Казахстан имеют разные исторические корни, культурные традиции, языковые особенности, поэтому преодоление барьеров, вызванных культурными различиями, является важной задачей для переводчиков и ученых.

Эта статья анализирует процесс перевода романа на казахский язык, изучая особенности культурных элементов в переводе и способствуя более глубокому пониманию этих аспектов. Что касается научной и практической значимости работы, статья основывается на теории культурного перевода, анализируя тактики и методы перевода, используемые переводчиками при передаче культурных элементов, систематизируя и обобщая их, а также включая новые исследования для содействия дальнейшему развитию этой теории. Кроме того, она предоставляет материалы, которые могут служить образцом для будущих исследователей и способствовать лучшему освоению теоретических знаний. Более того, посредством обширного анализа оригинального текста и перевода она способствует укреплению языковой и культурной основы, способствуя точному переводу литературных произведений как на китайском, так и на казахском языках.

Методы исследования, использованные в статье, включают: описательный метод для анализа особенностей «народной культуры» в китайском романе «生死疲劳» («Страдания жизни и смерти»); метод сравнительного анализа для изучения тактик и методов перевода народных традиций в китайском романе Мо Яня «生死疲劳» и его казахском переводе «Өмір мен Өлім азабы» («Муки жизни и смерти»); а также метод классификации для анализа народной культуры на основе региональных различий.

Статья обладает значительной исследовательской ценностью. В стране сохраняется широкий потенциал для изучения культурных факторов в литературе и перевода культурных элементов в литературных произведениях. Существует недостаточное количество исследований, исследующих значение и перевод культурных коннотаций в литературных произведениях. Кроме того, эта исследовательская статья будет способствовать развитию будущих исследований, уточняя их направление и способствуя лучшему пониманию методов и путей применения теории на практике.

Ключевые слова: перевод, Мо Янь, китайская культура, культурная коннотация, семантика.

Авторлар туралы мәлімет

Қалиолла Г. *– корреспондент-автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: 1525102214@qq.com, Қазақстан, Алматы қ.*

Абдырақын Н. *– PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: nurhalyk76@gmail.com, Қазақстан, Алматы қ.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Information about the authors
Haliolla G. *– The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: jianaerjia5@gmail.com, Kazakhstan, Almaty.*
Abdurakyn N. *– PhD, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: nurhalyk76@gmail.com, Kazakhstan, Almaty.*

Информация об авторах
Калиолла Г. *– автор-корреспондент, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: 1525102214@qq.com, Казахстан, г. Алматы.*
Абдуракын Н. *– PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: nurhalyk76@gmail.com, Казахстан, Алматы қ.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 82.09; 82-95; МҒТАР 17.82.09
https://doi.org/10.47526/3107-3085.347

Г.Ж. ОРДА
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
e-mail: Orda_68@mail.ru

ДЕТЕКТИВ ӘҢГІМЕЛЕР: ОҚИҒАЛАР МЕН КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Т. Берікқызының «Шебердің шындығы», Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Ә. Байболдың «Миллион», Қ. Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа», Г. Нұрхановаңың «Жалғыздың кегі», А. Жусанбайдың «Қанды сурет», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімелерін қарастыру арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының дамуы қарастырылды. Оқырман қызыға оқитын жанр әлем әдебиетінен үлкен орын алса, қазақ қаламгерлері де аталған жанрды дамытуда қоғам өміріндегі түрлі қылмыстарды әдебиетке алып келуде. Жазушылардың детектив шығармаларға тән «оқырманмен ойнау», «оқырманды алдау», «саспенс», «жүйкемен ойнау», «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдістерін қалай пайдаланғандығы нақты шығармалар негізінде талданды. Жанр табиғатына сай бұл шығармаларға да түрлі жағдайда жасалған құпия қылмыстар арқау болса, сол қылмысты ашудағы шытырман оқиғалар оқырманын баурап отыратындығына назар аударылды.

Оқиғалар жүйесіне салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық және әдеби-теориялық талдау жасауда детектив әңгімелерде оқиғалардың бірізді дамитыны оқиғаның құпия қылмыспен басталуы, оқиғалардың кезең-кезеңімен дамуы, тартыстың шиеленісуі, кейіпкерлер арасындағы тартыс, шарықтау шегі және мәселенің шешілуімен сараланды. Кейіпкерлер жүйесіне талдау жасауда тергеуші, қылмыскер тәрізді бас кейіпкерлер мен жанама кейіпкерлердің монологтары, сөйлеген сөздері, әс-әркеттері мен қимылдары, өмірлік ұстанымдары негізге алынды. Құпия қылмысты ашудағы көркем детальдардың маңызы айқындалып, олардың сюжеттік-композициялық тұтастықты қалыптастырудағы рөлі көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ детективтік әңгімелерінде қоғамдағы әлеуметтік мәселелер мен қылмыстық құбылыстардың көркем бейнеленетіні, сондай-ақ мұндай шығармалардың оқырманды адамгершілік құндылықтар туралы ойландыруға ықпал ететіні анықталды.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ прозасы, детектив, монолог, диалог, кейіпкер сөзі, көркем деталь.

Кіріспе

Әлем әдебиетіне көз жүгіртетін болсақ, детектив жанрының негізін қалаушы, Огюст Дюпен туралы шоғырлы әңгімелердің авторы Эдгар Аллан По, ұлыбританиялық Шерлок

Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:
Орда Г.Ж. Детектив әңгімелер: оқиғалар мен кейіпкерлер жүйесі // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 158-171. https://doi.org/10.47526/3107-3085.347
Cite us correctly:
Orda G.Zh. Detektiv angimeler: oqigalar men keiipkerler zhuiesi [Detective Stories: The System of Events and Characters] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 158-171. https://doi.org/10.47526/3107-3085.347

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.02.2026 / қабылданған күні 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Холмс туралы шығармалардың авторы Артур Конан Дойл, Эркюль Пуаро мен Мисс Марплдың авторы Агата Кристи, әкей Браун туралы детективтердің авторы Гилберт Кит Честертонның шығармалары оқырманға кеңінен таныс.

ХХ ғасырдағы классикалық детективтерден комиссар Мегрэ туралы романдар жазған француздық Жорж Сименон, американдық Филип Марлоу туралы жазған Рэймонд Чандлер, «Мальта сұңқары» романының авторы Дэшил Хэммет, логикалық детективтер жазған Эллери Куин, әзербайжан жазушыларынан Ш. Абдуллаев, Ж. Әміров, қазақ жазушыларынан С. Сейфуллин, Қ. Исабаев, К. Тоқаев тәрізді детективтің негізін қалаушылардың есімі ойымызға оралады.

Детектив жанры бүгінгі таңда да қалыптасқан дәстүрлі жолын жалғастырып даму үстінде. Бұл қатарда Умберто Эконың «Раушан аты», Стиг Ларссонның «Мыңжылдық» трилогиясы, Дэн Брауннның интеллектуалдық детектив-триллерінің қатарын қазақ жазушылары толықтырады. Қазіргі таңда қазақ детективі де дамудың жаңа белесіне көтерілді. Б. Қалаубай, М. Әбдәкімұлы, Ә. Шаймағамбетов, Н. Саматұлы тәрізді жазушылардың қатары күн санап толығуда. 2018 жылдан бері тұрақты түрде «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС өткізіп келе жатқан республикалық және К. Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған әдеби байқаулар детектив жанрының дамуын жеделдетті. Зерттеу нысанына алынып отырған Т. Берікқызының «Шебердің шындығы», Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Ә. Байболдың «Миллион», Қ.Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа», Г. Нұрхановаңың «Жалғыздың кегі», А. Жусанбайдың «Қанды сурет», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімелері 2018 жылғы байқаудан жүлделі орындарды иеленген туындылар екенін баса айтуға болады.

Детектив шығармаларды оқырман іздеп оқитындықтан, қай кезеңде де детектив жазатын жазушылардың шығармалары кітап сөрелерінен түскен емес. Мәскеуде 1989-1992 жылдары «Детектив и политика» альманахы үздіксіз шығып тұрды [1, 258-б.]. Қазақ қаламгерлерінің де шығармалары әр жылдары жеке жинақ болып оқырманның қолына тиді. Бұл қатар екі томдық «Серт» [2, 416-б.], «Шырғалаң» [3, 381-б.] тәрізді қазақ жазушыларының детектив шығармалар жинағымен толықты. Және қатарды «Заң» газетінің ZANMEDIA.KZ – Қоғамдық-саяси, құқықтық сайтында үздіксіз жарияланып тұратын шығармалар қатары толықтыруда.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Тақырыпты зерттеуде топтау, жүйелеу, салыстырмалы әдістер арқылы нәтижеге қол жетті. Қазіргі қазақ әңгімелерін топтап жүйелеуде 2018 жылғы байқауда көпшілік оқырманның ықыласына бөленіп, жүлделі орындарды иемденген шығармалар іріктеп алынды. Зерттеуге алынған әңгімелерді салыстыра зерттеудің арқасында бүгінгі таңдағы қылмыс әлемінің әдебиетке келгені бағамдалды.

Оқиғалар жүйесіне талдау жасауда шығармалардың құрылымы анықталып, жазушылардың қылмысты ашудағы «оқырманмен ойнау», «оқырманды алдау», «саспенс», «жүйкемен ойнау», «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдіс-тәсілдері мен көркем детальды пайдаланудағы ерекшелігіне көңіл аударылды. Кейіпкерлер жүйесіне талдау жасауда әр шығармадағы басты кейіпкер мен жанама кейіпкерлердің монолог, диалог, іс-қимыл әрекеттеріне үңілудегі авторлардың стильдік ерекшелігі мен әдіс-тәсілдері бағамдалды.

Детектив жанры даму үстінде болғандықтан, әдебиеттанушылар тарапынан да тыңғылықты зерттелуде. Әзербайжан әдебиеттанушылары әзербайжан әдебиетіндегі детектив жанрын тарихы мен бүгінгі даму бағыттарын әлем әдебиетімен салыстыра зерттеуде. М-Б.С. Алтайқызының «Детективный жанр в азербайджанской литературе» [4, 185-б.] диссертациясында әзербайжан әдебиетіндегі детектив жанрының қалыптасуы мен дамуы зерттелсе, И.М. Мамедованың «Қазіргі АҚШ және Әзербайжан әдебиетіндегі

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

детектив жанрының жаңа реңктері» диссертациясында қазіргі американдық және әзербайжандық жазушылардың детектив шығармалары салыстырыла зерттелді [5, 22-б]. Ал, қазақ детективінің зерттелуі соңғы ширек ғасыр төңірегінде қалыптасуда. Бұл бағытта қазақ детективінің негізін қалаушы К. Тоқаев шығармалары аясында бірнеше еңбек жарық көрді. А. Жунусова «Жазушы Кемел Тоқаев және қазақ әдебиетінің детектив жанрын ЖОО-да оқыту» деген тақырыпта диссертация қорғап, жазушы шығармаларын жоғары оқу орнында оқытудың моделін ұсынды [6, 135-б.]. «Әдебиеттегі детектив жанрының тарихын зерттеу: Әдеби сыншылармен сұхбаттарға негізделген сапалық зерттеу» мақаласында әлем әдебиетімен бірге қазақ детективінің қалыптасуы мен дамуын, бүгінгі даму бағытын қарастырды [7, 22-б.]. Студенттер мен аспиранттардың Бүкілресейлік ғылыми-практикалық «Детективный жанр в искусстве: социальный, психологический, литературный аспекты в прошлом и настоящем» атты конференцияда өнердегі детектив жанрының әлеуметтік, психологиялық және әдеби аспектілері қарастырылды [8, 148-б.].

М.Н. Агафанованың «Жанр детектива и творчество Ж. Сименова» [9, 1-б.] мақаласында детективтің жанрлық ерекшелігі Ж.Сименов шығармашылығы аясында қарастырылса, Е. Лампорттың «Америка в отрожении детективного жанра» [10, 15-б.] мақаласында американдық жазушылардың детектив шығармалары жан-жақты зерттелген. Г. Орданың «С. Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі» деген мақаласында жазушы Сабырбек Олжабайдың аталған повесі [11, 50-60-бб.], Э. Мансурованың «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі» деген мақаласында А. Аймағамбеттің «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» (2023), М. Анарбекұлының «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонждың «Екеудің көлеңкесі» (2021), Е. Паевскаяның «Адъюторы» тәрізді повестері зерттеу нысанына алынған [12, 210-223-бб.]. Авторлар қазақ әдебиеті тарихындағы детективті повестердің қалыптасуы мен дамуын зерделей отырып, жанрлық ерекшеліктерін ғылыми саралаған.

Тақырыпты зерттеуде ғылыми мақалалармен бірге Ж. Шамұратованың аталған жанр туралы «Қазақ детективі бар ма, жоқ па?» сұхбатын, сыншы А. Кеңшілікұлының «Қазақ детективін қашан оқимыз?», Т. Тәшеновтің «Қазақ детективі қашан жанданады?» тәрізді көпшілік мақалаларын басшылыққа алдық. Ж. Шамұратованың «Қазақ детективі бар ма, жоқ па?» сұхбатында детектив жазып жүрген жазушылар қазіргі қазақ детективінің дамымай жатқандығына алаңдаушылық білдірсе, «Заң» газетінің бас редакторы А.Сембаева республикалық байқау жариялау арқылы детектив жанрын көтеруге болатынын ұсынған болатын. Сыншы А. Кеңшілікұлы «Қазақ детективін қашан оқимыз?» мақаласында әлем әдебиетінде детективтің сұранысқа ие екенін айта келіп, қазақ жазушылары да оқырманның сүйіп оқитын жанрына көңіл аудару керектігіне көңіл аударды. Т. Тәшеновтің «Қазақ детективі қашан жанданады?» мақаласында қазақ детективінің дамымай жатуының бірнеше себебін атап көрсетеді. Біріншіден, Кеңес заманында детектив жазатын санаулы адамдар ғана КГБ-ның, тергеу орындарының рұқсатымен мұрағат ақтаруға қол жеткізетіндігінен, екіншіден, қазақ халқының үлкен қалаларға енді шоғырлануынан, үшіншіден, нарық заманында баспалар тарапынан қызығушылықтың болмауынан деп түсіндіреді. Автордың айтуы бойынша детектив жанры баспалар тарапынан қызығушылық танытқанда ғана жанданбақ.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі қазақ детективінің даму бағыттарын анықтауда детектив шығармалар топтастырылған «Шытырман» жинағындағы 2018 жылғы жүлделі шығармалар зерттеу нысанына алынды. Байқау қорытындысы бойынша Т. Берікқызының «Шебердің шындығы», Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Ә. Байболдың «Миллион», Қ. Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа», Г. Нұрхановаңың «Жалғыздың кегі», А. Жусанбайдың «Қанды сурет», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімелері жүлдегер деп танылған. Сыншы А. Кеңшілікұлы айтқандай шетелдік

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

жазушылар ғана емес, қазақ жазушылары да детектив жанрын дамытуға үлес қоса бастады [13, 3-б.].

Детективті шығармалардың құрылымын жанрлық ерекшелігіне сай кіріспе (экспозиция), қылмыс немесе құпия оқиға, тергеудің басталуы, шиеленіс, шешімі, қорытынды (эпилог) деп қарастыратын болсақ, Т. Берікқызы «Шебердің шындығы» шығармасын өз ішінен «Нысана», «Қардағы қан», «Тосын жай», «Ағашқы айғақтар», «Жанкешті», «Ақиқат» деген тақырыпшаларға бөлу арқылы жекелеген эпизодтарға назар аударған.

«Кіріспе» – Алматы қаласындағы белгілі сәулетшілердің бірі Роман Вехтенің нысанаға алынуы болса, «Қылмыс немесе құпия оқиға» – Қазақстанда тіркелген тұңғыш тапсырыспен кісі өлтіру фактісі. Оқиға болған жерде ешқандай дәйек пен айғақтың қалмауы – тәжірибесі жоқ полицейлер үшін күтпеген қылмыс еді. Әдетте қылмыс көзден таса, оңаша жерде жасалса, бұл қылмыс жаңа жыл қарсаңындағы Алматыдағы адам аяғы басылмаған ескі алаңда көпшіліктің көзінше жасалуы күдік туғызады. Куәгер көп болғандықтан оқиғаның түрліше сипат алуы сақшыларды шатастыруға алып келді. Куәгерлердің бірінің айтқаны екіншісіне үйлеспейтіні оқиғаны шиеленістіре түскен. Көз жұмардан алдын екі «Макаров» тапаншасын алып, екіншісін өзіне сенімді «Шеберге» бергенімен, қылмыскерді қылмыс үстінде ұстамаса дәлелдеу қиын.

Қожайынға оқ «Макаров» тапаншасынан атылғанмен, айғақ та, дәйек те жоқ. Жазушы құпияны соңына дейін ұстап ашпауға тырысқан. Маңызды ақпаратты бірден ашпай, оқырманды ынтықтыра түсу – жазушының стильдік ерешелігі. Негізгі қылмыстың ашылуына 1998 жылдың 31 наурызында Науаи мен Аңғарлы көшелерінің қиылысындағы «Мерседес» көлігіндегі жастардың өзара даурығуы себеп болған. Тінту барысында жүргізуші орындығының астынан 9 мм-лік оқтың бір қорабы табылуы, жүргізушінің лейтенант Сүгірбаевты жүректен атып, екіншісіне оқ жаудырып, көзден ғайып болуы оқиғаны шиеленістіре түскен. Бұл шығармада да қылмыскер құтылғанмен көліктегі екі жігіт алғашқы тергеу барысында басшыларының атын атап беруі мен «Шебердің» жендетке жанашырлық танытып, үйіне қондырып, киімін ауыстыруға көмектесуі финалды жақындатқан.

«Оқиғаның шешімі» – «Макаров» тапаншасының табылуы. Сарапшылардың Владимир Петровтан алынған тапаншаның оғы бес жыл бұрын кәсіпкер Роман мен жүргізушісін атқан «Макаров» тапашасының оғымен сәйкес келетінін анықтауы – оқиғаның шарықтау шегі. Екі полицейдің өлімін арқалаған жендет Романның өліміне тапсырыс беруші де «Шебер» екенін жасырмады. Романды өлтіруді ойлаған «Шебер» Ауғанстанда әскери жаттығудан өткен Ресей азаматын оңай тапты. Жүрісі суық, сақ Петров адам өлтіргені үшін Ресейде он екі жылға сотталып, үш жылдан кейін түрмеден қашып, несібесін көлеңкелі жұмыстардан тауып жүргенде, жиырма мың доллар үшін кісі қанын жуктеудің еш қиындығы болған жоқ.

«Эпилог» – Роман мен жүргізушісін, екі полицейді оққа байлаған қылмыскерге 2003 жылы өлім жазасына үкім кесіліп, Алматыдағы №1 тергеу изоляторында атылуы. Бақталастық, қызғаныш пен ақша үшін жасалған қылмыстан адам баласының азғындауы, адамгершілік құндылықтардың аяқасты болуы байқалады.

Е. Бейсенов «Ағайындылардың ажалы» әңгімесінің кіріспесінде алдымен Жетісу өңірінде орын алған қанды оқиға мен марқұмдар туралы ақпарат берген. Жазушы шегініс жасап, оқырманды Ерназар қартпен, Асқар, Дәурен, Кенжеболат есімді ұлдарымен жақынырақ таныстырады. Отағасына берілген: «Ерназар – аудан іргесінде орналасқан, іргесі бүтін, түтіні қалың ауылда мал ұстап, құс асырап, қазақы қоңыр тірлігін шалқытып отырған, ешкімге зияны жоқ, өз ортасына қадірлі жан», – деген сипаттамадан отбасы туралы толық ақпарат алуға болады [3, 15-б.].

Т.Тәшенов жоғарыдағы мақаласында: «...өркениетті елдерде детектив жанрының дамып кетуі негізінде ол жақта ғасырлар бойы қала тіршілігінің үздіксіз қайнап жатуынан. Өзін-өзі өлтіру, маньяктар, жезөкшелер, ұры-қарылар өмірі – қала өркениетінің улы жемісі.

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Қазақ халқының қалаға шоғырлануы (урбанизация) енді-енді жүзеге асып келеді. Сондықтан үлкен қалаларға тән психология бізге әлі сіңісіп болған жоқ», - деген болатын [14, 1-б.]. Бұл әңгімедегі күдікті топ – үлкен қаланың тұрғындары емес, көрші ауылдың бір қыстауындағы баукеспе Мақсат пен оның сыбайластары. Осыған қарап қылмыстың тек үлкен қалаларда емес, адамзатқа ортақ екенін бағамдаймыз. Қазақ халқы ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, барымта, ұрлық дегендердің малдың төңірегінде болатыны тарихтан белгілі. Алайда шығармада малға емес, үш бірдей азаматқа қарулы шабуыл жасалған. Мақсат ағайынды жігіттердің қалаға қай күні, қанша бас алып баратыны мен қашан қайтатынына дейін хабардар. Аудан орталығына өткізетін 15 бас ірі қараның ақшасы шытыр-шытыр еткізіп санауға асыққан сыбайластарға адам өлтіру қиынға түспеді. Оқырман ағайынды үшеуге қай күні қастандық жасалатынын біледі, бірақ олардың өздері бейхабар. Осы тұста жазушы саспенс әдісін қолданған. Саспенс – ағылшын тіліндегі «suspense» сөзінен шыққан, «белгісіздік, күтудің мазасыздығы» дегенді білдіретін, оқырманның қызығушылығын арттыратын «ілулі тұрған шиеленіс», «жүйкемен ойнау» әдісі. Көркем фильм мен әдебиетте көрермен немесе оқырман қорқынышты оқиғаның болатынын күтеді, бірақ не болатынын нақты білмейді. Фильмде музыка, дыбыс, монтажбен, әдебиетте сюжетпен жеткізеді. Кейіпкерлер тағдырына алаңдаған оқырман оқиғаны мұқият болжай отырып, әрекетке жабысып қалуы мүмкін.

Алдағы оқиғадан кейіпкерлер мүлде хабарсыз болғанмен, жазушы оқырман үшін мазасыздықпен күту сезімін тудырып, «жүйкемен ойнау» әдісін оқиғаның шешіміне дейін құпия ұстаған. Мұндағы «ақылды тергеуші» – полиция подполковнигі Жасын Елгезекұлы. Жоғалған жылқысын іздеп шыққан Серік ауылға 20 шақырым қалған жерде ағайындыларды өлтіріп, оларды тонаған төртеуді көргенін ішіп отырып айтып, кейін «Пәлесінен аулақ!» деп мойындамауға тырысқанмен, тергеуші куәгерге шындықты айтқызады. Куәгердің сөзімен «жасырын қылмыскерлер» анықталып, оқырман үшін басты күдікті болған Мақсат пен Әлімнің оқиға болған жерге кеш жеткені анықталады. «Жигули» автокөлігіндегі төртеудің ағайынды кәсіпкерлерге оқ атқаны 15 жылға, «атқосшылары» 7 жылдан арқалап кете барды. Үш перзентінен бірдей айырылған ата-ана құсадан бірінен соң бірі көз жұмған соң, олардың мал-мүлкін әкім мен имамның рұқсатымен ауыл адамдарының бөліп алуы, ауылдың жұмыссыз жастарының жоспарлы түрде адам өлтіруі халықтың әлеуметтік тұрмысынан хабар береді. Бұл – тоқсаныншы жылдардағы жаппай жұмыссыздықтың әдебиетттегі көркем бейнеленуі.

Әлібек Байболдың «Миллион» әңгімесінің оқиғасы да детективтік шығармаларға тән қылмыстан басталып, негізгі оқиға шегініс арқылы өрбиді. Кейуана таңғы сағат алтыда жанұшырып көмек сұрағанмен, оған селт еткен тұрғын болмады. Әйелдер жағы таңсәріде далаға жалғыз шығуға қорықса, ер азаматтар салғырттық танытты. Оқиғаға шегініс жасалғанда Алматы қаласындағы Абай мен Атынсарин көшелерінің қиылысындағы алты қабатты үйден көмек сұрай жүгірген – жасы жетпістен асқан Айсара атты кейуана екенінен хабардар боламыз.

Жұмбақ оқиғада жасалған қылмысты ашу аға лейтенант Сапарбаев пен тергеуші, капитан Жақыповқа жүктеледі. Ізкесушілер көршілерден сұрақ-жауап ала жүріп іліктің шетін шығарады. Самал, Сәкен, Жанар, Аслан, Ақерке есімді көршілер мен аула тазалаушы, дүкенші, студент қыз Құралай тәрізді қосалқы кейіпкерлердің жауаптарынан логикалық пайымдау жасалған. Тергеуші Жақыпов Ақерке кейуананың бейнелеп берген кісісін фотобейнесі арқылы тапқанда, оның ауруханада жатуы – детективтегі «жалған іздердің» көрінісі. Оқырман қылмыскер табылды деп отырғандағы жалған ақпарат – детективке тән оқырманды адастыратын деталь.

Айғақтар мен дәлелдерді табу оңай болмағанмен кәсіби қызметкерлердің тәжірибесімен тергеу барысында күдіктілер дәлелденіп, оқиғаның шарықтау шегінде

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

шындық ашылады. Басты кейіпкерлердің болмысы мен логикалық ойлау қабілеті қылмысты ашу барысындағы диалогпен толыға түседі.

«-Қанды көрдің ба?!

Тәжірибесі әлі толыспаған, дегенмен көзінде оты бар лейтенант подъезге шықты да, қайтадан оралды.

- Иә.

- Енді, тыңда! Меніңше, қылмыскерлер ойран-топырды бірден бастамаған. Алдымен пышақпен қорқытқан. Себебі, әлгі айқай таңғы сағат алтының кезінде естілген.

- Мүмкін тапаншамен шығар?!

- Оны да жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, гильза қайда? Мұнда «оларда пистолет болса, оны неге қолданбады?! Деген сұрақ туындайды» [3, 27-б.].

Аға лейтенанттың тәжірибесіздігі мен капитан Жақыповтың қырағылығы қылмысты ашу үстінде даралана түскен. Айғақсыз қылмысты ашуда криминалистикада кемінде екі-үш болжам жасалатын болса, капитанның қылмыскерлердің екеу екенін олардың аяқ іздерінен анықтап, дене-тұрқын да шамалағаны, бір айдың көлемінде олардың қайта келіп іздегендерін алатыны туралы болжамдары қылмыскерлерді ұстауға септігін тигізеді.

Кемпірдің сеніміне кірген сантехник Берікке 400 мың теңге керек болғанда, кейуананың жиып жүрген миллион теңгесі барын есіне түсіреді. Ақшаны ұрлауға ұзынтұра көршісі көмектесіп, іс насырға шауып, спортпен айналысатын немересі мен кемпірді пышақтап өлтіреді.

Шығарманың шешімі – қылмыстың ашылып, қылмыскерлердің анықталуы. Детектив шығармаларды классикалық, психологиялық, криминалдық деп жүйелейтін болсақ, бұл туындыдан аталған белгілердің барлығын кездестіруге болады. Ақша ұрлаймыз деп отырып, екі бірдей адамның өлімін мойындарына жүктеген қос қанішер бір миллион үшін адам өлтіргенін ойлайтын болсақ, бұл біріншіден, олардың әлеуметтік жағдайының төмендігін, екіншіден, ақшаның соңында неге де дайын екендігін көрсетеді. Кемпірдің сеніміне кірген Беріктің ешкімнің көзіне түспеу үшін кештетіп келуінің өзі – түпкі ойының бұзықтығы. Әу бастан өзгелердің көзіне түскісі келмеген сантехниктің ойлағаны – кемпірдің жиған-терген бір миллион ақшасын жымқыру. Кейіпкерлердің ішкі әлемін ашуда қылмыс себебінің әлеуметтік, психологиялық астарына үңілуде автор қылмыскерлер мен тергеушілердің ішкі әлемін ашуға тырысқан.

Қуандық Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны» әңгімесіне бақталастықтан туған қасірет арқау болған. Кәсіпкер Естайдың тасы өрге домалағалы Пак тірлігінің кейін кете беруі оқиғаны шиеленістіре түскен. Өзіне бәсекелес кәсіпкер Естайды жақсылап бір қорқытып алуды көздеген Пак оның ескі танысы Сергейге қамқорлық танытқандай болып, қойнына бір бума ақшаны тықпалап отырып, өтінішін айтуы қылмысты жақындатқан.

Естайдың Мәскеуде жүріп Әсияға жиі-жиі қоңырау шалуынан оның жан дүниесіндегі қобалжу байқалады. Кезінде өзімен серіктес болған Сергейдің кейін ішімдікке салынып, одан нашақор болып кеткенін білетін Естайдың үйіне қоңырау шалған ескі досынан секем алуы – жан дүниесіндегі мазасыздық. Жекелеген тараушаларға бөлінген әңгімеде бірде Мәскеудегі Естайдың, енді бірде қаладағы отбасының жай-күйі жекелеген эпизодтар арқылы параллель суреттелген. Үлкен қаладағы зәулім үйінде алаңсыз отырған Әсияға Сергейдің қоңырау шалуы, үйіне баса көктеп келген екеудің Әсия мен үш баласын бауыздап кетуі – есірткіге тойып алған қылмыскердің қанішерлігі.

Оңаша үйде, қараңғы түнде орын алған қылмысты көрген-білген тірі пенде жоқ. Қылмыскерлерді оқырман білгенмен, ешқандай айғақ жоқ. Сондықтан тергеушілер мен криминалистерге қылмысты ашу оңайға түспеді. Тергеу процесі туралы А.Д. Белашева, А.А. Крекова «История появления жанра детектива» деген мақаласында «Процесс расследования является важнейшим элементом детективной литературы. Часто детектив опрашивает подозреваемых, собирает улики и использует дедуктивные рассуждения, чтобы

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

собрать воедино головоломку. Читателю часто также предлагаются подсказки, позволяющие ему попытаться разгадать тайну вместе с детективом. Разгадка тайны обычно раскрывается в драматической кульминации, когда детектив объясняет, как они раскрыли преступление», - деген болатын [8, 13-б.]. Мұнда да кәсіби мамандардың тәжірибесі арқасында қылмыскерлер құрықталып, тоғыз айдан кейін тиісті жазаларын алады. Тоғыз айға созылған қылмысты іздестіруде жазушы «жүйкемен ойнау» әдісін пайдаланған. Қылмыскерлер қанша жерден мойындамай, Жоғарғы Сотқа шағымданғанмен әділ сот дұрыс шешім қабылдап Үкім шығарды. Үш баласы мен сүйген жарының қырқына дейін зиратқа барып түнеген Естайдың түсіне Әсия кіріп: «Естай, үйге бара ғой. Еңсеңді көтер», - деп демеу білдірді. Жазушы түсті болашақты болжау, жазықсыз марқұмдардың тынышталуын білдіру мақсатында пайдаланған. Алайда, содан кейін ғана есін жиған Естайдың жүрегіндегі жан жарасы жазылмайтыны белгілі.

Жанар Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа» әңгімесінің оқиғасы неміс зергері Карл Фаберженің көрмесіндегі жұмыртқа төңірегінде өрбиді. Мұражайдағы гидтің айтуы бойынша зергердің алтынмен аптап, күміспен күптеп жасаған 71 жұмыртқасының 54 данасын орыс патшалары III Александра мен II Николайдың тұсында тапсырыспен жастаса, кейбіреулері із-түссіз жоғалған. Суреттері сақталған жоғалған жұмыртқалардың ішінде Айғанымның көзіне оттай шалынған – әжесінің сандығындағы «апамның көзі» деп отыратын әдемі ойыншық.

«Астында «II Николайдың анасына сыйлаған сары раушан гүлді жұмыртқа» деп жазылған жазуы да бар-тын. Бірде әжесінен ойыншықтар туралы сұрағанында: «Шырағым, менің кішкентай кезімде анам баласы екеуі ақ пташаның қабылдауында болған екен, содан осы жұмыртқаны «патшаның сыйлығы» деп алып келіп, маған берген. Көп ұзамай Кеңес үкіметі орнап, біз жер аударылып, әкем атылып кеткен кезде де бұл сыйлық қалтамда жүріп аман қалды. Кейіннен патша берген деген сөзден қорқып, ешкімге көрсеткен емеспін», - дейтін сөзінен көп сырды аңғаруға болады [3, 40-б.].

Мұрағатта қазақ зиялыларының Николай патшаға барғаны туралы дерек болғанмен, оның жұмыртқа сыйлағаны туралы ешқайда айтылмаған. Әжесінің хан тұқымынан екені сырт көзге байқалғанмен, өз аузынан әкелері туралы ештеңе естіген емес. Соған қарағанда, патша балаға оны ойыншық ретінде берген сыңайлы. Гидтің: «Бұл жұмыртқалардың бағасы өте қымбат, сондықтан оны иелену үшін талай адам қылмысқа барған», - деген сөзіне қарағанда, әжесінің сандығындағы жұмыртқа да аса қымбат екені белгілі.

«Қызымның айтқаны рас болып, ойыншықты қымбатқа сатсақ, ақшасын бес балама теңдей етіп бөліп беремін» деген арманына жете алмай кейуана өмірден өтті. Немересі Айғаным екеуінің алтын жұмыртқаны тыққан жерін ешкім білмейтін, бірақ анасының айтуы бойынша әкесі иттің үйшігінің астын қазып іздегенде ол жерден ештеңе табылмайды. Әкесі мен қызы құпия қазынаның қайда кеткенін білмей дағдарғанда, Айғаным өз анасы ұрлап, төркініне асырып жіберген болу керек деген болжам жасайды. Автор оқырманды адастыру мақсатында нағашысын күдікті етіп көрсетеді. Оқырман жақында ғана қара шаңырақты казиноға салып жіберген нағашысын ұрыға балап, Айғанымның жылай бергенін әжесін қимай жүр деп отырғанда оқиғаның шешімі басқаша өрбиді.

Әкесі: «- Қызым, құрып кеткен жұмыртқа үшін үшін өзіңді кінәлама. Оқуыңды оқы, әкенің малы балаға мал болмайды дейді ғой, өз еңбегіңмен тапқанға ештеңе жетпейді. Әрине, ол сен айтқандай көп ақша тұрса, талай жыртығымыз жамалып қалар еді, амал қанша?» [3, 44-б.], - деп әжесінің жетісін берген соң Айғанымды қаладағы оқуына шығарып салады. Жазушы «оқырманмен ойнау» әдісін пайдалануда қылмыскерді жасырын ұстаған.

Айғаным поезға жайғасқан бойда Русланның нөмерін тере бастады:

«- Алло, жаным, бәрі ойдағыдай өтті. Біз ойлағаннан да оңай болды. Ешкім менен күдіктенген жоқ, жұмыртқаны сата бер, біз миллионерміз, - деді ол. Ішінен; «Әкеңде болғанша, алғаныңда болсын» деп қазақ бекер айтпаған ғой, - деді күбірлеп» [3, 44-б.].

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

7. Pertanika J. Ecocriticism 101: A Basic Introduction to Ecocriticism and Environmental Literature // Journal of Social Sciences & Humanities. – 2015. – Vol. 23. – P. 1-14. https://doi.org/10.1111/LIC3.12105
8. Ертаева Б.Б. Балалар әдебиетінде адамгершілік мәселелерінің көрініс табуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №2 (136). – Б. 167-177. https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.201
9. Төлтай Ф. Жаңа экологиялық мәдениет және қазақ әдебиеті. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiialyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605. (қаралған күні 10.12.2025)
10. Нұрғалиұлы Р. Аяқталмаған трагедия (полигон әңгімелері). [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/rymgali-nurgaliuly-aiaqtalmagan-tragediia-poligon-angimeleri__13962 (қаралған күні 10.12.2025)
11. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Abilkhaiyrov N., Sultangaliyeva R., Mekebayeva L. The nature and human ecology in modern Kazakh literature // Utopía y Praxis Latinoamericana. – 2019. – №24 (5). – P. 79-89.

12. Мусинова Г.С., Кожахметова Г.Б. Көркем прозадағы экология мәселесінің интеграциясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 136-148. https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.151
13. Жаңа экологиялық мәдениет және қазақ әдебиеті. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiialyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605 (қаралған күні 11.12.2025)
14. Казтаева А.К., Тоқшылықова Г.Б., Хуңшан А., Айбергенова А.Б. Қазақ прозасындағы экология мәселесі // Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. "Филология ғылымдары" сериясы. – 2025. – №2 (77). – Б. 566-580.
15. Ибраим Б. "SOS!" с того света: Сборник рассказов. – Алматы: Комек. 2000. – 16 с.
16. Ыбырайым Б. Алтын қалам 2024: шығармалар жинағы. – Алматы: Зиялы баспасы, 2025. – 304 б.
17. Saro-Wiwa K. Genocide in Nigeria. – London; Lagos; Port-Harcort: Saros International Publishers, 2000. – 105 p. [Electronic resource]. URL: https://warwick.ac.uk/fac/arts/english/currentstudents/postgraduate/masters/modules/resourcefictions/oil09/sarogennig.pdf (date of access 18.09.2025)
18. Udoinwang D.E. Protest Voice and Narrative of Ethno-nationality Identity: Ken Saro-Wiwa's Autobiography // AKSU Journal of English (AKSUJEL). – 2020. – №3(1). – P. 143-157.
19. Nixon R. Slow Violence and the Environmentalism of the Poor. – Cambridge, Massachusetts, and London, England: Harvard University Press, 2011. – 343 p.

REFERENCES

1. Uranium and Nuclear Power in Kazakhstan. [Electronic resource]. URL: https://world-nuclear.org/information-library/country-profiles/countries-g-n/kazakhstan (date of access 10.12.2025)
2. Glotfelty C., Fromm H. The Ecocriticism Reader: Landmarks in Literary Ecology. – Athens: University of Georgia Press, 1996. – 415 p.
3. Slovic S. Ecocriticism: Containing multitudes, practicing doctrine // In: L. Coupe (Ed.) The green studies reader: From romanticism to ecocriticism. – London: Routledge, 2000. – P. 160-161.
4. Buell L. The Environmental Imagination: Thoreau, Nature Writing, and the Formation of American Culture. – Cambridge, Massachusetts and London, England: Harvard University Press, 1995. – 586 p.
5. Suresh F. Contemporary Contemplation on Ecoliterature. – New Delhi: Author Press, 2012. – 280 p.
6. Neipir S. Volshebnye miry Khaiao Miadzaki [The Magical Worlds of Hayao Miyazaki by Susan Napier]. – Moskva: Izdatelstvo «Bombora», 2019. – 416 s. [in Russian]
7. Pertanika J. Ecocriticism 101: A Basic Introduction to Ecocriticism and Environmental Literature // Journal of Social Sciences & Humanities. – 2015. – Vol. 23. – P. 1-14. https://doi.org/10.1111/LIC3.12105
8. Ertaeva B.B. Balalar adebietinde adamgershilik maselelerinin korinis tabuy [Reflection of moral issues in children's literature] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2025. – №2 (136). – B. 167-177. URL: https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.201 [in Kazakh]
9. Toltai F. Zhana ekologialyq madeniet zhane qazaq adebieti [New ecological culture and Kazakh literature]. [Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiialyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605. (date of access 10.12.2025) [in Kazakh]
10. Nurgaliuly R. Aiaqtalmagan tragedia (poligon angimeleri) [Unfinished Tragedy (Polygon Stories)]. [Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/rymgali-nurgaliuly-aiaqtalmagan-tragediia-poligon-angimeleri__13962 (date of access 10.12.2025) [in Kazakh]
11. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Abilkhaiyrov N., Sultangaliyeva R., Mekebayeva L. The nature and human ecology in modern Kazakh literature // Utopía y Praxis Latinoamericana. – 2019. – №24 (5). – P. 79-89.
12. Musinova G.S., Kozhahmetova G.B. Korkem prozadagy ekologia maselesinin integraciasy [Integration of the issue of ecology in literary prose] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – B. 136-148. https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.151 [in Kazakh]
13. Zhana ekologialyq madeniet zhane qazaq adebieti [New ecological culture and Kazakh literature]. Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/zana-ekologiialyq-madeniet-zane-qazaq-adebieti__25605 (date of access 11.12.2025) [in Kazakh]

14. Kaztaeva A.K., Toqshylyqova G.B., Hunshan A., Aibergenova A.B. Qazaq prozasyndagy ekologia maselesi [Ecological problems in Kazakh prose] // Abylai han at. QazHQzhATU Habarshysy. "Filologia gylymdary" seriasy. – 2025. – №2 (77). – B. 566-580. [in Kazakh]
15. Ibraim B. "SOS!" s togo sveta: Sbornik rasskazov ["SOS!" since then: Collection of short stories]. – Almaty: Komek. 2000. – 16 s. [in Russian]
16. Ybyraiym B. Altyn qalam 2024: shygarmalar zhinagy [Golden Pen 2024: collection of works]. – Almaty: Zialy baspasy, 2025. – 304 b. [in Kazakh]
17. Saro-Wiwa K. Genocide in Nigeria. – London; Lagos; Port-Harcort: Saros International Publishers, 2000. – 105 p. [Electronic resource]. URL: https://warwick.ac.uk/fac/arts/english/currentstudents/postgraduate/masters/modules/resourcefictions/oil09/sarogennig.pdf (date of access 18.09.2025)
18. Udoinwang D.E. Protest Voice and Narrative of Ethno-nationality Identity: Ken Saro-Wiwa's Autobiography // AKSU Journal of English (AKSUJEL). – 2020. – №3(1). – P. 143-157.
19. Nixon R. Slow Violence and the Environmentalism of the Poor. – Cambridge, Massachusetts, and London, England: Harvard University Press, 2011. – 343 p.

Problems of Ecocriticism in the Kazakh Literature: Based on the Stories of Beken Ibraim "Uranium Mine" and "SOS Sign"

Abstract. This article analyzes Beken Ibrahim's short stories "Uranium Mine" and "SOS Sign" from an ecocritical perspective. The study examines the relationship between humans and nature, environmental disasters, and literary depictions of resource extraction in these works, using theories by leading global ecocritics such as Buell, Garrard, and Nixon. The study aims to define the object of study and the research questions in ecocriticism, analyze Kazakhstan's environmental problems from an ecocritical perspective, and compare them with global environmental issues. The article uses the concept of "slow violence" and environmental justice theory as its primary analytical tools. Within the framework of comparative ecocriticism, Beken Ibrahim's stories are compared with the prose of Nigerian writer Ken Saro-Wiwa, which arose in opposition to Shell oil production, and with the environmental issues raised in Rob Nixon's work "Slow Violence and the Impact of the Poor on the Environment". The results of the study demonstrate that Beken Ibrahim's stories are in harmony with global environmental prose while maintaining a distinct connection to Kazakh national identity and the steppe environment. This article aims to make a theoretical contribution to the development of ecocritical research in Kazakh literature. It proposes examining future environmental themes from the perspective of Schneider-Meyerson's concept of empirical ecocriticism, that is, from the perspective of reader response and the influence of empirical ecocriticism on the formation of environmental consciousness.

Keywords: ecocriticism, Kazakh literature, Beken Ibrahim, uranium mining, environmental justice, slow violence, humans and nature.

Проблемы экокритики в казахской литературе: на материале рассказов Бекена Ибраима «Урановый рудник» и «Знак SOS»

Аннотация. В статье анализируются рассказы писателя Бекена Ибраима «Урановый рудник» и «Знак SOS» с точки зрения экокритики. Исследование рассматривает взаимоотношения человека и природы, экологическую катастрофу и литературное изображение добычи ресурсов в этих произведениях в рамках теорий ведущих мировых экокритиков, таких как Бьюэлл, Гаррард и Никсон. Цель исследования – определить объект и исследовательские вопросы экокритики, проанализировать экологические проблемы Казахстана с точки зрения экокритики и сравнить их с глобальными экологическими проблемами. В качестве основных аналитических инструментов в статье используются концепция «медленного насилия» и теория экологической справедливости. В направлении сравнительной экокритики рассказы Бекена Ибраима сравниваются с прозой нигерийского писателя Кена Саро-Вивы, возникшей в результате противостояния нефтедобыче Shell, и с экологическими проблемами, рассмотренными в книге Роба Никсона «Медленное насилие и влияние бедных на окружающую среду». Результаты исследования доказывают, что рассказы Бекена

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

Ибраима созвучны произведениям мировой экологической прозой и одновременно сохраняют особую связь с казахской национальной идентичностью и степной природой. Статья вносит теоретический вклад в развитие исследований экокритики в казахской литературе. Предлагается изучать будущие экологические темы с точки зрения концепции эмпирической экокритики Шнайдера-Мейерсона, то есть с точки зрения реакции читателя и влияния эмпирической экокритики на формирование экологического сознания.

Ключевые слова: экокритика, казахская литература, Бекен Ибраим, добыча урана, экологическая справедливость, медленное насилие, человек и природа.

Автор туралы мәлімет
Омарбекова Г.Ә. *– филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Назарбаев Университеті, e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz, Қазақстан, Астана қ.*

Information about the author
Omarbekova G.A. *– Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Nazarbayev University, e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz, Kazakhstan, Astana.*

Сведения об авторе
Омарбекова Г.А. *– кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Назарбаев Университет, e-mail:gulnara.omarbekova@nu.edu.kz, Казахстан, г. Астана.*

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

ӘОЖ 82-31; МҒТАР 17.82.31
https://doi.org/10.47526/3107-3085.349

Т. ҚАДЫЛ
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
e-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫ: КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жарық көрген, жаңаша бағытта жазылған, тың форма мен өзіндік стильдік сипатқа ие төрт жазушының романдары талданады. Сонымен қатар, бұл туындылардың көркемдік-стильдік ерекшеліктері мен жазушылардың шығармашылық шеберлігі айқындалады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – тәуелсіздік жылдарында жарық көріп, әдебиеттанушылар мен сыншылар тарапынан жаңашыл бағыттағы роман ретінде бағаланған, әдеби қауымға кеңінен танылған шығармалардың ішінен Мұхтар Мағауиннның «Жармақ», Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс», Дидар Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек», «Гүлдер мен кітаптар», «Шайыр мен шайтан» романдары және Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романдары қарастырылады. Талдау кезінде бұл жаушылардың стильдік ізденістері, дара қолтаңбасы нақты мысалдармен атап көрсетіледі. Әрі аталған шығармалардың қазіргі қазақ романының даму үдерісіне қосқан үлесі айқындалады.

Зерттеудің теориялық негізін нығайту мақсатында отандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдардың іргелі ғылыми тұжырымдары мен концепциялары басшылыққа алынды. Атап айтқанда, көркем мәтінді талдаудың заманауи бағыттары, роман жанрының эволюциясы, авторлық стиль мен поэтикалық жүйе мәселелеріне қатысты теориялық пайымдаулар зерттеу жұмысының әдіснамалық арқауын құрайды. Бұл ғылыми ұстанымдар қарастырылып отырған шығармалардың көркемдік табиғатын тереңірек тануға және оларды әдеби үдеріс контексінде бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында ғылыми мақалаларға тән саралау, жинақтау, жүйелеу және синтездік талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Саралау әдісі арқылы әрбір туындының мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері айқындалса, жинақтау мен жүйелеу тәсілдері негізінде ортақ белгілер мен дара сипаттар топтастырылды. Ал синтездік талдау зерттеу нысандарын тұтас қарастырып, олардың өзара байланысы мен әдеби даму үдерісіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: тәуелсіздік жылдары, қазақ романдары, жаңаша бағыт, стильдік сипат, көркемдік ерекшелік, соны ізденістер.

Кіріспе

Әдебиет – халық идеясының, қоғамдық құбылыстың туындысы. Дәуір алмасып, заман жаңаланған сайын әдебиеттің де алға қойған мақсаттары өзгеріп, міндеттері көлемденіп

**** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Қадыл Т. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романдары: көркемдік-стильдік ізденістер // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б.195-210. https://doi.org/10.47526/3107-3085.349
****Cite us correctly:***
Qadyl T. Tauelsizdik zhyldaryndagy qazaq romandary: korkemdik-stildik izdenister [Kazakh Novels in the Years of Independence: Artistic and Stylistic Investigations] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – B. 195-210. https://doi.org/10.47526/3107-3085.349
Мақаланың редакцияға түскен күні 25.06.2025 / жарияланған күні 30.06.2026

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

кеңейе түседі. Көркем әдебиетте қазақ тарихын тереңнен қаузаған тарихи романдармен қатар жалпыадамдық құндылықтарды тақырып еткен реалистік сипаттағы шығармалар үздіксіз жазылып келеді. Адам және табиғат экологиясы, бүгінгі заман шындығы, жаңа дәуір адамдарының мінезі, психологиясы, сондай-ақ, мәңгілік тақырып – махаббат, ұрпақ тәрбиесі мәселесі сияқты көптеген құндылықтар қазақ романдарының негізгі идеялық-тақырыптық арқауына айналды. Қазіргі қазақ романдары ұлттық сана-сезім, таным дүниесіндегі құндылықтарды көрсетумен бірге жаңа заман адамдарының мінез-психологиясын суреттей отырып, әлеуметтік-қоғамдық мәнді мәселелерді көтерді.

Бұл кездегі қазақ романдары идеялық ұстаным, формалық ізденіс жағынан ерекшеленетін жаңашыл көркемдік арналар қалыптастырды. Қазақ романы өткен тарихтағы оқиғаларды ғана арқау етіп қойған жоқ, бүгінгі күннің өзекті мәселелері мен шындығын көрсете отырып, жаңа дәуірдің көркем келбетін жасады. Бұл ізденістер қазақ романын идеялық, тақырыптық жағынан ғана емес, формалық, стильдік жағынан өзгеше болып отыр. Әсіресе көркем сөздегі еркіндік қазақ романының өрісін кеңейтіп, аяқалысын тездетті. Сөйтіп, замана рухына сай көптеген таңдаулы романдар өмірге келді. Бұл ретте Мұхтар Мағауинның «Жармақ», Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс», Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара», Рахымжан Отарбаевтың «Бас», Дидар Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек», «Шайыр мен шайтан», «Гүлдер мен кітаптар», Мәдина Омарованың «Ана ғұмыр», Әлішер Рахаттың «Параллель» (Parallel) секілді көптеген романдарды атауға болады. «Бұл романдар – әсіресе жазылу стилінің өзгешелігімен де қазіргі қазақ романының жаңашыл әдеби-көркем үрдістер қалыптастыра бастағандығын айғақтайды» [1, 83-б.].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың алға қойған мақсатын орындау үшін материал ретінде төрт жазушының – Мұхтар Мағауин, Таласбек Әсемқұлов, Дидар Амантай, Айгүл Кемелбаева романдары таңдап алынды. Аталған бұл романдар әдебиет сыншылары тарапынан бейнелеу формасы жағынан тың жаңалыққа ие шығармалар ретінде бағаланды. Мысалы, Г. Бельгер «Жармақ» романы туралы бірер сөз» атты мақаласында былайша келтіреді: «Сонау бір жастықтың арайлы шағында бұл тұлға құйылған құрыштай сом, бүтін болатын: бір жүрек, бір жан, бір интеллект, яки мұрат-мүдде, ынта-жігер, өткен өмір, табиғи қалып, білімге құштарлық, мінез-құлық, махаббат, арман – бәрі біртұтас еді» [2, 71-б.]. Ал Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романы туралы Толымбек Әбдірайым: «Мұнара» интеллектуалды, таза реалистік шығарма», – деген пікір айтады «Бағы жанатын шығарма» атты мақаласында [3, 30-б.]. Бұл жазушылардың аталған романдары жарық көргеннен кейін оларды жан-жақты талдаған сын мақалалар көп жазылды.

Мақалада көтерілген тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістері қолданылды. Сондай-ақ «Жармақ», «Талтүс», «Тоты құс түсті көбелек», «Гүлдер мен кітаптар», «Мұнара» романдарын талдау барысында бұл романдар жайлы жарық көрген сын-пікірлерді ескере отырып, мақалада лайықты түрде пайдаланылды. Сонымен бірге мақаланың ғылыми негізін күшейту үшін қытай, орыс, ағылшын тілдеріндегі мақалаға қатысты болған теориялық тұжырымдар қазақшаға аударылып сілтеме алынды. Тақырыпқа тікелей қатысты материалдарды барынша молынан жинап, реттеу жүргізіп, сұрыптап контенттік және синтездік талдаулар жасалды. Ғылыми зерттеу еңбегінің стиліне тән болған талқылау, саралау, жүйелеу, дереккөздерге сүйеніп, талдау жасау секілді зерттеу әдістері пайдаланылды.

М. Мағауиннің «Жармақ» романы 2007 жылы Прага қаласында алғаш рет жарық көрді. Кейіннен шығарма Қазақстанда қайта басылып, әдеби ортада кеңінен талқыланып, қаламгердің шығармашылық эволюциясындағы тың құбылыс ретінде бағаланды. Әдебиеттанушылар тарапынан роман постмодернистік сипаттағы, құрылымы мен баяндау тәсілі өзгеше туынды ретінде танылды. Шамамен 200 бет көлеміндегі бұл шығармада реалистік бейнелеу мен фантастикалық элементтер өзара астасып, күрделі көркемдік жүйе

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

түзеді. Автор дәстүрлі баяндаудан гөрі, кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлап, психологиялық талдау мен философиялық пайымдауға басымдық береді. Романның негізгі идеялық желісі бас кейіпкердің санасында жүретін ой ағыны арқылы өрбіп, адам болмысының екіұдай табиғатын, рухани дағдарыс пен тұлғалық жіктелу мәселесін алға тартады.

Романның басты кейіпкері – Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков және оның жармағы Марат Бейсенұлы Қазыбеков. Романның өн бойы қиял мен мистикаға толы болғанымен, материалы – арқауы шынайы өмірден алынған. Шын өмірде адамдар қақ жарылып, бүтіннің бөлшегіне айналып жатпаса да, әр адам өз ішінде ұдайы екі ойдың жетегінде жүретіні, әр кезде екі жолдың жолайрығында тұратыны айтпаса да жалпыға түсінікті шындық. Романдағы екіге жарылған бір адамның екі беті екі кейіпкер болып суреттеледі. Бірі руханият жоқшысы болса, келесі жармағы материалдық дүниенің иесі. Бұл, әрине, ескі қоғам мен жаңа қоғамның тайталасы, ақша мен дүние-мүліктің құлына айналған және ілім, ғылымның соңына түскен жанның қос тағдыры.

Қазіргі қазақ әдебиетінде өзгеше стильдегі жазушы, модернист ретінде танылып, бағаланып жүрген жазушының бірі – Дидар Амантай. Бұл мақаламызда оның әдеби сында көп талқыға салынып бағаланған «Тоты құс түсті көбелек», «Гүлдер мен кітаптар» романдары талданады. «Гүлдер мен кітаптар» романы көлемі шағын, бірақ «конструкциясы өте дамыған – бірнеше идеяны қат-қабат алып жүретін шығарма». Роман сюжеті орталық кейіпкер Әлішер есімді жазушы жігітке қатысты оқиғаларға құрылады. Шығармада негізгі оқиғаға қосақтала таратылатын екінші желідегі суреттеулер – Әлішерге қатысты бүгінгі күн суреттері мен ерте замандардағы түркілердің көне тарихын қозғайтын өткен күн оқиғалары кезектесе дамиды. «Тоты құс түсті көбелек» романы стилі, формасы жағынан ұқсастау. Бұл туындылары оның дара жазу мәнерін, қолтаңбасын анық айқындап береді.

Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романы автордың күй тарихы, қазақ дәстүрлі өнерлері және оның Кеңес заманындағы бағалану жайы айтылады. Әрі романда жазушының ұлт рухы, дүниетанымы туралы көзқарастары да баса көрнектіленеді. Роман жанрлық жағынан ғұмырнамалық туындыға жатады. Романдағы бас кейіпкер Әжігерей – автордың өзі. Күй өнерінің құдыреті, қазақтың қаймағы бұзылмаған байырғы салты, болмыс-бітімі, өнерге деген айрықша ықылас-пейілі, далалық дүниетанымы – бәрі-бәрі көркем шығармаға арқау болады.

Ал Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романы да қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңаша бағыттағы таңдаулы туындылар қатарында бағаланады. Әдебеттанушы, сыншы Толымбек Әбдірайым бұл романның көтерген идеясын талдай келіп: «Мұнара – интеллектуалды, таза реалистік шығарма», – деп жазады «Бағы жанатын шығарма» атты мақаласында. Сыншылар мен оқырман жұртшылықтың жақсы бағасын алып, жұрт назарын аударған бұл романды бізде зерттеу мақаламыздың материалы ретінде алып қарастырдық.

Бұл материалдарды жүйелеу нәтижесінде жазушы шығармаларындағы көркемдік әлемнің өзіндік сипаты мен постмодернистік үрдістердің көрінісі жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыдан сараланды. Сонымен қатар постмодернизм теориясына қатысты тұжырымдарды нақтылау барысында шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері де назарға алынды. Зерттеу жұмысы барысында мәтінді талдау, жүйелеу және салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Сондай-ақ психологиялық талдау, салыстырмалы-тарихи және герменевтикалық тәсілдер негізінде шығармалардың мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері тереңнен зерделенді. Осы әдістемелік негіздер қаламгер шығармашылығындағы көркемдік ойлау жүйесін, стильдік ізденістерін және постмодернистік сипаттағы ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан айқындауға мүмкіндік берді.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінгі қазақ прозасында жаңаша көркемдік-стильдік даралығы айқын шығармалардың алдыңғы қатарында Мұхтар Мағауинның «Жармақ» романы аталып, бағаланып жүр. Роман

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

қоғамдық-әлеуметтік маңыздылығымен, көркемдік қуатымен «қазіргі қазақ прозасындағы жаңа стиль, соны құбылыс» ретінде талданып, әдебиетші қауымның жоғары бағасына ие болды. Аталған роман туралы профессор Құныпия Алпысбаев: «Классик жазушының бұл шығармасы – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жарық көрген қазақ романдарының ішіндегі болмысы бөлекше туынды. Автор қоғам мен адам баласына тиесілі мәңгілік проблемаларды өзгеше сипатта берген», – деп жазса [1, 124-б.], әдебиеттанушы-ғалым, профессор Нұрдәулет Бәбиханұлы Ақышев: «Аталған шығарма жазушының ‹Мен› атты мемуарлық роман-эссесімен идеялық тұрғыдан да, өмірбаяндық-шығармашылық тұрғыдан да астарлас, үндес. Мұндағы ерекшеліктің пішіндік өзгешелікте екендігі ә дегеннен-ақ көрінеді. Реалистік әдістерді жоққа шығаруды ниет етпей-ақ, қаламгердің ұстанатын негізгі бір тәсілі – постмодернистік бағдар», – дейді [4, 352-б.]. Зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне қарағанда «Жармақ» романы прозадағы жаңаша стильдік ізденістің бағытын айқындайтын бірегей туындылардың қатарында тұратыны байқалады.

Жазушы М. Мағауин аталған романын Иман Қазақбайдың жеке мұрағатынан табылған туынды дей отырып, тұтас туындыға «авторлық құқығын» бөгде тұлғаға телиді. Мұндай өз шығармасын өзгеге телу жолымен келетін әдісті Әкім Тазари «Жаза» атты романында қолданған. Әкім Тарази өз романын жапон жазушысының өзіне біржола берген қолжазбасы деп бастаса, М. Мағауин тұғырлы тұлға Иман Қазақбайдың тарихи зерттеуіне қатысты келелі еңбегі деп атайды. Мұндай заманауи прозаға тән формалық тәсілдер қазақ әдебиетінде әлі кездеспеген соны соқпақ болғандықтан да, тың құбылыс ретінде бағаланып келеді. Шығармада қосарланған тұлға феномені арқылы жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның рухани ахуалы бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, роман тек көркем туынды ретінде ғана емес, сонымен қатар терең философиялық-әлеуметтік трактат деңгейінде қабылданады. Автор қолданған көркемдік тәсілдер мен құрылымдық жаңашылдықтар Мұхтар Мағауин шығармашылығының жаңа белесін айқындайды.

«Жармақ» романының оқиға желісіне 1960 жылдан 2000 жылға дейінгі Қазақстанда орын тепкен өмір шындығы негіз болған. Әрі «Жармақ» романында жазушының қазақ тарихын зерттеуге байланысты маңызды мәселелердің кедергіге ұшырап, қиянат табу барыстары сөз болады. Жазушы осы идеяларын тың форма, өзгеше жазу стилімен өрнектейді. Романның бас кейіпкері екіге жарылған Мұрат пен Марат. Бірбүтін тұлғаның екі беті, арман-мұраты бөлек екі адам, екі дүние болып қалыптасады. Мұрат – өмір бойы ұлт руханиятының жоқшысы болып, бүкіл өмірін тарихты зерттеуге арнаған ғалым. Ал оның жарты бөлшегі Марат – жаңа қазақ, заманның ыңғайына бағынып, іскерлігі арқасында тасы өрге домалап, бақ пен билікке қолы тең жеткен адам. Екіге жарылған тұлғаның бірінші жартысы бүгінгі заманның ғалымы әрі арқаржалақ күн кешкен жарлысы. Екінші жартысы билік жағалап, қара басының жағдайын жасаған кәсіпкер, мол дәулет иесі. Бұл екеуі әуелде бір жолмен жүрсе де кейін келе екі арман, екі бағытпен кеткен екі түрлі адамға айналады.

Роман – қазіргі қазақ қоғамындағы бай мен кедейдің, рухани құндылық пен материалдық игіліктің, халық пен биліктің арасы алшақтап, екіге жарылып кеткен тұрғысын суреттейді. Шығарма сюжеті 1-ші жақпен, яғни бас кейіпкер Мұраттың әңгімесі түрінде баяндалады. Көркем әдебиетке қажетті, алайда белгілі мөлшерде негізі бар шарттылыққа құрылған роман сюжетінде фольклорлық мотив жүйесі ұтымды қолданылған. Романның бас кейіпкерінің бастан кешкен оқиғалары ертегілердегі қиял-ғажайыптық сарын үлгісінде беріледі. Соған орай шығармада көрініс табатын өмір шындығы қаламгердің қиялдан қосу тәсілі арқылы өріліп отырады. Сюжет құрудың, образ жасаудың қалыптасқан үлгісі тұрғысынан келгенде, Мұрат пен Марат түсінік-пайымы, арман-мүддесі, іс-әрекеті жағынан бір-біріне қарама-қайшы екі тұлға ретінде суреттелмеуі керек еді. Бір қоғамда бір елде туып өсіп, бір ортада бірге оқып ұқсас білім алған екі адам арасындағы мүлдем ұқсамайтын алшақ мінездер психологиялық тартыспен беріледі. Автор бір бүтіннің екіге жарылуы арқылы қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың шындығын өзгеше пішін, тың тәсілмен бітімі бөлек

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

туындыға айналдырады. Шынында, бұл роман – нағыз психологиялық прозаның көрінісі. «Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық рух, заман тынысы мен адам болмысы арасындағы үйлесімді байланысты бейнелеу» [5, 15-б.] арқылы қазақ романының көкжиегін кеңейтеді.

Роман сюжеті екіге жарылып, екі бөлек өмір сүріп жатқан бір адамның керағар көзқарастары арқылы үлкен қоғамдық мәселелерді көтереді. Баяндаушы бас кейіпкер Мұрат пен оның екінші сыңары Мараттың өмірі, таным дүниесінің мүлде басқа, қарама-қайшылықты болып келгендігі еді. Мұрат халықтың рухани ұпайын түгендеу үшін күрессе, оның сыңары Марат жеке басының бағы үшін күресетін тобырлық деңгейдегі жан ретінде көрінеді. Таза пенделік мақсат-мұраттың соңына еріп, одан бөлініп шыққан Марат сырттай толымды тұлға көрінгенімен, ол бар болғаны есепшіл санамен күн көретін жартыкеш жан. Байлыққа кенелген бизнесмен Марат Бейсенұлы өз сыңары Мұратты «бұдан отыз жыл бұрын жұртта қалған жарамсыз жартым» деп есептейді. Оның санасында дүниенің барлық кілті тек ақшада, ақшамен шешілмейтін мәселе жоқ деп түсінеді. Атақ-даңқ барлығын ақшамен сатып аламын деп ойлайды. Ол өзінің атын шығару үшін әуелгі сыңары Мұратқа көп ақша төлеп, ежелгі қыпшақ ұлысы туралы кітап жаздырып, оны өз атынан шығарғысы келеді. Өйткені байлығы тасыған жаңа қазақ, сенатор Марат Бейсенұлының бұған мүмкіндігі молынан жетеді. Мансапты, бай, қайраткер ендігі кезекте ғалым атанбақшы. Оның таным деңгейін көрсететін мына бір эпизодқа назар салайық: «Дүниенің тағдырын адамгершілік қағидалары емес, ақшалы әмиян билейді. Бар тіршілік – ақша үшін. Бүкіл адамзат тарихы – ақша, яғни заттық игілік жолындағы күрес тарихы. Рухани қажеттілік, идеялық мұрат дегеннің бәрі бос сөз. Асып кеткенде, ақшаға жету тарабындағы әдепкі қару ғана» [6, 51-б.]. Өмірі билік пен ақшаның жолында өткен кәсіпкер, саясаткер Марат елдің егемендігін де өзі сияқты жеке адамдардың заттық игілігі үшін деп есептейді. Бір адамның санасында өріс алған екі түрлі психологияның өзара тартысы арқылы қоғам тынысы, оның адам санасына әсері деген мәселелер шығармада өзіндік орайменкөрініс тауып жатады.

Жазушы Мараттың образы арқылы бүгінгі қазақ қоғамындағы орын теуіп отырған келеңсіз жағдайларды сынайды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі он жылға жетпейтін уақыттың өзінде мемлекеттің байлығы мен мүддесін жеке бастың қажеттіліктеріне айырбастап жіберген қоғам өкілдерін ашық әшкерелейді. Романда бас кейіпкер Мұратты қатты толғандыратын, күйіндіретін жағдайлар – елдің тәуелсіздік алған кезінде де көптеген адамдардың пиғылының жамандыққа өзгеруі, ақшаны бәрінен жоғары қоюы, жаппай етек алған жемқорлық, ұлттық құндылықтарға деген немқұрайлық сияқты сан алуан мәселелердің өршуі халықтың тұрмысын тұралатып, рухани жақтан азғындауын келтіріп шығарады. Роман міне осындай қоғамдағы ділгір мәселелерді көтере отырып, елдің болашағы, мемлекет тағдыры жайында ой айтады.

Романдағы қос кейіпкердің әрекеті бір танымның екіге жарылуы. Мұрат – ойға, Марат – әрекетке бейім. Марат орайлы сәттердің қапысын тауып, билік пен байлыққа батудың ғана әрекетін жасайды. Ал Мұрат өмірін халқының рухани байлығын түгендеуге арнап, әдебиет пен өнер жолында қызмет етеді. Алайда нарықтық заман, қоғамдық жүйенің жағдайы оны мәжбүрлеп, өзі жан-тәнімен қарсы болған әрекетті атқарады, мол сый-сияпат алады, өмірдің қызығын көреді. Сөйтіп, өзінің ықтиярынсыз осы жағдаяттардың тұтқынына айналады. Яғни адам ретінде бүтін емес, жарым, жармақ. Ендеше, танымдағы құбылыстар да жартыкеш. Сол себепті де Мұрат ылғи да өзінің елесінен құтыла алмай жүреді. Осы жағдайдан құтылғысы келсе де, екінші жарымынсыз ешнәрсе шықпайды. Бағыныштытаныммен өмір сүреді. «Кейіпкердің кешкен тағдыры мен оның таным дүниесі айналып келгенде жеке адамдардың басындағы жағдай ғана емес, бүкіл қоғамды меңдеген ауыр дерт» [7, 356-371-бб.].

Жазылмай келе жатқан жасырын жара. Жазушы кейіпкерлер образы арқылы осындай терең мәні бар шындықтардың бетін ашады. Роман кейіпкері Мұрат өмір бойы өзді-өзімен алысып, өзіне қарсы болып өтеді. Өзім дегені өзі емес екен. Сонда бұл өмір сүру қалай аталады? Ол жайлап өзінің екінші жарымының айтқанына көнеді. Көп пенде атаулы аттап

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

өтпейтін тұрмыстық жайлылыққа көнеді, үйренеді. Тапсырыс орындаушыға айналады. «Міне, дәл осы кезде, өзімнің біреу емес, екеу екенімді өз көзіммен көрген едім. Әрі-сәрі, бей-берекет күн туды. Сансыраған, абдыраған, адам сенгісіз жағдай еді. Бірақ күмәнсіз ақиқат. Қаласаң да, қаламасаң да мойындауға, қабылдауға тиіссің. Әйткенмен, өзгеше ахуалдың мән-мағынасын анықтау керек еді. Қанша дағдарсам да, ақыл-есім орнында сияқты, енді ойланбасқа болмады. Қалай, неге, қайда, яғни, қалайша ғана екіге жарылдым, енді не болмақ?» [6, 78-б.]. Сөйтіп, бас кейіпкер Мұрат өзінің нақты болмысын жоғалтады. Қоғамдық жағдай, тұрмыстық кіріптарлық оны қалталы мықтылардың ыңғайына көнуге, олардың тапсырысын орындауға мәжбүр етті. Міне бұл Қазақстан тәуелсіздік алған бірнеше он жылдықтар аралығындағы қоғамдық жағдайдың шындығы екенін жазушы кейіпкер Мұраттың өмірі арқылы ашып береді.

Қысқасы, Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы – қазақ әдебиеті үдерісіндегі жаңа әрі соны көркем туынды. Бүгінгі көркемдік-шығармашылық тәсіл тұрғысынан қарағанда философиялық, психологиялық реализм фантастикамен, қиялмен, түс көрумен, мифпен ұштасқан. Әлемдік әдебиеттегі осынау постмодернистік бағытта жазылған Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы қазақ әдебиетіндегі соңғы жылдар ішінде дүниеге келген біртұтас көркем туындылардың ішіндегі алғашқы қарлығашы деуімізге болады.

Дәстүрлі әдебиеттің үлгісімен жазылса да, қамтыған идеялық астары, көркемдігі жағынан оқырманның айрықша ықыласына бөленген шығарманың бірі – Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романы. Роман оқиғасы былай қарағанда, бас кейіпкер Әжігерейдің кешкен күндерін баяндайтын ғұмырбаяндық роман болып сезіледі. Романның негізгі идеялық арқауы болған Әжігерей өмірі, есейіп толысуы реалистік сипатта желі бойынша біртіндеп дамиды. Роман оқиғасы бастан-аяқ Әжігерейдің қатысуымен, соның басынан кешкен жайлар болғандықтан да, оқырманға жеке адамның өмірінен терең сыр шертетін шығарма ретінде әсер қалдырады. Шын мәнінде, бұл жай ғана жеке адамның өмірін баян ететін роман емес, онда күйшілік, ұсталық, зергерлік сияқты этнографиялық дәстүрлі өнердің қыр-сырынан сыр ақтарады. Романға өзек болған ұлттық өнерге қатысты оқиғалар айрықша әсерлі. Сонымен бірге жазушы өз басынан кешкен, өзі куә болған оқиғалар мен қазақ өнері жайындағы ойларын жекелеген образдардың басына жинақтап, көркемдік сараптаудан өткізе отырып суреттейді. Әрі жазушының «әрбір деталдарға символдық мән, әр сөйлемге мағыналық салмақ» [8, 63-б.] артып отырғаны аңғарылады. Роман ұлттық өнердің жоқшылары, мұрагерлері жайында әңгімелей отырып, бүгінгі қазақ халқы жасап отырған қоғамның шындығын жайып салып отырады. Бұл жағынан келгенде, «Талтүс» – полифониялық (көпүнділік) сипатқа ие.

Жазушы Т. Әсемқұлов Әжігерейдің көркем тұлғасы мен оның айналасындағы өнер мұрагерлерінің жинақталған бейнесін жасай отырып, қазақ халқының өмірімен біте қайнасқан күйшілік өнердің құдыретін танытуға құлшынады. Әсіресе романда бір мезгіл жоқтаусыз қалып бара жатқан ұлттың рухани қазыналарына қайта іздеу салып, соның жоқтаушысы, сақтаушысы болған Әжігерейдей өнерпаз ұлдың соқтықпалы тағдыры баяндалады. «Шын өнер сорға бітеді» дейді жазушы романында. Өнер жолына қадам қойған жас өскін Әжігерейдің балалық өмірі шу дегеннен-ақ қияға тартып, қиындықпен басталады. Романның алғашқы бөлімдерінде бала Әжігерейдің өгей шешеден қағажу көріп, қиналған сәттері, ана мейірін аңсаған балалық ынтызар көңілі суреттеледі. Өгей апасы Күлбағиланың өзін үнемі жоқтан сылтау тауып, ұрып-соққан қылығын қатты жек көрді. Мейірімге мұқтаж бала көңілі қатыгез, суық қабақтан әбден көңілі қалады. Бір жолы атасы Әжігерейді ұрғандығы үшін апасын үйден қуып жібереді. Араға жасы жүзге келген қарияны салып, атасынан кешірім өтініп, үйге қайтып оралды. Алғашқы мезетте, апасының өзіне мейірім төге қарауының астарында жатқан бір өткіншілікті, жалғандықты түйсінеді. Осыны сезіп үлгергенше, ыза мен өштікке толы суық жүзге жолығады. «Әжігерей хош иісті қою күрең шәйді рахаттана ішіп, табақтағы еттен қарбыта жеді. Терезеден төгілген күннің нұрына

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

қарап, болашақтағы тату-тәтті, бақытты өмірді ойлап қиялдады. Кенет бөлмеде өзінің жалғыз емес екенін сезді. Ақырын артына бұрылып қараған. Апасы екен. Тісі ақсиып кеткен. Қарғыс айтып тұрған сияқты. Көзіне көзі түскенде, көзінен ғана емес, бүкіл әлпетінен төгілген өштік пен жиреніште көргенде бойын билеген қуаныш лезде жоқ болды. Жүрегі үзіліп түскендей, ішін баяғы өзіне таныс үрей бүріп ала жөнелді. Кесені қолына алып көзден аққан жас пен ащы шәйді араластырып жұта берді» [9, 24-б.]. Жазушы баланың ішкі жандүниесіндегі қайшылық пен тартысқа толы күйді психологиялық суреттеумен жеткізеді. Роман кейіпкерлері бәрі дерлік өнердің адамы. Бәрі де жандүниесі күрделі, өзгеше тосын, бөлек мінезбен танылады. Сабыт қарттың жары Күлбағиланың Әжігерейге көрсеткен қатал мінезінен жағымсыз, жиіркеніште бейнені көргенімізбен, шын мәнінде Күлбағила образына көп астарлы мән жасырылған. Оның қасіретке толы қиын тағдыры туралы романда айтылған. Оның Әжігерейге деген пиғыл, көзқарасынан заманға, қоғамға деген өшпенділігі аңғарылады. Романда Күлбағила образы жай ғана отбасы әйелі ретінде ғана көрініс бергенімен, іс жүзінде үлкен идеялық жүк арқалаған кейіпкер. Романдағы қатыгез бейне көркем шығарманың өзекті мақсатына қарай типтестіріліп жинақталған. Оның бұл бейнесі өнер жолына түскен тағдырлы тұлғаның өмірі үшін маңызды рөл атқарған. Тек Күлбағиланың бейнесі ғана емес, романдағы әрбір кейіпкер идеялық жүк арқалап тұрғаны анық. Әрі бұл жинақталған кейіпкерлер романның негізгі идеялық мақсатын көрнектілендіре түсу үшін бас кейіпкердің тұлғасын айқындауға шарт әзірлейді.

Әжігерейдің көркем бейнесі атасы Сабытсыз танылмайды. Оны өнерге баулып адам қылған, жарқын бетін ашқан адам – сол атасы Сабыт қарт. Әрі романдағы өзгеше образға ие тұлғаның бірі. Сабыт – Әжігерейдің тағдырын өзгеше жолға салған, шын өнердің құдіретін таныта білген жан. Ол өнер жолының қиямет ауыр салмағын сезе отырып, жиен немересін мақсатты түрде осы жолға салады. Сабыт – өз заманының саңлағы, ұлттық өнердің сақтаушысы, дамытып жалғастырушысы. Бүкіл болмысы хас өнердің құдіретін әйгілеу үшін жаратылғандай. Киелі өнерді әспеттей білді, оны мұрагерсіз өзімен бірге өлтіру Сабыттай данагөй қарт үшін ауыр күнә сияқты сезілер еді. Оның өнер алдындағы орасан жауапкершілігі, асқақ мұрат жолындағы тәуекелді өмірі – Сабытты қатардағы қауымнан биіктетіп нұрлы бейнеге айналдырды. Сабыт қарт киелі өнерін кейінге қалдырып, болашаққа аманаттап кетсем деген асыл арманын орындады. Алайда оның көкірегіндегі ең үлкен қызылы – жиен немересі Әжігерейдің өмірін өз мақсаты жолында құрбан етуі еді. Оның өлер шағында бар шындығын жайып салып, Әжігерейден кешірім сұрауы осыны аңғартады. Атасы Әжігерейді оңаша шақырып алып: «Ақылың бар ғой, түсінерсің. Сені анаңның емшегінен айырып бауырыма басқанда, өнерімді ғана ойлап едім. Күн төбеден ауды, ешкім мені іздеп келмеді. Өнерлі едің ғой деп елеп-ескерген ешкімді көре қойғам жоқ. Ойға қалдым. Жасым болса келді. Шәкірт жоқ. Өнерімді ұстап қалатын бір адам табылмады. Енді не істеймін. Жатсам-тұрсам ойлағаным осы қайғы. Ауылдың өнерлі-ау деген балаларын баулып көрдім. Ештеңе шықпады. Міне сені анаңнан тартқандай қылып алып келгенде, асылық айтты деме, мені құдайдың өзі жетелеген сияқты...» [9, 76-б.]. Міне бұдан Сабыттың ұлттық өнердің болашағы үшін жасаған жанкешті әрекетін танимыз.

Сабыт – биік рухтың, құдіретті өнердің иесі. Ол жас кезінде 25 жыл айдауда болып, Итжеккенге барып келеді. Романда осы эпизод Сабыт қарттың өз аузынан әңгімеленеді: «Ол кезде домбыра жоқ. Күйді ойша шертем, ауызбен шертем. Ауызбен шертіп, айдауда жүрген талай қазақтың көңіліне медет болдым. Өмірге деген құлшынысын арттырдым», – дейді [9, 146-б.]. «Жалпы саяси оқиғалар өнерді қанша тұмшаласа да, айдауға жіберсе де, домбырасыз қалдырса да, қазақтың рухы, жаны барда күй өнері өлмейді, мәңгі өлмек емес» деген үлкен символдық мәнді аңғартады.

Романның астары қалың, айтары мол. Онда негізгі желі күй өнері болғанымен, қазақтың этнографиялық әлемін, рухани келбетін танытатын көптеген символдық детальдар сығымдалып берілген. Романның құрылымы, идеялық арқауы шымыр, мүсінді. Тұтас роман

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

әлдеқандай тылсым құдіретке, жаныңды шым-шымдап сыздатар сағыныш пен мұңға толы күй тілімен берілген ойлы тұспалдар, өнердің кәрі тарландары толғаған шерлі әуендер, сосын елеусіз, мұрагерсіз қалып сарқылуға айналып бара жатқан ұлттық құндылықтар бәрі-бәрі романның идеялық арқауына айналған келелі тақырыптар екені анық. Романның кейіпкерлері түгел дерлік өнердің тарланбоздары, ұлттық өнердің алтындай асыл, ақық көзіне айналған саңлақтар. Олардың қасыреті – өнерлерінің жоқтаусыз өздерімен бірге өшіп бара жатқаны. «Шәкіртсіз – өнер тұл» деген. Романда қазақтың дәстүрлі өнерлерінің түрлі саяси науқан мен қоғамдық жағдайлардың салдарынан қараусыз қалып, ұмытылып, жоғалып бара жатқанын, қариялардың «өнерімді ұстар шәкіртім жоқ» деген сөзі арқылы аңғартады. Әсіресе қариялардың шерткен әңгімесінен талай шындықтың бетін ашып, шетін қайырады. Мәселен, «Бейсауат келіп, жүйрік шыққан» тоқсандағы күйші Сәруәрдің әңгімесінде астарланған көп шындық бар. «Бүгінгінің төресі домбыраның, ән мен күйдің не екенін біледі дейсің бе? Бір ақынның айтқаны бар «кедейден болды шоңдарым» деп. Төренің сиқы сол болғанда, сол төреге, сол ақ ордаға қарап салтын түзеген елдің жәйі не болмақ. Баяғыда домбыраны ат арытып іздеп келіп күй үйренуші еді... Нансаң, мені осы жасыма дейін бір адам іздеп келген жоқ. Шәкіртсіз өтіп бара жатырмын», – дейді Сәруәр қарт [9, 188-б.]. Бұл тек қарияның жеке басының мұңы емес, заманның қасіреті еді. Оны толғандырған ата дәстүр мен ұлттық өнердің қараусыз қалып, өшуге айналған тағдыры еді.

Әжігерей атасы Сабытты ғана емес, атасымен тұстас бірталай кісілерді ұстаз тұтты. Әжігерей өзінің туабітті зейінділігінің арқасында көптеген өнердің сырына қанықты. Атасы Әжігерейдің ерек сезімталдығын, басқалар құлағымен естігенді, бұның жүрегімен егіле тыңдай білетін алғырлығына іштей риза болып сүйінетін. Әжігерейдің есеюіне ілесіп күйдің жүрекке түсірер салмағы да ауырлай түсетін. Күйдің қамырықты үні Әжігерейдің жанын сыздатып, әлде бір түсініп жетпес тылсым әлемге бастай жөнелетіндей сезілетін. «Бүкіл дүние, бүкіл болмыс қамырықтың дәриясына батқандай қасіретке малшынып тұр» [10, 191-б.]. Осылай оның жүрегіне күй – қасірет, күй – қайғы болып құйылса, ендігі кезде ол күйден қасіретті ғана емес, қасіреттен де басқаша мәндерді сезіп жатады. Дәстүрлі өнердің кіл қоспасыз адал дәнін жүрегіне еккен шәкірт Әжігерей бүкіл өмірін атасының аманатын орындауға арнады. Оның тағдыры өнермен тұтасты. Атасының тапсыруы бойынша Ғазиз, Жұман күйшілерді іздеп тапты. Олардың тәлімімен өнерін жетілдіре түсті. Бұдан бұрын таппаған, ашпаған өнердегі тағы бір тың әлемге жол тартты. Сөйтіп күй оның тағдырына айналды.

«Талтүс» романы ұлттық өнердің рухын көтеріп, құдыретін әйгілеумен оқырманның жүрегінен жол таба алды «Халық рухы дәстүрлі өнермен, этнографиялық құндылықтармен жаңғырып, қуат табады» [11]. Бүгінде, «Талтүс» романы әдеби ортада өз бағасын алып та үлгерді. Мәселен, аталған роман туралы сыншы Ә. Бөпежанова: «Бұл роман бүгінгі қазақ әдебиетінде онша көп ашылмаған мәйекті тақырыпты арқау еткен, және өз үдесінен шыққан» [4, 46-б.], – деп жазса, З. Серікқалиев: «Ұлттық көркем сөз мәдениетінде шын мәнінде тың табыс болып қосылар әдемі туынды», – деп бағалайды [4, 83-б.]. Ал Қ.Т. Жанұзақова пен Б.Ғ. Қамбарова «Т. Әсемқұлов прозасындағы көркемдік-стильдік ізденістер» атты мақалада: «Т. Әсемқұлов шығармаларында оқиғаны белгілі бір ізбен баяндау кездесе бермейді. Өйткені, онда психоанализдің де белгілері кездеседі. Яғни, оқырман шығарманың басы мен аяғын өзі құрап алуы керек деген дүние жатыр. Психоанализ де, постмодернизм де оқырманға ерекше әсер қалдырады», – дейді [12, 83-б.]. Оқырманның ыстық ықыласына бөленген бұл роман «Қазіргі заманғы Қазақстан романы» атты әдеби сыйлыққа ие болумен қатар, 2018-ші жылы ағылшын, француз, испан, араб, орыс, қытай тілдеріне аударылып жарық көрді.

Жинақтап айтқанда, Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романы – қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен авторлық даралықтың айқын көрінісі болып саналатын туынды. «Жазушы бұл шығармасында дәстүрлі баяндау үлгісінен алшақтап, ұлттық дүниетаным мен

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

мифологиялық танымды заманауи әдеби тәсілдермен ұштастырады» [13, 112-б.]. Романда уақыт пен кеңістік шекарасы шартты сипат алып, кейіпкердің ішкі әлемі, рухани толғаныстары негізгі назарға алынады. Жазушының тың ізденісі әсіресе тілдік өрнек пен стильдік ерекшеліктен байқалады. Музыка, күй өнері, көшпелі мәдениет сарындары көркем мәтінмен астаса отырып, шығарманың поэтикалық қуатын арттырады. Жазушының баяндау мәнері баяу, терең, философиялық сипатқа ие болып, оқырманды сыртқы оқиғадан гөрі ішкі мазмұнды түйсінуге жетелейді. Т. Әсемқұловтың дара қолтаңбасы – ұлттық болмысты жаңа эстетикалық деңгейде таныта білуінде. «Талтүс» романы арқылы автор қазақ әдебиетінде рухани ізденіс пен көркемдік жаңашылдықтың үйлесімді үлгісін қалыптастырады.

Жаңа ғасырдағы қазақ прозасында өзіндік стилін ерте қалыптастырып үлгерген талантты қаламгерлердің бірі – Дидар Амантай. Оның «Тоты құс түсті көбелек», «Гүлдер мен кітаптар» атты шығармалары дәстүрлі әдеби үрдіспен толық қабыса бермейтін, формалық және мазмұндық тұрғыдан жаңашыл сипатымен ерекшеленеді. Аталған романдарда автор классикалық сюжет желісіне негізделген баяндаудан гөрі фрагментарлық құрылымға, еркін композицияға және ішкі монологқа басымдық береді. Жазушының көркемдік ізденісі мәтіннің құрылымынан ғана емес, тілдік қолданысынан да айқын аңғарылады. Оның прозасында философиялық ой-толғам, мәдени-әдеби реминисценциялар, интеллектуалдық ойын элементтері жиі ұшырасады. Бұл ерекшеліктер шығарманың мазмұнын күрделендіріп қана қоймай, оқырманнан да белсенді қабылдау мен терең пайымдауды талап етеді.

Дидар Амантай туындылары әдеби ортада біржақты қабылданған жоқ: бір тарап оны қазақ прозасына жаңа эстетикалық бағыт әкелген жаңашыл қаламгер ретінде бағаласа, екінші тарап шығармалардың күрделілігі мен дәстүрден алшақтығын сынға алды. Соған қарамастан, жазушының бұл еңбектері қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернистік үрдістің орнығуына ықпал еткен, көркемдік ойлау көкжиегін кеңейткен маңызды туындылар ретінде бағаланады. Д. Исабеков жазушы тіліндегі нормадан тыс ауытқуларды сынап, оны «Дәстүрлі әдебиетке тән қағидаларды бұзды»,– десе, көрнекті сыншы З. Серікқалиев «Д. Амантай диалогқа әбден ысылып қалған жазушы. Диалогтары арқылы астармен, емеурінмен көп нәрсені ұқтыра біледі» деп жазады «Құс қанатымен» атты мақаласында [4, 112-б.].

Д. Амантай әдебиетке өз жазу стилімен келген қаламгер. Шығармаларында айтар ойын көбінесе баяндаумен емес, диалогқа құрады. Кейіпкерлердің диалогтары арқылы қоғамдық өмірдегі түрлі мәселелерді аңдатып отырады. Жазушының кейіпкерлері дәстүрлі әдебиеттегі типтестірілген, жан-жақты кемелденген мінсіз тұлғалар емес. Қоғамның әр саласы, әр дәрежесіндегі алуан типтегі адамдарды шығармаларының кейіпкері етіп жазады. Жазушы Д. Амантай шығармаларында «көтерілген негізгі идеялық арқау – адам өміріне қажетті рухани құндылықтар» [14, 83-б.]. Сол құндылықтарды қорғап, дамытқанда ғана адамзат азғындықтан аман қалады. Келешек нұрлы болады дейтін идеяны әрбір шығармасында кейіпкерлердің диалогтары арқылы беріп отырады. Жазушы Д. Амантай шығармасында бір ғана желімен бір ғана идеяны ашуды мақсат етпейді. Бүгінгі адамдар жасап отырған қоғамның шынайы келбетін суреттей отырып, адамдардың бірте-бірте өзінің ең бағалы дүниелерінен ажырап бара жатқанын ескертеді.

Жазушы Д. Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек» романы көп қабатты идеяға құрылған. Роман оқиғасының басталу-аяқталуында жүйелік жоқ. Дегенмен романның әр тарауындағы оқиғалар бас кейіпкер Данай Байқуанышұлының қатысуымен баяндалып отырады. Әрі баяндаушы, яғни осы романның авторы ретінде көрініс береді. Бас кейіпкер Данай өзінің «Тоты құс түсті көбелек» атты роман жазып жатқанын айтады. Мұндай «Роман ішіндегі романның» болуы – постмодернистік әдебиетте кеңінен таралған үрдіс. Романдағы айтылар идея мен оқиғалар кафе, шарапхана, бокс залы сияқты орындарда өтеді. Жазушы кейіпкерлерінің айналысатын кәсіптерінің не екенін әңгіме арасында бүлк еткізіп атап өткені болмаса, кейіпкерлер мінезін жан-жақты таныстырып, суреттеп жатпайды. Романның әр

ISSN-p 3107-3077
ISSN-e 3107-3085

тарауында дерлік кейіпкерлердің диалогтары арқылы жазушылық, талант, кітап, рухани құндылықтар және қоғамда орын теуіп отырған толғақты мәселелер сөз болады: «Бұрын ақындарға тағдыр керек болатын. Қазір – ақша». «Баяғыда кітап құбылыс еді. Қазір – тауар». «Бүгінгі мәдениет – сауық мәдениеті» [15, 302-б.]. Жазушы кейіпкерлердің диалогтары арқылы рухани құндылықтардың елеусіз, қорғаусыз қалғанын, адамдардың тек заттық дүниені ғана мақсат тұтып өмір кешіп келе жатқанын сынайды. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында мемлекеттің экономикасы тығырыққа тіреліп, халық тұрмысы қиын жағдайда қалған кезеңде, әдебиет пен өнердің бір мезет кейінгі қатарға сырылып, қорғаусыз қалғаны шындық еді. Осындай жағдайда кейбір адамдар орайдан пайдаланып, жеке басының мүддесі жолында елдік мүддеге қатысты құндылықтарды, байлықтарды өз білгенінше ойрандағаны да айтылады. Жазушы романда бұл ойын кейіпкердің аузынан мынадай диалогпен береді: «Елдің атынан мемлекет дәулетін өзіне жекешелендірді. Ырыс – қолында, ырық – өзінде» [16, 50-б.].

Д. Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек» атты романының әр тарауында дерлік рухани құндылықтар: жазушылық, өнер адамдары жайлы баяндалады. Роман кейіпкерлері билік басындағы адамдар да, не болмаса шалқыған байлар да емес. Бәрі де өмірде кездесіп жүрген қарапайым жандар. Олардың жасаған ортасы, ой дүниесі арқылы жазушы қазіргі қоғамдағы адамдардың рухани жақтан жұтаңдап, азып бара жатқанын көрсетеді. Осы идеялық арқау жазушы Д. Амантайдың келесі романдарында да жалғасын табады. Оның «Гүлдер мен кітаптар» атты романы бейнелеу жағындағы өзгеше стиль, даралығымен танылады. Әрі аталған роман соңғы бірнеше жылда орыс, француз, түрік тілдерінде жарық көріп, шетел оқырмандарының да назарын аударды. Романның бас кейіпкері Әлішер талантты бола тұра қоғамнан өз орнын таппаған өнер адамдарының типтік өкілі. Өмірден түңілген Әлішер қолжазбасын өртеп, өзін-өзі өлтіреді. Өзі жасап отырған қоғамның жалғандығына, мағынасыздығына төзе алмайды. Жазушы әрбір қоғамдық мәселелерді Әлішердің көзқарасымен жеткізеді. Әлішер үшін гүлдер мен кітаптар ең үлкен құндылық саналатын. Әрине сонымен қоса бүкіл өмірін арнаған сүйікті кәсібі жазушылық еді. Бұрын бағалы саналған құндылықтар қоғамдық жағдайдың өзгеруімен қажетсіз дүниеге айналып, өзін ендігі жерде ешкімге керексіз адам сезінеді. Өмірден түңіліп қасыреттенеді. Кейіпкер Әлішер осы күнге дейін өзі шын сүйген кәсібі жазушылықтан пайда тауып, тірлігін оңдай алған жоқ. Ол өз-өзіне «мүмкін, кітап жазбау керек шығар. Бәрібір сіз одан шын бақыт, қалың дәулет, жақсы атақ, үлкен абырой, зор жұбаныш, адал көңіл таппайсыз», – деп іштей торығады [17, 72-б.].

